among Russians gradually led to the end of Catherine II’s policy of religious toleration and patronage of Islam in the Kazakh steppe in the 1860s-1870s. Having outrightly rejected any idea of the utility of Islam and the Tatars, Russian officials stressed the need to remove them from the steppe and embark upon the path of baptizing and Russifying the Kazakhs through the top-down administrative measures and missionary activities. Russian officials, orientalist and clergy constructed the hostile image of Islam and the Tatars, portraying them as vicious and vile foes of Russia and a serious hurdle to its civilizing mission in the steppe. Administrative reforms in the 1860s led to the removal of the Kazakhs from the jurisdiction of the OMSA and prohibition of the activities of Tatar and Central Asian Muslim missionaries in the steppe. Through the weakening of the influence of Islamic institutions and clergy as well as reducing the role of Islam and the Tatars, Russian colonial authorities sought to establish Russia’s political, cultural and religious domination in the steppe and beyond. For that purpose, Russian colonial authorities established the Kazakh Spiritual Mission and allowed Russian missionaries to spread the gospel among the Kazakhs with the intent to bring them to Orthodoxy. Yet ultimately the policy of religious conversion of the Kazakhs ended in failure. Studies attribute the failures of Russian Christian missionary activities in the steppe to a variety of factors, which ought to be explored in detail in future research.

Источники

АП РК — Архив Президента Республики Казахстан
ЦДНИ — Центр документации новейшей истории

Sources

AP RK — Archive of the president of the Republic of Kazakhstan
CDFCH — Center for documentation of contemporary history

Әдебиеттер

- Sailaubayeva, 2020 — Sailaubayeva N.Y. History of the «Kazak Tili» newspaper (1919–1928 yy.). Monograph. Almaty: TechSmith, 2020. 180 p. (In Eng.)
- Ақынжанов, — Ақынжанов М. «Семей таңы» – «Қазақ тілі» тұңғыш советтік қазақ баспасөзі. Естелік қолжазба. 1–11 п.
- Бекхожин, 1981 — Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1866–1958 жж.). Алматы: Мектеп, 1981. 79 б.
- Ертіс, 1964 — Ертіс. 1964. № 116. 25 қараша.
- Кашляк, 2008 — Кашляк В.Н. Печать Семипалатинска 1863–1963 гг. Семей, 2008. С. 40.
- Кенжебаев, 1962 — Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан. Алматы, 1962. 25 б.
- Қазақ тілі, 1921 — Қазақ тілі. 1921. 7 қараша. № 149.
- Қазақ тілі, 1923a — Қазақ тілі. 1923. 20 қараша. № 110.
- Қазақ тілі, 1923b — Қазақ тілі. 1923. 20 қараша. № 110.
- Қазақ тілі, 1924 — Қазақ тілі. 1924. 15 қараша. № 120.
- Қожакеев, 1991 — Қожакеев Т. Жыл құстары. Алматы: Қазақстан, 1991. 76 б.
- Қордабаев, — Қордабаев М. Қадірлі Кәйкен, сәлем саған. Естелік қолжазба. 3 п.
- Қордабаев, 1969a — Қордабаев М. Бірінші номер осылай шықты. 1969. Естелік қолжазба. 2 п.
- Қордабаев, 1969b — Қордабаев М. Бірінші номер осылай шықты. 1969. Естелік қолжазба. 2 п.
- Сыдықов, 2010 — Сыдықов Е. Алаш қаласының тарихы: зерттеу. Семей, 2010. 67 б.
- Тәбәрікұлы, 2002 — Тәбәрікұлы С. Қайран, Мәннан. Алматы: Қазақстан ФМО баспасы, 2002. 38 б.

References

- Akynzhanov, 1969 — Akynzhanov M. «Semei tany» – «Kazak tili» tunqysh sovettik kazak baspasozı [«Morning of Semei» – «Kazak tili» the first Soviet Kazakh newspaper]. 1969. Commemorative manuscript. P. 1–11. (In Kaz.).
- Bekhozhin, 1981 — Bekhozhin H. Kazak baspasozı tarihyunyn ocherki (1866–1958 zhzh) [Historical essay on the Kazakh press (1866–1958 yy.)]. Almaty: Mektep, 1981. 79 p. (In Kaz.).
- Ertis, 1964 — Ertis newspaper. 25 November 1964. No. 116. (In Kaz.).
- Kashlyak, 2008 — Kashlyak V.N. Pechat’ Semipalatinska 1863–1963 gg. [Press of Semipalatinsk 1863–1963]. Semipalatinsk, 2008. P. 40. (In Russ.).
- Kenzhebaev, Kozhakeev, 1962 — Kenzhebaev B., Kozhakeev T. Qazaq sovets baspasozı tarihyunyn [From the history of the Kazakh Soviet press]. Almaty, 1962. 25 p. (In Kaz.).
- Kordabaev, 1969a — Kordabaev M. Birinshi nomer osylai shykty [The first issue was published in this way]. 1969. Commemorative manuscript. 2 p. (In Kaz.).
- Kordabaev, 1969b — Kordabaev M. Birinshi nomer osylai shykty [The first issue was published in this way]. 1969. Commemorative manuscript. 2 p. (In Kaz.).

- Kordabaev, 1989 — Kordabaev M. Qadirli Kaiken, salem sagan [Dear Kaiken, greetings to you]. 1989. Commemorative manuscript. 3 p. (In Kaz.).
- Kozhakeev, 1991 — Kozhakeev T. Jyl qustary [Birds of the Year]. Almaty: Qazaqstan, 1991. 76 p. (In Kaz.).
- Qazaq tili, 1921 — Qazaq tili newspaper. 7 November 1921. No. 149. (In Kaz.).
- Qazaq tili, 1923a — Qazaq tili newspaper. 20 November 1923. No. 110. (In Kaz.).
- Qazaq tili, 1923b — Qazaq tili newspaper. 20 November 1923. No. 110. (In Kaz.).
- Qazaq tili, 1924 — Qazaq tili newspaper. 15 November 1924. No. 120. (In Kaz.).
- Sailaubayeva, 2020 — Sailaubayeva N.Y. History of the «Kazak Tili» Newspaper (1919–1928 yy.). Monograph. Almaty: TechSmith, 2020. 180 p.
- Sydykov, 2010 — Sydykov E.B. Alash qalasynyn tarihy [History of the city of Alash]. Semipalatinsk, 2010. 67 p. (In Kaz.).
- Tabarukuly, 2002 — Tabarukuly S. Qairan, Mannan [Alas, Mannan]. Almaty: Kazakhstan State Scientific Center Publishing House, 2002. 38 p. (In Kaz.).



Published in the Republic of Kazakhstan
Scientific Journal
“Central Asian courier”
Has been issued as a journal since 2025
ISSN 3105-241X.
Vol. 2. Is. 1, pp. 78-89, 2026
Journal homepage: <https://sjcacourier.com/>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.01.29
https://doi.org/10.64970/3105-241X_2026_2_1_78-89

TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF CULTURAL AND HISTORICAL TOURISM IN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN (2000–2023)

Gulnara Kapassova¹, Zhanar Sadvakassova², Aizhat Uryustyumova³

¹D. Serikbayev East Kazakhstan technical university
(Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Master of Archaeology and Ethnology
<https://orcid.org/0009-0008-1101-3997>. E-mail: GKapassova@edu.ektu.kz

²D. Serikbayev East Kazakhstan technical university
(Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Master of philosophy degree
<https://orcid.org/0009-0004-3621-8594>. E-mail: Zhsadvakasova@edu.ektu.kz

³D. Serikbayev East Kazakhstan technical university
(Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Senior Lecturer, Department of History of Kazakhstan and Socio-Political Disciplines
<https://orcid.org/0000-0002-7189-1053>. E-mail: auryustyumova@edu.ektu.kz

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2026

© Kapassova G., Sadvakassova Zh., Uryustyumova A., 2026

Abstract. The article examines the trends in the development of cultural and historical tourism in Kazakhstan and Kyrgyzstan for the period 2000–2023 from a comparative-analytical perspective. The study analyzes the formation of tourism policies in both countries, the inclusion of historical and cultural heritage sites in the tourism sector, infrastructure changes, and processes of integration into the international tourism market. The authors highlights the impact of cultural and historical tourism on preserving national identity and promoting regional development. The research findings can serve as a scientific and practical basis for improving cultural tourism development strategies.

Keywords: cultural and historical tourism, Kazakhstan, Kyrgyzstan, cultural heritage, tourism policy, development trends, comparative analysis

Acknowledgements. The authors express their gratitude to the editors of journal «Central Asian courier» for their assistance in preparing the article for publication, as well as to the anonymous reviewers for their attention to and interest in the study.

For citation: Kapassova G., Sadvakassova Zh., Uryustyumova A. Trends in the development of cultural and historical tourism in Kazakhstan and Kyrgyzstan (2000–2023) // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Vol. 2. No. 1. Pp. 78-89. (In Kaz.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_78-89

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ (2000–2023 ЖЖ.)

Гульнара Капасова¹, Жанар Садвакасова², Айзат Урюстюмова³

¹Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
(Өскемен, Қазақстан)
Археология және этнология магистрі
<https://orcid.org/0009-0008-1101-3997>. E-mail: GKapassova@edu.ektu.kz

²Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
(Өскемен, Қазақстан)
Философия магистрі
<https://orcid.org/0009-0004-3621-8594>. E-mail: Zhsadvakasova@edu.ektu.kz

³Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
(Өскемен, Қазақстан)
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы
<https://orcid.org/0000-0002-7189-1053>. E-mail: auryustyumova@edu.ektu.kz

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің 2000–2023 жылдар аралығындағы даму тенденциялары салыстырмалы-талдамалық тұрғыда қарастырылады. Зерттеуде екі елдегі туристік саясаттың қалыптасуы, тарихи-мәдени мұра нысандарының туристік айналымға енгізілуі, инфрақұрылымдық өзгерістер мен халықаралық туристік нарыққа интеграциялану үдерістері талданады. Авторлар мәдени-тарихи туризмнің ұлттық бірегейлікті сақтау мен аймақтық дамуға ықпалын айқындайды. Зерттеу нәтижелері мәдени туризмді дамыту стратегиясын жетілдіруге ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады.

Түйін сөздер: мәдени-тарихи туризм, Қазақстан, Қырғызстан, мәдени мұра, туризм саясаты, даму тенденциялары, салыстырмалы талдау

Алғыс. Авторлар мақала жариялануға дайындалған кезде көрсеткен көмегі үшін «Central Asian courier» журналының редакторына, сондай-ақ зерттеуге деген назарлары мен қызығушылықтары үшін анонимді рецензенттерге алғысын білдіреді.

Дәйексөз үшін: Капасова Г., Садвакасова Ж., Урюстюмова А. Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму тенденциялары (2000–2023 жж.) // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. 78-89 бб. (Қазақш.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_78-89

ТРЕНДЫ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ И КЫРГЫЗСТАНЕ (2000–2023 ГГ.)

Гульнара Капасова¹, Жанар Садвакасова², Айзат Урюстюмова³

¹Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева
(Усть-Каменогорск, Казахстан)
Магистр археологии и этнологии
<https://orcid.org/0009-0008-1101-3997>. E-mail: GKapassova@edu.ektu.kz

²Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева
(Усть-Каменогорск, Казахстан)
Магистр философии
<https://orcid.org/0009-0004-3621-8594>. E-mail: Zhsadvakasova@edu.ektu.kz

³Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева
(Усть-Каменогорск, Казахстан)

Старший преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-политических дисциплин
<https://orcid.org/0000-0002-7189-1053>. E-mail: auryustyumova@edu.ektu.kz

Аннотация. В статье рассматриваются тенденции развития культурно-исторического туризма в Казахстане и Кыргызстане за период 2000–2023 годов с позиции сравнительно-аналитического подхода. В исследовании анализируются формирование туристической политики в обеих странах, включение объектов историко-культурного наследия в туристический оборот, инфраструктурные изменения и процессы интеграции в международный туристический рынок. Авторы выявляют влияние культурно-исторического туризма на сохранение национальной идентичности и региональное развитие. Результаты исследования могут служить научно-практической основой для совершенствования стратегии развития культурного туризма.

Ключевые слова: культурно-исторический туризм, Казахстан, Кыргызстан, культурное наследие, туристическая политика, тенденции развития, сравнительный анализ.

Благодарность. Авторы выражают признательность редактору журнала «Central Asian courier» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Для цитирования: Капасова Г., Садвакасова Ж., Урюстюмова А. Тренды развития культурно-исторического туризма в Казахстане и Кыргызстане (2000–2023 гг.) // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. С. 78-89. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_78-89

Кіріспе. Жаһандану жағдайында мәдени-тарихи туризм тек рекреациялық қызметтің құралы болып қана қоймай, ұлттық мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени бірегейлікті нығайту және оны халықаралық деңгейде танытудың маңызды механизміне айналып отыр. Яғни, бүгінгі таңда туризм тек демалыс пен саяхат қана емес, сонымен қатар күшті әлеуметтік және мәдени феномен болып табылады (cspo.ru, 2025). Қазақстан мен Қырғызстан тарихи-мәдени мұраға бай мемлекеттер ретінде мәдени туризмді дамытуды стратегиялық басым бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Бұл елдерде тарихи қалалар, археологиялық кешендер, киелі жерлер және дәстүрлі мәдени құндылықтар туристік ресурстар ретінде кеңінен пайдаланылуда.

2000-жылдардан бастап екі елде де туризм саласын мемлекеттік деңгейде жүйелі дамытуға бағытталған бағдарламалар қабылданды. Қазақстанда «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» сияқты бағдарламалар тарихи-мәдени нысандарды жаңғыртуға және туристік айналымға енгізуге серпін берсе, Қырғызстанда 2025–2030 жылдарға арналған тұрақты туризмді дамыту бағдарламасы халықаралық стандарттар мен әлеуметтік-экономикалық тиімділікті ескере отырып, туризм инфрақұрылымын жетілдіру мен мәдени мұраны насихаттауға бағытталған. Осы бағдарламалар екі елде де мәдени-тарихи туризмнің дамуына жүйелі негіз қалыптастырады.

Сонымен қатар, Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризм әлеуметтік-экономикалық дамуға да оң әсерін тигізеді. Туризм аймақтық инфрақұрылымды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мәдени-тарихи туризм жергілікті қауымдастықтардың тарихи-мәдени санасын арттыруға, ұлттық бірегейлікті насихаттауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдау тұрғысынан қарағанда, екі елдің туризм стратегиялары мен даму динамикасы бір-бірінен ерекшеленеді. Қазақстанда инфрақұрылымдық даму мен ішкі туризмді ынталандыруға басымдық берілсе, Қырғызстанда ұлттық мұраға және халықаралық танымалдыққа көңіл бөлінеді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, мәдени-тарихи туризмнің даму тенденцияларын салыстырмалы зерттеу ғылыми-тәжірибелік маңызы жоғары болып, екі

елдің туризм саясатын жетілдіруге, тұрақты даму стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің 2000–2023 жылдар аралығындағы даму тенденцияларын салыстырмалы түрде талдау және оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және стратегиялық маңызын айқындау болып табылады.

Материалдар және әдістер. Зерттеу материалдары ретінде ресми құжаттар мен статистикалық есептер, отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері, тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық және аймақтық бағдарламалар мен ресми ақпараттар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар негізге алынды.

Мәдени туризм мәселелері Батыс және отандық зерттеушілер еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Ғалымдар мәдени туризмді ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны экономикалық айналымға енгізу және тұрақты даму факторы ретінде бағалайды. Қазақстан мен Қырғызстанға қатысты еңбектерде көбіне туристік әлеует, инфрақұрылым мәселелері және мемлекеттік саясат аспектілері басым. Алайда екі елді кешенді салыстырмалы тұрғыда қарастыратын зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдіс, контент-талдау, жүйелік талдау, статистикалық деректерді интерпретациялау және құрылымдық-функционалдық тәсілдер қолданылды.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері мәдени-тарихи туризмнің Қазақстан мен Қырғызстанда ұлттық мәдениетті сақтаудың және аймақтық дамуды ынталандырудың тиімді тетігіне айналғанын көрсетеді. Соңғы жылдары екі елде де мәдени-тарихи туризм қарқынды даму жолына түскенін байқауға болады. Дегенмен, туризм саласын одан әрі дамыту үшін маркетингтік стратегияларды күшейту, цифрлық технологияларды енгізу және кадр даярлау жүйесін жетілдіру қажеттілігі әлі де өзекті болып отыр.

Қазіргі тәуелсіз кезеңдегі екі елдің туризмін кеңестік кезеңдегі дамумен салыстырсақ, бірқатар ерекшеліктер айқын көрінеді. Қазіргі туризм көбінесе ішкі туристерге бағытталған және олардың тәжірибесін байытуға, демалысын тиімді ұйымдастыруға басымдық береді. Кеңестік кезеңде Қазақстан мен Қырғызстанның туризм саласы біртұтас социалистік жүйенің құрамында дамыды. Сол уақытта туризмнің инфрақұрылымдық дамуы негізінен сырттан келген демалушыларға бағытталған, ал жергілікті халықтың шаруашылық немесе дәстүрлі қызметі екінші кезекке ығыстырылды. Бұл жағдай қазіргі таңда да туризм мен жергілікті қауымдастық мүдделерін үйлестіру мәселесін өзекті етеді.

Сонымен қатар, туризмнің кеңестік кезеңдегі басты мақсаты еңбекшілердің денсаулығын қалпына келтіру және ұжымдық демалыс мәдениетін қалыптастыру болды. Ал тәуелсіздік жылдарында бұл бағыт ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттау, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және аймақтық экономикалық дамуға үлес қосу тұрғысынан кеңейтілді. Осылайша, қазіргі туризм саясаты тек рекреациялық функцияны орындап қана қоймай, әлеуметтік, мәдени және экономикалық салаларда кешенді әсер етеді. Осы ретте туризмді ұйымдастырушы туристік операторлар мен агенттіктердің де маңызы бар. Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму тенденцияларын зерттеу барысында туроператорлардың Орталық Азия елдеріндегі (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркменстан) саяхат жағдайларын қалай қабылдайтыны маңызды дерек болып табылады. Зерттеу деректері туристік агенттіктер мен туроператорлардан жинақталып, туристік кедергілер, шешім қабылдауға әсер ететін факторлар, саяхат жасау себептері, туризмді жетілдіру бойынша ұсыныстар және жалпы саяхат жағдайларын бағалау сияқты аспектілер қарастырылды. Бұл мәліметтер Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмді дамыту стратегиясын жасау және басқару шараларын қалыптастыру үшін практикалық негіз болып табылады (Kantarci, 2007: 55).

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму қарқынындағы айырмашылықтар әр елдің саяси-экономикалық жағдайымен және

инфрақұрылымдық саясатымен тығыз байланысты. Салыстырудың мақсаты тек екі елдің ерекшеліктерін көрсету емес, олардың даму үлгілерін талдау арқылы Орталық Азиядағы мәдени-тарихи туризмнің жалпы заңдылықтарын айқындау болып табылады. Бұл салыстырмалы талдау аймақтық туризм саясатын жетілдіру және тұрақты туризм қағидаттарын енгізу тұрғысынан практикалық маңызға ие.

Қырғызстанда мәдени-тарихи туризм 1990-жылдардан бастап экономиканың басым бағыты ретінде танылып, халықаралық әріптестікке ертерек шығып үлгерді. Ыстықкөл аймағы БҰҰ және ЮНЕСКО бағдарламалары аясында халықаралық туристік бағытқа айналды. Қазақстанда болса, Алакөл мен оның айналасындағы мәдени-тарихи туризмнің кең көлемде дамуы соңғы онжылдықта ғана жүзеге асты. Бұл мемлекеттің аймақтық туризмді дамытуға бағытталған ұлттық бағдарламалары мен көлік инфрақұрылымын жақсартуға тікелей байланысты болды. 2017–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде Алакөл ішкі туризмнің негізгі орталықтарының біріне айналды.

Екі елде де мәдени-тарихи туризмнің әлеуметтік және мәдени ықпалы зор. Дегенмен, туризмнің қарқынды дамуы жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайына екіұдай әсер етеді. Бір жағынан, жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен шағын кәсіпкерліктің дамуы байқалса, екінші жағынан экологиялық жүктеменің артуы, маусымдық табысқа тәуелділік және инфрақұрылымдық мәселелер сияқты қиындықтар туындайды. Осы проблемаларды шешу үшін әлеуметтік тұрақтылық пен экологиялық теңгерімді қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді аймақтық саясат қажет. Осылайша, Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму тәжірибесі аймақтық туризмді жоспарлау мен стратегиялық басқаруда маңызды үлгі болып табылады, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен аймақтық дамуды үйлестіру мақсатында қолдануға болады.

Нәтижелер. *Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы*

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің 2000-жылдардан бастап жүйелі түрде дамып келе жатқанын көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап тарихи-мәдени мұраны туристік айналымға енгізу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламалары тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру және туристік өнімге айналдыруға серпін берді. Түркістан қаласының республикалық маңызы бар рухани-мәдени орталық ретінде қайта жаңғыртылуы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның айналасындағы тарихи кешендердің инфрақұрылымдық дамуы мәдени-тарихи туризмнің негізгі тірек нүктелерін қалыптастырды. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолы бойындағы ескерткіштерді жаңғырту, археологиялық нысандарды туристік маршруттарға енгізу және музей кеңістіктерін заманауи форматта ұйымдастыру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді. Осы ретте Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамыту бойынша қабылданып, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік шаралар мен бағдарламалардың ықпалы зор (1 кесте). Бұл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін көрсетеді. Ең маңызды бағдарламалардың қатарында «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Туризмді дамыту 2020–2025» және «Ұлы Жібек жолы» жобалары бар.

1-кесте – Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамыту бойынша мемлекеттік шаралар мен бағдарламалар

Жоба/бағдарлама атауы	Мақсаты	Нәтижесі	Перспективасы/үлесі
«Мәдени мұра» бағдарламасы	тарихи ескерткіштер мен археологиялық нысандарды қалпына келтіру, сақтау және туристік айналымға енгізу	музейлер мен мәдени кешендер жаңғыртылып, туристік маршруттарға қосылды	Қазақстанның мәдени-тарихи мұрасын халыққа және халықаралық туристерге танытуға мүмкіндік берді
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мен насихаттау	мәдени-тарихи орталықтар, дәстүрлі қалалар мен археологиялық ескерткіштер	Түркістан, Тараз, Отырар, Сарайшық сияқты қалалар мәдени-танымдық туризмнің маңызды нүктелеріне айналды

		жаңғыртылып, заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді	
Туризмді дамыту бағдарламалары (2020–2025)	инфрақұрылымды жақсарту, туристік өнімдерді жүйелеу және цифрлық технологияларды енгізу	қонақүйлер, жолдар, сервис нысандарының саны мен сапасын арттыру, онлайн-брондау жүйелерін енгізу және виртуалды экскурсияларды дамыту сияқты шараларды қамтиды	халықаралық туристік нарыққа шығуға, туризмнің экспорттық әлеуетін арттыруға, ұлттық брендтерді қалыптастыруға үлес қосады
«Ұлы Жібек жолы» жобасы	тарихи сауда жолдарын жаңғырту, археологиялық және мәдени нысандарды туристік маршрутқа қосу арқылы мәдени-тарихи туризмді дамыту	бұл жоба халықаралық серіктестікті күшейтті	Қазақстанның туристік имиджін әлемдік деңгейде арттыруға мүмкіндік береді

Осы мемлекеттік шаралар мен бағдарламалардың кешенді іске асуы Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің жүйелі дамуына және ұлттық мәдени мұраны сақтап, аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауға ықпал етті. Әсіресе, зерттеудің хронологиялық кеңістігіне кіретін «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» маңыздылыққа ие. Бұл мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын және өзге де маңызды құжаттарды басшылыққа алады (adilet.zan.kz, 2019).

Мәдени-тарихи туризмнің дамуы ұлттық бренд қалыптастыру және ішкі туризмді ынталандыру саясаты арқылы да күшейтілді. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының қызметі туристік өнімдерді жүйелеуге, тарихи бағыттарды халықаралық нарыққа танытуға және мәдени мұраны туристік ресурс ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Түркістан, Тараз, Отырар, Сарайшық, Бозоқ сияқты тарихи қалалар мен археологиялық кешендер мәдени-танымдық туризмнің негізгі бағыттарына айналды. ЮНЕСКО тізіміне енген нысандардың санының артуы Қазақстанның халықаралық туристік имиджін нығайтты.

Инфрақұрылымдық дамудың нәтижесінде ішкі және шетелдік туристер саны артты. Туристік маршруттарды стандарттау, жол-көлік қатынасын жақсарту, қонақ үй және сервистік нысандардың көбейуі туристік ағынның өсуіне ықпал етті. Сонымен бірге, цифрлық технологияларды енгізу арқылы музейлер мен тарихи нысандардың виртуалды таныстырылымдары, онлайн-брондау жүйелері және ақпараттық платформалар кеңінен қолданылуда. Сондықтан да Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму тенденцияларын қарастыру барысында музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің рөлі ерекше. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап музейлердің дамуы туристік тартымдылықты арттыруда, ұлттық мәдени мұраны сақтауда және туристік маршруттарды байытуда негізгі құрал ретінде қызмет етеді. Музейлер тек тарихи архивтер ғана емес, сонымен қатар білім беру, мәдени өзара әрекет және ұлттық сәйкестік қалыптастыру орталықтары ретінде маңызды орын алады. Осы тұрғыдан музейлерді дамыту Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмді дамыту стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады (Alzhanova және басқалары, 2024: 569).

Осылайша, Қазақстанның ішкі туризм саласы соңғы жылдары қарқын алып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Пандемиядан кейінгі кезеңде қазақстандықтардың ел ішіне саяхаттау қызығушылығы артқаны байқалады. Ресми деректерге сәйкес, 2019 жылы ел ішіндегі туристер саны 6,7 миллион болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 9,6 миллионға жетіп, бес жылда 44 пайыз өсім көрсетті. Пандемияның бәсеңдеуімен туризм қайта жанданып, 2021 жылы ішкі туристер ағыны 2020 жылғы деңгейден асып түсті. Ал 2022 жылы ел ішіндегі демалушылар саны 8,6 миллион адамды құрап, шетелге шыққан туристер санынан (7,7 млн) да жоғары болды (Қойшығара, 2025).

Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы үшін маңызды саналатын табиғат пен тарих тұнған өлкенің бірі – Қазақстанның солтүстігіндегі Баянауыл өңірі. Баянауыл жері тарихи жәдігерлерге де бай. Осы өлкеде қазақтың белгілі би-шешендері мен жыраулары өмір сүрген, Жасыбай батыр туралы аңыздар қалған. Түрлі әулие мекендер – Қоңыр әулие үңгірі, Мұрынталдағы көне саптыаяқ тақтай (Қазыбек би денесі қойылған ағаш төс) – саяхатшыларды қызықтыратын рухани нысандар. Мұның бәрі өңірді мәдени-танымдық туризм бағытынан да құнды етеді (Қойшығара, 2025).

Одан бөлек, Қазақстан бойынша Түркістан облысындағы мәдени-тарихи туризмнің соңғы жылдары аса қарқынмен дамып жатқанын байқауға болады. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Түркістан мен Шымкент қалаларын қосатын жылдам автожол, қала ішінде жаңа әуенді субұрқақтар, саябақтар, қонақүйлер салынып, коммуникация желілері жаңғыртылды. Мұның барлығы Түркістанға туристер легін күрт өсірді. 2023 жылдың қорытындысында Түркістан облысына келген туристер саны 563 мың адамға жуықтап, 2019 жылмен салыстырғанда бірнеше есе артты. Оның ішінде, Түркістан қаласының өзіне бір күндік сапармен келушілерді қосқанда, миллионнан астам турист табан тірегені айтылды. 2024 жылдың алғашқы он айында өңірге 400 мыңнан астам турист келген. Туристік өнім құрылымына көз жүгіртсек, келушілердің 210 мыңы қонақүйлерде түнеп, 124 мыңы табиғи аймақтарды араласа, 135 мыңы шипажай-сауықтыру орындарына барған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар қалашығы, Арыстанбаб кесенесі сынды тарихи орындарға 2024 жылы 810 мыңнан астам адам зиярат етті, яғни рухани-танымдық туризм өңір туризмінің жетекші бағыты екенін көрсетеді (Қойшығара, 2025). Зерттеу жұмысы аясында бұл өңірдегі туризмнің негізгі бағыттары айқындалды (1 сурет).

1-сурет – Түркістан өңірдегі туризмнің үш негізгі бағыты



Зерттеулер көрсеткендей, мәдени-тарихи туризмнің дамуы жергілікті тұрғындардың қарым-қатынасына да тікелей байланысты. Түркістан өңірінде жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, тұрғындардың туризмнің әлеуметтік және экологиялық әсерлері туралы пайымдары нақты емес, ал туризмді қолдауы негізінен экономикалық пайдаға байланысты екені анықталды (Çalışkan және Özer, 2021: 573). Яғни, егер жергілікті халық туризм саласында экономикалық тұрғыдан белсенді болса, олар туристік дамуды көбірек қолдайды. Бұл тұжырым Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмді дамыту стратегиясын жоспарлау кезінде жергілікті қауымдастықтарды қатыстырудың маңызды екенін көрсетеді. Қосымша, бұл зерттеу посткоммунистік елдердегі жаңа дамып келе жатқан туристік бағыттардағы әлеуметтік әсерлерді бағалауда ерекше маңызға ие, өйткені мұндай аймақтар негізгі туризм зерттеулері жүргізілген дамыған елдерден өзгеше саяси және әлеуметтік контекстке ие. Осылайша, жергілікті тұрғындардың экономикалық мүдделері мен қатысуы туризмнің тұрақты даму қағидаттарына сай дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады.

Дегенмен, кейбір аймақтарда сервистің сапасы мен кадрлық қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Осы үрдістердің нәтижесінде Қазақстандағы мәдени-тарихи туризм тек рекреациялық қызметпен шектелмей, ұлттық мәдениетті насихаттау, тарихи жадыны сақтау және аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдаудың маңызды құралына айналды. Зерттеу Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы мемлекеттік қолдау, инфрақұрылымдық жаңғырту және мәдени мұраны туристік ресурс ретінде тиімді пайдаланудың нәтижесінде қалыптасқанын айқындады.

Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы

Қырғызстанда мәдени-тарихи туризм Ыстықкөл өңірі, Суяб, Баласағұн қалашықтары және Тянь-Шань аймағындағы тарихи нысандар арқылы дамып келеді. Елде этнотуризм мен көшпелі мәдениетті насихаттауға басымдық беріледі. Бұл бағыт Қырғызстанның туристік бренді ретінде қалыптасуда.

Қырғызстандағы туризм саласы тәуелсіздік жылдарынан бастап экономиканың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қалыптасты. Әсіресе Ыстықкөл өңірі тарихи тұрғыдан ертерек дамып, халықаралық туристік мәртебеге ие болды. Табиғи-рекреациялық әлеуетімен қатар, аймақтың тарихи-мәдени мұрасы да туризмнің тұрақты дамуына негіз болып отыр. Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі талдауына сәйкес, 2025 жылдың курорттық маусымы қорытындысы бойынша Ыстықкөл жағалауындағы туристік қызмет көрсету көлемі 2019 жылмен салыстырғанда үш есе артқан. 2019 жылы облыста 360 қоғамдық тамақтану орны қызмет көрсетсе, 2025 жылы олардың саны 963-ке жеткені туризм инфрақұрылымының қарқынды кеңейгенін дәлелдейді (minesonom.gov.kg, 2025).

Бұл көрсеткіштер Қырғызстан мемлекетінің аймақтық туризмді, соның ішінде Ыстықкөлге қатысты туризмді дамытуға жүйелі түрде мүдделілік танытып отырғанын айқын көрсетеді (Kabar, 2025). Осы орайда, Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі әзірлеген және 2025–2030 жылдарға арналған тұрақты туризмді дамыту бағдарламасы басымдыққа ие. Бұл бағдарлама туристік секторды бәсекеге қабілетті, тұрақты және танымал етуге бағытталған және тоғыз басым даму бағытын қамтиды (2 кесте).

2-кесте – Қырғыз Республикасында 2025–2030 жылдарға арналған тұрақты туризмді дамыту бағдарламасының басым бағыттары

№	Басым бағыт	Мазмұндық сипаттамасы	Күтілетін нәтиже
1	Туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру	Туризмді реттеуші нормативтік-құқықтық базаны жаңарту, басқару тетіктерін оңтайландыру	Саладағы басқарудың тиімділігі мен үйлесімділігінің артуы
2	Туристік нарықты институционалдық дамыту	Туризм субъектілерінің қызметін жүйелеу, жеке секторды қолдау	Бәсекеге қабілетті туристік ортаның қалыптасуы
3	Туризм индустриясын цифрлық трансформациялау	Онлайн-платформалар, брондау жүйелері, цифрлық сервистерді енгізу	Туристік қызмет сапасының артуы және қолжетімділіктің кеңеюі
4	Туристік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Туристердің қауіпсіздігіне арналған стандарттар мен инфрақұрылымды дамыту	Туристік имидждің нығаюы және сенімділіктің артуы
5	Тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану	Мәдени ескерткіштерді қорғау және туристік айналымға енгізу	Мәдени туризмнің дамуы және ұлттық бірегейліктің сақталуы
6	Табиғи ресурстар мен экологиялық тепе-тендікті қорғау	Экологиялық туризмді дамыту және табиғи аумақтарды сақтау	Тұрақты экожүйе мен экотуризмнің дамуы
7	Туристік инфрақұрылымды жетілдіру	Көлік, орналастыру, сервис желілерін жаңғырту	Туристік ағынның өсуі
8	Кадрлық әлеуетті дамыту	Туризм мамандарын даярлау және біліктілікті арттыру	Қызмет көрсету сапасының жақсаруы
9	Аймақтық туризмді кешенді дамыту	Аймақтық туристік кластерлерді қалыптастыру	Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы

Бағдарламаның негізгі мақсаттарының қатарында Қырғызстанды Дүниежүзілік экономикалық форумның Travel and Tourism Competitiveness индексінің жоғарғы 50 елінің қатарына енгізу, туризмнің ІДП-дағы үлесін 7 %-ға дейін арттыру, ішкі және шетелдік туристер санын жыл сайын 10 %-ға арттыру және тау туризмі қауіпсіздігі рейтингінде 70 баллға жету көзделген. Аталған бағдарлама сондай-ақ мониторинг пен бағалау жүйесін қамтиды, ол оның жүзеге асырылуына және қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейіне тұрақты талдау жүргізуге мүмкіндік береді (mineconom.gov.kg).

Мемлекеттік бағдарлама бәсекеге қабілетті, тұрақты және халықаралық деңгейде танымал туризм саласын қалыптастыруды көздей отырып, тоғыз басым бағытты қамтиды. Олардың қатарында туризм саласындағы мемлекеттік саясатты оңтайландыру, туристік қызметтер нарығын цифрлық трансформациялау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұтынушылар нарығын қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны, табиғи ортаны және экологиялық тепе-теңдікті сақтау мен дамыту сияқты кешенді міндеттер бар.

Бағдарлама төрт негізгі мақсатқа негізделген және олардың орындалуын қамтамасыз ету үшін тұрақты мониторинг пен бағалау жүйесі енгізілген. Бұл жүйе туризм саласындағы реформалардың тиімділігін талдауға және стратегиялық түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, бағдарлама тек туризм индустриясын дамытуға ғана емес, сонымен қатар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өсуіне, табиғи ландшафт пен мәдени мұраның сақталуына да бағытталған.

Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы да осы мемлекеттік саясатпен тығыз байланысты. Ел аумағындағы тарихи ескерткіштер, археологиялық кешендер, дәстүрлі қоныстар, этнографиялық мұралар мен халықтық мәдени тәжірибелер туристік айналымға белсенді түрде енгізілуде. Мәдени-тарихи туризм арқылы ұлттық бірегейлік нығайып, тарихи жадыны сақтау мен мәдени құндылықтарды халықаралық деңгейде таныту мүмкіндігі артып отыр. Мысалы, Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы кезінде туроператорлар этникалық қырғыз мәдени мұрасын насихаттауға ерекше көңіл бөлетінін байқауға болады. Бұл зерттеулер көрсеткендей, этникалық теңдік мәселелеріне қарамастан, туроператорлардың көпшілігі мемлекеттік емес, бірақ дәстүрлі қырғыз мұрасын туристік өнім ретінде алға жылжытуға қолдау көрсетеді (Palmer, 2007: 645). Мұндай тәсіл туристік бағыттардың ұлттық сәйкестік пен мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін айқындайды, бірақ кейбір этникалық топтар мен мәдени мұралар ескерілмеуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл құбылыс Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің стратегиясын жоспарлау кезінде мүдделі тараптардың қатысуы мен әлеуметтік теңгерімділікті қамтамасыз ету қажеттілігін айқындайды.

Сонымен қатар, Қырғызстан тәжірибесі мәдени-тарихи туризмнің тек экономикалық табыс көзі ғана емес, сонымен бірге мәдени дипломатияның, ұлттық бренд қалыптастырудың және өңірлік тұрақты дамудың маңызды құралына айналғанын көрсетеді. Бұл үрдіс Қырғызстанды Орталық Азия кеңістігіндегі мәдени-тарихи туризмнің жетекші орталықтарының біріне айналдыруға негіз қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы ұлттық мәдени мұраны сақтау, халықаралық туристік беделді арттыру және аймақтық экономиканы әртараптандыру мақсаттарын үйлестіре жүзеге асырып отырған кешенді модель ретінде бағалануы мүмкін.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында мәдени мұра объектілерін сақтау мен туристік маршруттарға енгізу жұмыстары жүргізілуде. Алайда қаржыландырудың шектеулілігі мен инфрақұрылымның әлсіздігі туризмнің қарқынды дамуына кедергі келтіреді.

Сонымен қатар, Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы елдің туристік имиджімен тығыз байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, шетелдік туристер Қырғызстанды негізінен нокталы мәдениет пен табиғи ресурстарымен байланыстырады, алайда олар көбінесе елді соңғы туристік бағыт ретінде емес, транзиттік ел ретінде қабылдайды (Aitieva және басқалары, 2022: 1245). Сонымен қатар, зерттеу транспорттық инфрақұрылымның нашар екеніне назар аударады, бұл туристік бағыттың тартымдылығына кері әсер етеді. Осы

тұжырымдар Қырғызстанның мәдени-тарихи туризмін дамытуда бірнеше практикалық ұсыныстар береді: елдің табиғи және мәдени ресурстарын тиімді пайдалану, туристік маркетингті жетілдіру және транспорттық инфрақұрылымды жақсарту арқылы туристерге қолайлы жағдай жасау қажет. Бұл Қазақстанмен салыстырғанда, Қырғызстандағы туристік даму әлі де инфрақұрылымдық шектеулерге байланысты кейбір қиындықтарға тап болып отырғанын көрсетеді.

Салыстырмалы талдау

Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы аймақтық ынтымақтастық пен халықаралық байланыстарға да қатысты. Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясаты Орталық Азиядағы аймақтық интеграциялық бастамалар арқылы қалыптасып, экономикалық және саяси прагматизмге негізделген (Zhunissov, 2025: 92). Бұл жағдай туристік саланы дамытуда халықаралық әріптестік пен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп, мәдени-тарихи туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанда мәдени-тарихи туризмнің институционалдық дамуы Қырғызстанға қарағанда жүйелірек сипатқа ие. Ал Қырғызстанда этномәдени бағыттың туристік тартымдылығы жоғары. Екі елге ортақ тенденциялар ретінде мәдени мұраның туристік ресурсқа айналуы, халықаралық ынтымақтастықтың артуы және тұрақты туризм концепциясына көшу үдерістерін атауға болады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы Қырғызстанмен салыстырғанда институционалдық тұрғыдан кешірек жүйеленгенімен, соңғы онжылдықта қарқынды сипат алғанын көрсетеді. Қазақстанда туризм саласын дамыту мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық бренд қалыптастыру және инфрақұрылымдық жобалар арқылы жүзеге асырылуда. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының қызметі, Ұлы Жібек жолы бағыттарын жаңғырту және Түркістан қаласының мәдени-рухани орталық ретінде дамуы мәдени-тарихи туризмнің стратегиялық бағыт ретінде айқындалуына ықпал етті. Сонымен қатар, мәдени-тарихи туризмді цифрландыру, музей инфрақұрылымын жаңарту, туристік маршруттарды стандарттау және сервистік сапаны арттыру бағыттарында жүйелі шаралар іске асырылуда.

Салыстырмалы талдау Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің даму модельдері әртүрлі басқару тетіктеріне негізделгенін көрсетеді: Қырғызстанда аймақтық бастамалар мен халықаралық серіктестік басым болса, Қазақстанда орталықтандырылған мемлекеттік саясат жетекші рөл атқарады. Бұл айырмашылықтар екі елдегі мәдени-тарихи туризмнің даму қарқыны мен құрылымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Дегенмен, Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмді дамытудың ортақ стратегиялық бағыттары бар екенін де көруге болады (1 сурет). Ол маңызды бағыттардың қатарында жаһандану үдерісінен қалмай, заман талабына сай қызмет көрсетуді жетілдіруге бағытталған ауқымды шаралар бар.

2-сурет – Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмді дамытудың стратегиялық бағыттары (2000–2023 жж.)

Стратегиялық тұрғыдан туризмді дамыту үшін маңызды бағыттар:

маркетингтік стратегияларды күшейту, ішкі және халықаралық туристерді тартуға бағытталған коммуникацияларды жетілдіру	цифрлық технологияларды енгізу, онлайн-брондау, виртуалды экскурсиялар және мобильдік қосымшалар арқылы туристік қызмет сапасын арттыру	әлеуметтік тұрақтылық пен экологиялық теңгерімді қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді аймақтық саясат қалыптастыру	кадр даярлау жүйесін жақсарту, туризм саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру
---	---	---	--

Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы елдің туризм бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты екенін көрсетті. Қазақстан мысалында туристік бағыттардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау нәтижелері табиғи орта мен инфрақұрылымдық даму мүмкіндіктерінің артықшылық екенін көрсетті, ал сапалы туристік қызметтер көрсету қабілеті салыстырмалы түрде төмен деңгейде тұр. Мәселен, баға саясаты, туристік қызметкерлердің тіл білуі және кәсіби біліктілігі сияқты факторлар туристік қызметтің сапасына елеулі әсер етеді (Teuberdinova, 2024: 265).

Қырғызстанда мәдени-тарихи туризмнің бәсекелестік артықшылығы көбіне ұлттық мәдени мұра мен тарихи орындарды насихаттау арқылы көрінеді. Ыстықкөл аймағы халықаралық туристік нарықта танымалдыққа ие болып, туризм инфрақұрылымын дамытуға мемлекеттік және халықаралық бағдарламалар белсенді қатысады. Сонымен қатар, Қырғызстандағы туроператорлар ұлттық этникалық мұраны алға жылжытуға бейімделген және бұл туристік бағыттардың ерекшелігін күшейтеді, алайда кейбір этникалық топтар мен мәдени мұралар ескерілмеуі мүмкін (Palmer, 2007: 645).

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің дамуы бір-бірінен ерекшеленеді: Қазақстанда инфрақұрылым мен туризм саясатына ерекше көңіл бөлінсе, Қырғызстанда мәдени мұра мен этникалық сәйкестікке басымдық беріледі. Екі елде де туризмнің дамуы ұлттық мәдениетті насихаттау, тарихи-мәдени мұраны сақтау және аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау мақсатында жүргізілуде. Дегенмен, екі елде де кадрлық қамтамасыз ету, қызмет көрсету сапасы және әлеуметтік тұрақтылық мәселелері шешімін күтіп тұр.

Осы салыстырмалы талдау туризмді дамыту стратегиясын жетілдіру үшін, бәсекелестік индикаторларды анықтау және инфрақұрылымды, қызмет сапасын жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Бұл Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмді тұрақты даму қағидаттары негізінде дамытуға арналған практикалық ұсыныстардың ғылыми негізін құрайды

Қорытынды. Қазақстан мен Қырғызстандағы мәдени-тарихи туризмнің 2000–2023 жылдар аралығындағы даму тенденциялары бұл саланың стратегиялық маңызын айқын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері мәдени туризмнің ұлттық тарихи мұраны сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту және мәдени жадыны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үдерісінде маңызды құралға айналғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, мәдени-тарихи туризм аймақтық экономиканы дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және шағын және орта бизнестің өсуіне ықпал ететін тиімді әлеуметтік-экономикалық ресурс ретінде қалыптасып отыр.

Салыстырмалы талдау екі елде де мәдени-тарихи туризмнің мемлекеттік қолдау, инфрақұрылымдық жаңғырту және халықаралық туристік нарыққа интеграциялану арқылы дамып келе жатқанын көрсетті. Қазақстанда тарихи қалалар мен ЮНЕСКО нысандары негізінде туристік бағыттар жүйеленсе, Қырғызстанда табиғи-мәдени кешендер мен халықаралық серіктестік мәдени туризмнің дамуына серпін берді.

Алайда, зерттеу барысында сервистік сапа, кадр даярлау, цифрлық трансформация және экологиялық тұрақтылық мәселелері екі ел үшін де өзекті болып отырғаны анықталды. Бұл мәдени-тарихи туризмді тек экономикалық ресурс ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікке негізделген сала ретінде дамыту қажеттігін көрсетеді.

Келешекте Қазақстан мен Қырғызстан үшін мәдени-тарихи туризмді тұрақты даму қағидаттары негізінде жетілдіру, мәдени мұраны қорғау мен туристік пайдаланудың тепе-теңдігін сақтау, аймақтық ерекшеліктерді ескеретін ұзақ мерзімді стратегияларды қалыптастыру маңызды бағыт болып қала береді. Бұл өз кезегінде Орталық Азия кеңістігінде мәдени туризмнің бәсекеге қабілетті әрі тұрақты дамуына негіз қалайды.

Әдебиеттер

Aitieva және басқалары, 2022 – Aitieva D., Kim S., Kudaibergenova M. Destination Image of Kyrgyzstan: A Content Analysis of Travel Blogs. *Journal of Quality Assurance in Hospitality Tourism*. № 23(5). Pp. 1245–1275. <https://doi.org/10.1080/1528008X.2021.1964412>

Alzhanova және басқалары, 2024 – Alzhanova A., Nurbayev Z., Ospanova A., Koblandin K., Satubaldin A. The cultural policy of Central Asia countries in the sphere of museums. *Asian Ethnicity*. №25(4). Pp.569–587. <https://doi.org/10.1080/14631369.2024.2331118>

Çalişkan және Özer, 2021 – *Çalişkan U., Özer Ö.* Relationship between Local Residents' Perceptions of Tourism and Support Attitudes in Post-Communist Countries: Case of Turkestan (Kazakhstan). *Tourism Planning Development*. №18(5). Pp.573–593. <https://doi.org/10.1080/21568316.2020.1837228>

Kantarci, 2007 – *Kantarci K.* Perceptions of Central Asia Travel Conditions: Kyrgyzstan, Kazakhstan, Uzbekistan, and Turkmenistan. *Journal of Hospitality Leisure Marketing*. №15(2). Pp.55–71. https://doi.org/10.1300/J150v15n02_04

Kabar, 2025 – *Kabar.* Kyrgyzstan launches Sustainable Tourism Development Program until 2030. 13/01/25. URL: <https://en.archive.kabar.kg/site/assets/files/45311/223438.jpg>

Palmer, 2007 – *Palmer N.* Ethnic Equality, National Identity and Selective Cultural Representation in Tourism Promotion: Kyrgyzstan, Central Asia. *Journal of Sustainable Tourism*. №15(6). Pp.645–662. <https://doi.org/10.2167/jost826.0>

Tleuberdinova және басқалары, 2024 – *Tleuberdinova A., Salauatova D., Pratt S.* Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan. *Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events*. №16(2). Pp.265–283. <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>

Zhunissova және басқалары, 2025 – *Zhunissova Z., Uderbaeva B., Kurmangali M., Darkenbayev A., Tazhikov A.* Kazakhstan's foreign policy strategy within the framework of Central Asian integration. *Asian Journal of Political Science*. №33(1). Pp.92–106. <https://doi.org/10.1080/02185377.2024.2396116>

adilet.zan.kz, 2019 – *adilet.zan.kz.* Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>

Қойшығара, 2025 – *Қойшығара Азамат.* Қазақстандағы ішкі туризм қалай дамып келеді? 27.09.2025. URL: https://el.kz/qazaqstandagy-ishki-turizm-qalay-damyp-keledi_400036797/

mineconom.gov.kg, 2025 – *mineconom.gov.kg.* Ысык-Көл аймағындағы туризм: алты жыл ичинде үч эсеге өсүү. 3-Октябрь 2025-ж. URL: <https://mineconom.gov.kg/ky/post/11244>

cspo.ru, 2025 – *cspo.ru.* Туризм и гостеприимство: путь к саморазвитию и профессиональному росту. Гуманитарный техникум экономики и права. URL: <https://cspo.ru/articles/turizm-i-gostepriimstvo/turizm-i-gostepriimstvo-put-k-samorazvitiyu-i-professionalnomu-rostu/>

References

Aitieva және басқалары, 2022 – *Aitieva D., Kim S., Kudaibergenov M.* Destination Image of Kyrgyzstan: A Content Analysis of Travel Blogs. *Journal of Quality Assurance in Hospitality Tourism*. № 23(5). Pp. 1245–1275. <https://doi.org/10.1080/1528008X.2021.1964412>

Alzhanova және басқалары, 2024 – *Alzhanova A., Nurbayev Z., Ospanova A., Koblandin K., Satubaldin A.* The cultural policy of Central Asia countries in the sphere of museums. *Asian Ethnicity*. № 25(4). Pp. 569–587. <https://doi.org/10.1080/14631369.2024.2331118>

Çalişkan және Özer, 2021 – *Çalişkan U., Özer Ö.* Relationship between Local Residents' Perceptions of Tourism and Support Attitudes in Post-Communist Countries: Case of Turkestan (Kazakhstan). *Tourism Planning Development*. № 18(5). Pp. 573–593. <https://doi.org/10.1080/21568316.2020.1837228>

Kantarci, 2007 – *Kantarci K.* Perceptions of Central Asia Travel Conditions: Kyrgyzstan, Kazakhstan, Uzbekistan, and Turkmenistan. *Journal of Hospitality Leisure Marketing*. №15(2). Pp.55–71. https://doi.org/10.1300/J150v15n02_04

Kabar, 2025 – *Kabar.* Kyrgyzstan launches Sustainable Tourism Development Program until 2030. 13/01/25. URL: <https://en.archive.kabar.kg/site/assets/files/45311/223438.jpg>

Palmer, 2007 – *Palmer N.* Ethnic Equality, National Identity and Selective Cultural Representation in Tourism Promotion: Kyrgyzstan, Central Asia. *Journal of Sustainable Tourism*. №15(6). Pp.645–662. <https://doi.org/10.2167/jost826.0>

Tleuberdinova және басқалары, 2024 – *Tleuberdinova A., Salauatova D., Pratt S.* Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan. *Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events*. № 16(2). Pp. 265–283. <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>

Zhunissova және басқалары, 2025 – *Zhunissova Z., Uderbaeva B., Kurmangali M., Darkenbayev A., Tazhikov A.* Kazakhstan's foreign policy strategy within the framework of Central Asian integration. *Asian Journal of Political Science*. №33(1). Pp.92–106. <https://doi.org/10.1080/02185377.2024.2396116>

adilet.zan.kz, 2019 – *adilet.zan.kz.* Onirlerdi damytudyn 2020–2025 jylarga arналган мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2019 jylgy 27 jeltosandagy No. 990 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 990 dated December 27, 2019 on Approval of the State Program for Regional Development for 2020–2025]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990> [in Kazakh]

Қойшығара, 2025 – *Qoishyghara Azamat.* Qazaqstandagy ishki turizm qalai damyp keledi? [How is domestic tourism developing in Kazakhstan?]. 27.09.2025. URL: https://el.kz/qazaqstandagy-ishki-turizm-qalay-damyp-keledi_400036797/ [in Kazakh]

<https://orcid.org/0000-0002-8241-9256>. E-mail: aigulsmanova@mail.ru

Аннотация. *Введение.* По данным научных исследований академика Кенеса Нурпейса, в статье рассматриваются борьба и национальные идеи представителей казахской интеллигенции начала XX века за создание автономного государства, и их учение в современной отечественной истории. Цель исследования – показать значение научных трудов учёного Кенеса Нурпейсулы, глубоко изучившего основную национальную идеологию движения Алаш, политическую программу движения, борьбу и роль его деятелей на пути национальной независимости, в преподавании национальной истории. Результаты. Достаточно «белых пятен» нашей истории, подавленных идеологией, репрессированных, а затем скрывавшихся под знаком «секретности», когда правило советское правительство. Одна из самых важных из них – это, конечно же, «алашордынцы». *Цель* пробудить политическое и национальное самосознание казахского народа: «Оян казак!» («Проснись, казак!» – авт.), были обсуждены научные исследования Кенеса Нурпейсовича, который одним из первых исследовал борьбу за независимость нашей национальной интеллигенции, признанной в стране «движением Алаш». Дифференцирован вопрос возрождения и переписывания нашей истории после обретения нашей страной независимости и ее преподавания в отечественной истории. *Выводы.* История и принципы политических движений, политических партий начала двадцатого века являются важным вопросом как для нашей нации, так и для нашей национальной истории, а также для нашей национальности и даже будущего нашей нации. Именно поэтому особое место занимает академик Кенес Нурпейсулы Нурпейс, научно всесторонне изучив труды интеллектуалов, заложивших основы национальной идеи, казахской истории, казахской науки для будущего нации, внесших большой вклад в формирование национального сознания.

Ключевые слова: движение Алаш, академик Кенес Нурпейс, научное наследие, отечественная история, историческое познание, борьба за независимость

Для цитирования: Сманова А.М. Проблема преподавания национальной идеи начала XX в. в современной отечественной истории (на примере исследований академика К. Нурпейса) // Scientific Journal "Central Asian courier". 2026. Т. 2. № 1. С. 113-124. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_113-124

Кіріспе. Тарих дегеніміз, әрине ол халықтың жадын жаңғыртып, өткенін, бүгінін және болашағын байланыстыратын ғылым саласы екені бәрімізге аян. Ал «ұлттық идеяны насихаттай отырып» тарихи білім беру – ұлттың ұлт болып қалыптасуын, тұтастығын, ұлттық таным идеясының құндылықтарын, отаншылдық рухани болмысты нақты жеткізе біледі. Сондықтан өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылыққа деген адамгершілік қасиеттердің сақталуын, еліне деген патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында да тап осы тарих маңызды құрал болып табылады. Жасыратыны жоқ, ғасырлар бойы отаршылдықтың, қала берді кеңестік идеологияның құрбаны болған, тәуелсіздігін кеш алған еліміз үшін тарихи сананы қайта жаңғыртып, ұлттық идеямызды ұлықтай түсуіміз керек. Тарихты зерделеу арқылы жас ұрпақ халқымыздың басынан өткен қиындықтарды түсініп, ұлттық құндылықтарды бойына

сіңіріп, жауапкершілікті сезініп, елі мен жерін қорғауға деген сезімді нығайтады десекартық емес.

Тап осы тарих саласының, дәлірек айтқанда ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелерін зерттеуге сүбелі үлес қосып, ұлттық тарих саласындағы іргелі зерттеулерге белсене қатысқан көрнекті тарихшы Кеңес Нұрпейістің ғылыми мұрасы мысалында ұлттық идеялардың ұлт тарихында қалай зерделенгенін түсіндіру. Мәселен, Кеңес Нұрпейістің өзі ғылыми ізденісін үзбей жалғастырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізген ғалым. Көптеген монографиялар мен мектеп оқушыларына арнап орасан зор оқулықтар шығарған академик Кеңес Нұрпейісұлы жалпы тарихнамалық мәселелермен қатар, еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын, ұлттық-мемлекеттік құрылысты, ХХ ғасырдағы Қазақстанның саяси және қоғамдық өмірінің өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалым болып табылады.

Тәуелсіздік тізгінін қолымызға алған аз ғана уақыт ішінде елдің өткен тарихына үңіліп, ақдандықтардың ақиқатын анықтау мәселесі мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндеттердің қасында тұрды. Ғалым үшін бұл жаңа жағдай ғылыми белсенділігін арттырып, қаламынан көптеген құнды еңбектердің тууына себепші болды. Жалпы, ғылыми зерттеулерде Кеңес Нұрпейіс айқындаған негізгі бағыттар: ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, 1917 жылғы Қос революцияны, азаматтық соғысты, Қазақстанның аграрлық мәселелерін, сонымен бірге ХХ ғасырдағы саяси қуғын сүргін тарихын жанжақты зерттеуге көпкөңіл бөлді. Отандық тарихының әркезеңдеріндегі қоғамдық-саяси өмірдің мәселелері де назарынан тыс қалған жоқ. Осы мәселелер төңірегінде Кеңес Нұрпейіс 400-ден астам ғылыми еңбектер жазып қалдырған, оның ішінде 20 дан астам монография, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жазды.

Академик Кеңес Нұрпейіс – ірі ғалым болумен қатар, ірі ағартушы-педагог. Ол тарих ғылымының жоғары маманданған бірнеше буынын тәрбиелеуге үлкен үлес қосты. Ғалым осы салада өзіндік мектебін қалыптастырып, ел тарихы бойынша оннан астам ғылым докторлары мен қырықтан астам ғылым кандидаттарына жол көрсетіп, ғылым жолына түсірді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ұлттық тарихымыздың ең күрделі де түйінді нысаны болған – ХХ ғ. бірінші жартысындағы еліміздегі саяси және рухани мәселелердің айрықша кезеңі белгілі деңгейде зерттелген, зерттеліп те жүр. Ал біз концептуалды тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың басындағы ұлттық идеяның қазіргі тарихта оқытылу мәселесі қалай жүргізіліп жатқанын Кеңес Нұрпейіс зерттеулері мысалында қарастырып отырмыз. Дегенмен де, ғылыми зерттеу бағыттарын алдыңғы қатарға шығарып отырған тарихи үдерістердің себеп-салдарын, қарым-қатынастары мен өзіндік байланыстарын, заңдылықтары мен ерекшеліктерін тағы да нақтылай түсу барысында теориялық-әдіснамалық тәсілдерді қолданып, жаңашылдық әдістерін игеруді қажет етеді. Сондықтан, мақаламызда кеңестік кезеңдегі одақтық көлемде «талқыланған» пленумдардың құжаттық материалдары тәуелсіздіктен кейінгі Кеңес Нұрпейіс еңбектерімен салыстыра қарастырылды. Атап айтқанда, «РКП (б)-ның V жалпықазақ конференциясы», «1930 жылғы 17–21 желтоқсандағы Бүкілодақтық коммунистік (б) партиясы мен Бүкілодақтық коммунистік (б) Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының бірлескен пленумының қорытындылары», «13-шақырылымдағы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 3 сессиясындағы Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің есебінің материалдары», «Ауылдар мен деревнялардағы партия жұмысының есебі туралы материалдар», «Қазақстан Коммунистік партиясы съездері, конференциялар мен пленумдардың қаулылары мен шешімдері (192–1937 жж.)» сияқты құжаттық материалдардың кейбір аспектілері пайдаланылды.

Академик Кеңес Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда» кітабы баспадан жарияланбас бұрын, ғалым Алашорда үкіметінің тарихы және оның қайраткерлерінің тәуелсіздік жолындағы қоғамдық-саяси қызметтері туралы халықаралық деңгейдегі теориялық-тәжірибелік конференциялар мен симпозиумдарда баяндамалар жасап, жоғары оқу орындарында «шебер сыныптар» өткізіп, «Алаш» мәселесіне қатысты деректі қойылымда кеңесші де болған. Осылайша, академиктің «Алаш һәм алашорда» кітабының тұсауы кесіліп,

жарықа шығуы алдын ала қоғамдық талқылаулардан өтті. Алаш қозғалысын зерттеуге кеңес заманында ресми түрде тыйым салынды және тарихтың «ақтаңдақ» беттерінің бірі болып саналды.

Алаш қозғалысын зерттеуге кеңестік кезеңде ресми түрде тыйым салынды және тарихтың «ақтаңдақ» беттерінің бірі болып саналды. Академик Кеңес Нұрпейстің «Алаш һәм Алашорда» монографиясында «Алаш» 1913 ж. бастап жалпыұлттық биресми газет ретінде, 1917 ж. «Қазақ» газетінде жарияланған дереккөздерде «Алаш» партиясының құрамдас бөлігі ретінде, сонымен бірге ұлт зиялы қауым өкілдерінің идеялары, сол кезде жүргізген саясаттары мен ұстанымдарына байланысты дерек ретінде «Жас Азамат», «Бірлік Туы», «Сарыарқа», «Ұлы Түркістан», «Жас Түркістан», «Еңбекшіл қазақ», «Үш жүз» газеттері мен журналдарының материалдары бір бірімен салыстыра отырып зерттелген.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының даму үдерісі барысында қалыптасқан қағидаттар мен академик Кеңес Нұрпейіс зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелерді, жаңаша ойлаудың тұжырымдамасы ретінде қарастыру басшылыққа алынды. Қазіргі кезде ұлттық тарихымызды зерттеу әдіснамасы жақсы даму жолына түсіп келеді, кеңестік замандағы сияқты идеологияға ғана бағынатын, қатып қалған теориялық-әдіснамалық жүйеден әлдеқашан арылып, әр өңірлерде, тіпті әр оқу орындарында өзіндік тарихи мектептер қалыптасты десек артық емес. Ал біздің қарастырып отырған мәселеміз үшін Кеңес Нұрпейстің ғылыми-зерттеулеріндегі ұлттық зиялы қауым өкілдерінің тәуелсіздік жолындағы күрескерлігі мен ұлттық идеяларына қатысты тұжырымдамалық пікірлерінің нәтижесі маңызды. Сондықтан әдіснамалық бағытымыз кеңестік және отандық мектептердің ой-тұжырымдарын сыни тұрғыдан талдай отырып, салыстыру әдісі арқылы қандайда бір нәтижеге қол жеткізу. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы оқиғаларды жаңаша жариялаған ұлтымыздың интеллигенттері, атап айтқанда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Тұрар Рысқұлов, Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов Мұхамеджан Тынышпаев, Сералы Лапин, Мағжан Жұмабаев және т.б. еңбектеріндегі тарихи таным мен ұлттық ұстанымдардың орны ерекше. Кеңестер кезінде «халық жауына» айналған бұл ұлтжандыларымыздың ендігі кезекте жеке адамның өмірін бағалайтын, тарихи таным мен ұлттық сананы, елінің тәуелсіздігін жоғары бағалайтын құндылықтар жүйесі тұрғысында қарастыру басшылыққа алынды.

Талқылау. Ұлт тарихымыздың іргесін жаңалап, тарихи таным мен ұлттық сананы қайта жаңғыртуда алдымызға қойған ең маңызды нысанының бірі, әрине ол «Алаш қозғалысының» тарихы. ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздік мерейтойы аясында біз осындай біртуар тұлғаларды есте сақтап, олардың мұраларын жастарымызға және бүкіл әлемге көрсетуіміз керек. Сонымен қатар, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың жұмыстарын да қолдау және бағалау қажет. Алаш арыстандарының асыл мұрасын дамыту жалға беруі тиіс», – деген болатын (Тоқаев, 2021: 1).

ХХ ғ. соңында елімізде қоғамдық-саяси, мәдени-рухани салалары бойынша болып жатқан өзгерістер Отандық тарих ғылымында үлкен бетбұрыс кезеңіне жол салды. Ол кезде ХХ ғ. басындағы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» тарихы қолға алынып, белсенді зерттеле бастайды. Ал осы бастаманың көшбасшыларының бірі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс болатын. Ғалым жинақтаған деректеріне кең көлемді талдау жүргізіп, ой-тұжырымдарын «Алаш һәм Алашорда» монографиясында жариялады. Ал әріптестері болса, Кеңес Нұрпейіске «Алаш ұлт-азаттық қозғалысының және «Алашорда» автономиясының тарихын зерттеумен айналысатын «Алаштану» ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі деп бағасын берген болатын. Монографияда «қозғалыстың» жетекші қайраткерлері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Жаханша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Сералы Лапин және т.б. сияқты ұлт зиялы қауым өкілдерінің шығармалары мен атқарған қызметтеріне қатысты құжаттар ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің архиві құжаттары негізінде талданған.

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларымыздың тәуелсіздік жолындағы күрескерлігі мен ұлттық идеялары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жан-жақты зерттеле бастады. Архив қойнауында «күпия» болып жатқан құжаттар айналымға шығып, ғалымдар арасында талқылана бастады. Осылайша, «тыйым салынған» тақырыптардың қыр-сыры ашылып, қайта саралау мүмкіндігі пайда болды. Бұл туралы академик М.Қ. Қозыбаевтың: «...егерде біз тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңі талаптары тұрғысынан ажырататын болсақ, онда тарихшылардың өз халқы алдындағы борышы маңызды екені белгілі болады. ... тарих ғылымы субъективизмнің тоқырау идеологиясымен, сосын ...психологиялық шырғада болып келді. ..бұл тұжырымды мен тарихшылардың талай ұрпағын ақтау үшін келтіріп отырғаным жоқ», – деп (Қозыбаев, 1992: 45) айтқан тұжырымы осының дәлелді айғағы деп түсінеміз. Ғалым «Ақтандақтар ақиқатында» «Алаш» партиясының бағдарламасы мен бүкілқазақтық ІІ-ші съездің құжаттық материалдарын талдай келе, кеңес дәуірінде бұл партияны «ұлтшыл саяси ұйым» деп кінәлаудың қаншалықты негізсіз екендігі баса айтылды (Қозыбаев, 1992: 272). Мәселен, осы тұжырымымен Ә. Тәкенов, Кеңес Нұрпейіс, Мәмбет Қойгелдиев сияқты ғалымдарымыз да келісіп, қазақ зиялылары мен «Алаш» партиясының Ақпан төңкерісіне дейінгі тарихын шатастыруға болмайды, қазақ зиялылары негізінен ағарту мәселелерімен айналысып, Ресей үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шықты деген қорытынды жасайды. Академик К.Н. Нұрпейіс: «әртүрлі әлеуметтік ортадағы қазақ зиялылары саяси күрес сахнасына шыққан либералды демократиялық партиялар ментоптар жағына шықты, сонымен қатар, олар қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде пайда болған Ресей мұсылмандарының саяси қызметінде тікелей араласты», – деп (Нұрпейісов, 1992: 256) орынды тұжырымын айтқан болатын. Сонымен бірге, ғалым кейбір зерттеушілердің «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» кадет партиясының филиалы ретінде бағалауын орынсыз деп санайды, «Алаш» партиясының жетекші қайраткерлері қазақстандық кадет бөлімшесін құруға тырыспағанын, бірақ кадет үлгісіндегі ұлттық саяси партия құруға ниетті екенін түсіндірді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық-саяси қызметке, яғни тілге, елге, тарихқа, болмыс пен бостандыққа ұмтылған қазақ зиялыларының мұрасы зерттеле бастады. Бұл туралы М.Қ. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (Қойгелдиев, 2008: 480) құжаттар жинағы, Т. Омарбековтың «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» (Омарбеков, 2008: 404) көмекші оқу құралын, Д.А. Аманжолованың «Алаш исторический смысл демократического выбора» (Аманжолова, 2013: 400) монографиясын, Д. Махаттың «Қазақ зиялыларының қасіреті» атты (Махат, 2001: 304) сөздігін, Х.М. Әбжанов пен Ә. Әлпейісовтің «Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы» (Әбжанов, Әлпейісов, 1992: 125) ғылыми зерттеулерін, М. Құл-Мұхаммедтің «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» (Құл-Мұхаммед, 1998: 360) және т.б. зерттеулер ғасырлар тоғысында қазақ зиялы қауым өкілдерінің күрескерлік қызметі мен ұлттық көзқарасымыздың қалыптасуына байланысты жасаған идеялары қарастырылған.

XX ғасырдың соңғы ширегінде В.К. Григорьевтің «Кадеттер жолын ұстаған партия» (Григорьев, 1990: 62–69), К.Н. Нұрпейістің «Саяси партия болып санала ма?» (Нұрпейісов, 1990: 69–75) және Т. Кәкішевтің «Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы» (Кәкішев, 1990: 75–83) деп аталатын мақалалары «Қазақстан коммунисті» журналында арнайы «Алаштың ақиқатын кім айтады» деген тақырыппен мақалалар жинағы жарық көрді, онда мақала авторлары осы тақырыпта «Алаш» партиясының құрылуын талдап, оның көшбасшылары мен Қазақ қауымдастығындағы әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударады. Осылайша, Нұрпейіс Кеңесі «Алаш» партиясының жарғысын, бағдарламасын және ресми құрылымдарын талдады.

Ал енді мақаламыздың тақырыбына нақтырақ тоқталар болсақ, XX ғасырдың басындағы ұлттық идеяның қазіргі ұлттық тарихта оқытылу мәселесі алдымен «Алаш қозғалысының» көшбасшылары кімдер болғанын, олардың алдына қойған мақсаттарын, ең бастысы ұлттық идеялары басшылыққа алынғанын, мәселен, қозғалыстың көсемдеріне «буржуазияшыл ұлтшылдар», «буржуазиялық-либералдар», «ұлтшылдар» деп айдар тағылуының себеп-

салдарын аша отырып, олардың қоғам дамуындағы саяси қызметтерінің бағытын айшықтау. Бұл тұрғыдан алғанда академик Кеңес Нұрпейстің ғылыми зерттеулеріндегі «Алаш» пен «Алашорда» тарихының неше түрлі аспектілеріндегі жекелеген тұлғаларға, атап айтқанда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов Мұхамеджан Тынышпаев, СералыЛапин, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермековжәне т.б. көптеген қайраткерлеріміздің өмірі мен атқарған қызметінің белгісіз беттерін ашып түсіндіру. XX ғасырдың бірінші жартысында «ұлттым» деп ұрандатқан, ұлттық идеяны басшылыққа алып, күрескерлік жолды таңдаған ұлт зиялыларының басшылыққа ала отырып, «Алаш қозғалысының» әлеуметтік табиғатын танып-білу мақсатында, оның қоғамдық-саяси бағдарын зерделеу.

Нәтижелер. Ұлттық тарихымыздың кеңестік дәуірі көптеген оқиғаларға толы кезеңнің бірі болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңы Ресей жерінде Ақпан және Қазан революцияларына ұласып, нәтижесінде жетпіс жылдан астам уақытқа созылған кеңестік қатаң идеологияның қысымына ұласты. Ал қазақ Даласының арыстары осы қатаң идеологиядан азат болуға ұмтылудың дара жолын салып, негізін қалады десек артық емес. Әрине, біз мұны ойдан шығарып тұрған жоқпыз, еліміз тәуелсіздігін алған жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде студент болып жүрген кезімізде Кеңес Нұрпейстің «Алаш һәм Алашорда», Манаш Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты», Мәмбет Қойгелдиев пен Талас Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді?» сияқты зерттеулерді алғаш оқығандардың қатарында болдық (авт.). Осы өтпелі кезеңде біз марксизм-ленинизм ілімі негізінде қалыптасқан, ал тарихты идеялогиялық саясатқа айналдырған кеңестік жүйеден арыла бастаған отандық тарихымыздың толығымен өзгеріске ұшырап жатқан кезінің куәсі болдық.

XX ғасырдағы орын алған оқиғалардың тарихи бағыттарын Элвин Тоффлердің (Alvin Toffler, 1980: 544) сөзімен айтқанда «...ескі қоғам жаңасымен ауыстырылып, «ақпараттық» немесе «постиндустриалы» қоғам, яғни стратегиялық жоспарларын өзгерту мүмкіндігі туралы ескертсе, Збигнев Бжезинский (Zbigniew Brzezinski, 1971: 308) «мәдени, психологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан технология мен электроника, әсіресе компьютерлер мен коммуникациялар саласында дамыған «технотрондық» қоғам туралы. Ал Юрген Хабермас (Хабермас, 2003: 416) теориясындағы орталық ұғым «коммуникативті әрекетке» жету және оның мақсаты белгілі бір жағдайда бірлескен нәтижеге жетуге еркін келісімі, Сэмюэль Хантингтонның (Хантингтон, 2022: 640) «өркениеттер-тартысты» бүтінгі күннің саяси шындығын қайта қарастырып, бүкіл өркениеттің жаһандық дамуының болжамын жасауы біздің зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық негізінің бастауы болмақ.

Ресейдегі 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясының, Еуропада басталған 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыстың, 1916 жылғы еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстың, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының, 1917 жылғы Қазан социалистік революциясының, қала берді интервенция, «ақтар ісі», «Азамат соғысының» нәтижелері қазақ Даласының, нақтырақ айтқанда Қазақстанның қоғамдық-саяси даму бағытын айқындап берген болатын. Осыкезде «шоқ жұлдыздай» жарқ етіп көрінген тағы бір оқиға Алаш һәм Алашорда туы астында еліміздің бірлігін нығайту мен автономиялы мемлекет құру жолындағы «алашордашы» зиялыларымыздың күрескерлік идеялары еді.

Кеңес үкіметі әбден «атқа мініп» тізгінді өз қолына алғаннан кейін, авторитарлық биліктің күшеюімен шынтуайттық тарихи оқиғалар бұрмаланып, тарихи зерттеулер үлкен дағдарысқа ұшырады. Бұл біздің «алаштықтарымызды» да айналып өткен жоқ. Елім-жерім деп күрескен интеллигенттеріміздің ұлттық ұстанымдарына Кеңестік диктат қарсы шығып, «буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологияға» қарсы күрес деп жариялады. Төңкеріске дейінгі (Қазан революциясы – авт.) «Алаш қозғалысының» «революциялық рөлі», кеңестер билікке келгеннен кейін «контрреволюциялық» болып қайта «жаңғырып», қарсыластықтың қағидатына айналды. Кеңестік марксизм-ленинизм идеологтары «Алаш қозғалысының» тарихын «контрреволюцияның мәнін ашып көрсету, оның қазақ қоғамындағы жиіркенішті де

жексұрын рөлін жою» деп жаза бастады. Ал 1935 ж. С.Х. Брайнин мен Ш.Ш. Шафиرونның «Очерки по истории Алаш-Орды» (Брайнин, Шафиро, 1935: 152) атты зерттеулері жарияланып, қазақ Даласындағы болып жатқан «Алаш қозғалысын», 1916 ж. көтерілісті, Алаш интеллигенттері және олардың «ұлтшыл контрреволюциялық үкіметінің» тарихы туралы таптық көзқарасқа негіздеп көрсетті. Осы кезеңнен бастап 1991 жылға дейін ұлттық тарихымыз ғана емес, бүкіл кеңестік тарих ғылымының бастаулары мен ұстанымдары, нәтижелері мен қорытындылары деректердің молдығына қарамастан, ғылыми ойлаудың идеологиялық тоқырауының құрбанына айналды. Тек еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана Алаш һәм Алашорда туы астындағы зиялыларымыздың күрескерлік тарихының жаңа кезеңі басталды. «Алаш қозғалысын» зерттеу жаңа ойдың жандануына ықпал етті, ал жаңа деректер қоры жұмыстың сапасын жақсартты. Алаш тарихының әртүрлі аспектілері халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, «дөңгелек үстелдер» мен ғылыми семинарларда айтыла бастаса, озық ойлы ғалымдарымыз монографиялар, энциклопедиялық сөздіктер, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазып, оны жоғарғы оқу орындарының студенттеріне дәріс түрінде оқи бастады.

Ал бұл жерде Мұстафа Шоқайдың «біз кімді ұлттық интеллигенция деп атаймыз» деген ойын жеткізу үшін «Тандамалы» (Шоқай, 1998: 512) шығармасынан үзінді айта кетсек «...егер біз білім беруде көрген барлық адамдарды «зиялылар» деп атауға және «ұлт зиялылары» қатарына жатқызуға «болады» деп ойласақ, қателесеміз. Зиялылар – бұл белгілі бір идеалды мақсаттардың басында тұрған және осы танымал идеалдардың айналасында бірігетін «интеллигенция өкілдері» деп айтуға болады. Ұлтымыздың зиялы қауым өкілдері өз халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына нақты қызмет ете алатындарды ғана қамтуы мүмкін», - деген болатын (Шоқай, 1998: 174). Бұл туралы Қыздар университетінің доценті Е.Т. Берлібаев: «...біз, зиялы қауым өкілдері өз ұлты мен халқына қызмет жасаудың, сонымен қатар қоғамның әртүрлі мүшелерімен қарым-қатынас орнатудың ең тиімді де мағыналы жолдарына табуы керек деген идеяның қазіргі заманның талаптарымен қалай араласатынын көреміз», - деп (Берлібаев, 2025: 15) ойын ортаға сала келе, «Өткенімізді бұрмаламай түзетудің жалғыз жолы – бір кездері бүкіл өмірін халқымыздың болашағы үшін күресте өткізген ұлт зиялы қауым өкілдерінің рухани мұрасын зерттеу және ұрпақтан-ұрпаққа беру», - деп қорытындылайды (Берлібаев, 2025: 17–19).

Академик Кеңес Нұрпейіс «Алаш қозғалысының» Қазақстан тарихындағы рөлін және қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру үдерістеріне байланысты мәселелерді де талдады. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани және саяси өмірін терең зерттеген ғалым, артынан көптеген монографиялар, оқулықтар мен оқу-құралдарын және ғылыми мақалалар жазып қалдырды, дегенмен оның басты зерттеу миссиясы «Алаш қозғалысына» қатысты еді. Ғалым «Алаш қозғалысының» тарихи және ұлттық маңыздылығы мен идеологиясын ескере отырып зерттеп, сол кездегі «ұлттық-демократиялық қозғалыстың идеялары» мен «тәуелсіздік жолындағы күресін» ғылыми тұрғыдан айқындап көрсеткен болатын. Зерттеулерінен «Алаш Орда» үкіметінің алдына қойған мақсатын, атап айтқанда тәуелсіздік үшін күрескерлігі мен қозғалыс жетекшілерінің ұлттық идеяларына кеңінен талдау жүргізгенін байқаймыз. Сонымен бірге ғалым «Алаш қозғалысының» мәнін аша түсу үшін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов және Мұстафа Шоқай сияқты ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріне де ғылыми тұрғыдан баға берген. Осылайша, Кеңес Нұрпейіс «Алаш партиясы», «Алаш автономиясы» және оның «саяси бағдарламасы» мен «ұлттық идеяларын» зерттей келе, «Алаш Орданың құрылу тарихын» қазақ халқының алғаш рет мемлекеттілікке, тәуелсіздікке ұмтылысы ретінде баға берді. Нәтижесінде «Алаш қозғалысы» ғылыми негізделгеннен кейін «Алаш һәм Алашорда», «Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойындамуы (ХХ ғасырдың басы)», «Алаш қозғалысы: идеялар ментағырлар» атты ғылыми зерттеулері дүниеге келіп, «Алаштанушылар» мектебінің іргесін қалаушылардың біріне айналды.

Міне, көріп отырғанымыздай Кеңес Нұрпейіс «халық жауларын» ақтап, «ақтаңдақтарды» анықтап, «құпияланған», «бұрмаланған» кеңестік идеологияның қылмысын әшкерелеуге ат

салысты деуге толық негіз бар. Ал біздің міндетіміз (авт.) ғалым зерттеп, жазып қалдарған Алаш идеяларының тәуелсіз Қазақстан үшін қаншалықты бірегей екенін айта отырып, жоғарыда айтылған Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстанның кеңестік кезеңі», «Ұлттық элита және ұлт мәселесі», «Алаш және Алашорда тарихы» және т.б. пәндер бойынша дәріс оқып, болашақ жас зерттеушілер үшін өзектілігін насихаттау болып табылады.

Осы аталмыш «Алаш қозғалысы» мәселесіне қатысты қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына (Тарих факультеттерінде терең қарастырылады – авт.) «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстанның кеңестік кезеңі», «Ұлттық элита және ұлт мәселесі», «Алаш және Алашорда тарихы» және т.б. пәндер мен арнаулы курстар өткізіледі. Отандық тарихымыздың дамуына үлкен үлес қосқан белгілі алаштанушы ғалым, академик Кеңес Нұрпейіс Алаш қозғалысының мәні туралы: біріншіден, Алаштың саяси партия болып құрылуы, екіншіден, Алаш автономиясының мемлекеттік құрылымы, үшіншіден, автономияны басқау үшін Алаштың ордасы деген үш ұғымды атап өтеді. Ал отандық ғалым-тарихшыларымыздың тұжырымдамасы бойынша да 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан бастау алған «Алаш қозғалысы» ұлттық идеялар аясында «Алаш партиясының» соданкейін «Алаш автономиясының» жариялануы мен «Алашорда үкіметінің» құрылуына жол салды.

Сонымен, 1989 жылдан бастап Қазақстанда «Алашорда» тақырыбы бойынша, мәселен, құрылуы, қызметі, жойылуы сияқты мәселелер төңірегінде пікірталастар басталады. Д.А. Аманжолованың «Казахский автономизм в России. История движения Алаш» атты «Алаш қозғалысы» тарихына арналған алғашқы монография Ресейде жарияланғаны белгілі (Аманжолова, 1994: 216). Ал көп ұзамай алғаш рет қазақ тілінде Кеңес Нұрпейіс өзінің «Алаш һәм Алашорда» (Нұрпейісов, 1995: 256) атты монографиясын шығарды. Сонымен бірге Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков және Тұрар Рысқұловтың өмірлері мен шығармалығы туралы құжаттық материалдарды жариялап, «Алаш ұлт-азаттық қозғалысы» тарихын зерттейтін ғылыми мектептің негізін қалаушылардың бірі болғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал бүгінгі таңда зерттеушілерімізге еліміздің тәуелсіздігі архив қорларын молынан пайдалануға үлкен серпін беріп жатқандықтан «Алаш» тақырыбын басқа да тарихшылар, филологтар, философтар, әлеуметтанушылар, заңгерлер және т.б. саласының мамандары айналысып жүр. Дегенмен, зерттеушілер Кеңес Нұрпейістің Алаштың ұлттық-территориялық автономиясын іске асыру кезеңін (1917 ж. желтоқсан – 1920 ж. наурыз) бөліп көрсете отырып, Алаштың дербес республика ретінде өмір сүру фактісіне тарихи-құқықтық талдау жүргізудегі ерекше рөлін мойындайды (Балтабаева, 2025: 62–67).

Бүгінгі таңда елімізде болып жатқан өзгерістерді, бұрыннан келе жатқан қазақи оптимизмді, патриотизмді, менталитетті күйзеліс пен қуаныштың сабақтастығы тұрғысынан қарастырылу барысында Алаш қайраткерлерінің күрескерлігін, ұлттық идеялары мен ұстанымдарын, қалдырған мұраларын тәжірибеде қолданбау мүмкін емес.

Ал енді осындай тамаша дүниелерді зерттеп, артынан үлкен ғылыми мұра қалдырған Кеңес Нұрпейісұлы туралы зерттеуші-ғалым, профессор Бүркітбай Аяған: «...әр азаматтың өмірінде жаман да, жағымсыз да адамдар бар. Менің өмірімде кездестірген бір адал азаматым болды. Ол менің ұстазым академик, белгілі тарихшы Кеңес Нұрпейісұлы», – деп ұстазын еске түсіріп отырып: «Қазіргі заман мен гуманитарлық ғылымдардың қазақстандық тарихшылары үшін МанашҚабашұлы, КемелАқышев, ХалелАрғынбаев, КеңесНұрпейіс озық идеялармен жол салып берді. 1990–2000 жылдары бұрынғы ғалымдардың арасында «марксизм-ленинизм» принципінен бас тартқан азаматтар болды. Жаңа озық азаматтар қазақстандық ғылымды тығырықтан шығарып, қазақстандық тарих ғылымын дамытты», – деп (Аяған: 2025: 6–9)] сөзін аяқтады.

Кеңес Нұрпейістің тағы бір шәкірті, белгілі тарихшы, профессор Тұяқбай Рысбеков ұстазы туралы: «...белгілі тарихшы-ғалым, жарқын жүзінен ізгіліктің шуағы төгілген ермінез азамат – Кеңес Нұрпейісұлын ғылым жолын алғашатпаған аспирант кезімізден біледі екенбіз. Осы бірнар тұлғалы, күлгенде көзінен шуақ шашқан ймаңдай, абзал, Кеңес ағамыз туралы өткеншақта жазу біз үшін өте қиын», – деп (Рысбеков, 2025: 9–11) еске алады. Сонымен

бірігі «Алашорда тарихы – ғалым-тарихшы Кеңес Нұрпейісұлының зерттеулерінің негізгі бағыттарының біріне айналды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін республикамызға белгілі ғалымдар «Алашорда» тарихының «өзектілігін» ашуға араласа бастады. Бір кездері осы тақырып бойынша марксистік-лениндік кеңестік тарихнаманың өкілдері тарихи шындықтан өте алыс тұжырымдар жасады. Осылайша, монокоммунистік идеологиялық нұсқа. Бұл мәселе бойынша нақты ғылыми ойдың қоғамдық санада орын луына жол бермегені түсінікті. Бостандықтың өсуі жаңа мәліметтер негізінде тарихғылымында зерттеуге «тыйым салынған» тарихи оқиғалардың мазмұнын ашуға мүмкіндік берді. Алашорда мен оның жекелеген мемлекет қайраткерлері де бұл мәселені қайта қарауды талап етті. Отан тарихындағы осындай авторлардың ішінде белгілі ғалым Кеңес Нұрпейісұлының бірегей қолтаңбасы бар. Тәуелсіздіктің басында біздің ғалым ағамыз біздің туған тарихымызға ешкім қол тигізе алмайтын алқаптың «Алашорда тарихын» зерттей бастады. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының рөлімен орнын мұқият және қатаң ажыратқан ғалым», – деп өз ойын ортаға салды (Рысбеков, 2025: 9–11).

Тарихшы-ғалым А.Т. Капаева: «Кеңес Нұрпейіс экспедицияларға шығып, материал жинап, тарихи оқиғалардың қатысушылары мен куәгерлерінен сұхбат алған. Ол республиканың әртүрлі аймақтарында алты экспедицияда болып, мемуарлар, естеліктер мен тарих бойынша әртүрлі құнды материалдар жинақтаған», – деп келтірген (Капаева, 2025: 19–22). Ал, доцент Жанат Ахметова: «көрнекті ғалым Кеңес Нұрпейісұлы «Алаш һәм Алашорда» монографиясында архивтік материалдарды пайдалана отырып, халқымыздың, ұлттық-мемлекеттілігіміздің қамын ойлап, жандарын қиған асылазаматтарына таңылған жаланы ақтап, көптеген ғылыми жұмыстар жүргізген. Сонымен бірге Кеңес аға отандық тарихтың күрделі мәселелерін, атап айтқанда ХХ ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын, қосреволюция кезіндегі Алаш партиясының жетекшілік еткен Қазақ автономиясының тарихын объективті түрде зерттеген ғалым», – деп атап өтеді (Ахметова, 2025: 32–34). Ал академик Кеңес Нұрпейіс туралы ойын қорытындылаған Ж.К. Ахметова: «...жан дүниесі нұрға толы Кеңес ағаның шәкірттеріне берген білімі мен тәрбиесі теңдесі жоқ дүние. Өйткені, «Тәрбиемен берілген білім – өлшеуі жоқ қазына...» деп атам қазақ айтқандай, бойында адами қасиеті биік Кеңес ағаның берген білімі соңынан ерген шәкірттері үшін бағажетпес байлық екені рас. Сондықтан да, мен Кеңес ағайдың шәкірті болғанымды үнемі мақтанышпен, құрметпен айтып жүремін. Ол – менің басыма қонған бақ деп білемін».

Қорытынды. ХХ ғасырдың басындағы «Алаш қозғалысы» деген атпен танымал Алаш ардақтыларының негізгі ұлттық идеологиясын, еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күресі мен рөлін терең зерттеген ғалым Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми еңбектерінің ұлттық тарихты оқытудағы маңыздылығы көрсетілді. Академиктің еңбектері «Алаш қозғалысының» ұлттық идеологиялық мұрасын терең түсіне отырып, отандық тарихтың маңызды кезеңдерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан да академик Кеңес Нұрпейістің ғылыми зерттеулері қазіргі ұлттық тарихымызды оқытуда, әсіресе ХХ ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің идеологиясын басшылыққа ала отырып, тарихи таным мәселесін түсінуде маңыздылығы өте жоғары деп айтуға болады. Сонымен бірге тәуелсіз еліміздің саяси, мәдени даму бағыттарында жаңа көзқарастар қалыптастыруда маңызы зор. Өйткені, мұндай ұлттық болмысымызды дәріптейтін Алаш зияткерлерінің ұлттық идеяларын дәріптеу тұрғысынан алып қарағанда қазіргі кездегі стратегиялық маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, ғалымның ғылыми мұралары өскелең ұрпаққа құнды мәлімет беретін бірегей еңбектердің қатарында. «Алаш қозғалысын» ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым оның нәтижелері туралы мол еңбектер жазып, Қазақстанда «алаштану» ғылыми мектептің негізін қалаушылардың бірі ретінде тарихта қалды. Тарихи сананы жаңғырту мәселесінің өзекті түйіні *ұлттық идея*.

Әдебиеттер тізімі

- Аманжолова, 2013 — Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора. Алматы: Таймс, 2013. 400 с.
- Ахметова, 2025 — Ахметова Ж.К. Адами қасиеті биік, жан дүниесі нұрға толы Кеңесаға // «Тарихи жад және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы: Қыздар университеті, 2025. Б. 28–31. <https://qyzpu.edu.kz/>
- Аяған, 2025 — Аяған Б.Ф. Ұстазым Кеңес аға туралы // Тарихижад және ұлттық бірегейлік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Алматы: Қыздар университеті, 2025. Б. 6–9.
- Балтабаева, 2025 — Балтабаева К.Н. Государственное преследование и репрессии лидеров и сторонников Алаша (в свете новых архивных источников) // «Историческая память и национальная идентичность» материалы международной научно-практической конференции. Алматы: Қыздар университеті, 2025. С. 62–67.
- Берлібаев, Семжанова, 2025 — Берлібаев Е., Семжанова С. Қазақ зиялыларының орны мен рөлі және академик Кеңес Нұрпейіс еңбектерінің ғылыми құндылығы // «Тарихи жад және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қыздар университеті, 2025. Б. 15–19.
- Брайнин, Шафино, 1935 — Брайнин С.Х., Шафино Ш.Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Алма-Ата: Казахстанское краевое издательство, 1935. 152 с. URL: <https://rev-lib.com/ocherki-po-istorii-plash-ordy/> (дата обращения: 11.02.2025).
- Григорьев, 1990 — Григорьев В.К. Кадеттер жолын қуған партия // Қазақстан коммунисті. № 5. 1990. Б. 62–69.
- Әбжанов, Әлпейісов, 1992 — Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы (құжаттық тарихи зерттеулер). Алматы: Қазақ университеті, 1992. 228 б.
- Капаева, 2025 — Капаева А.Т. История Казахстана XX в (первой половины) в трудах академика К. Нурпейіса // «Историческая память и национальная идентичность» материалы международной научно-практической конференции. Алматы: Қыздар университеті, 2025. С. 19–22.
- Кәкішев, 1990 — Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы // Қазақстан коммунисті. №5. 1990. Б. 75–83.
- Қозыбаев, 1992 — Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университетінің баспасы, 1992. 272 б.
- Қойгелдиев, 2008 — Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылым. Алматы: «Мектеп» баспаханасы, 2008. 480 б.
- Құл-Мұхаммед, 1998 — Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Атамқра, 1998. 360 б.
- Махат, 2001 — Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті (ғылыми басылым). Алматы: «Сөздік-словарь», 2001. 294 б.
- Нұрпейісов, 1990 — Нұрпейісов К. Саяси партия болып санала ма? // Қазақстан коммунисті. № 5. 1990. Б. 69–75.
- Нұрпейісов, 1995 — Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. 256 б.
- Омарбеков, 2001 — Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелері (көмекші оқу құралы). Алматы: Қазақпарат, 2001. 403 б.
- Рысбеков, Шынтемірова, 2025 — Рысбеков Т., Шынтемірова Б. Кісілігі мол кесек тұлға // «Тарихи жады және ұлттық бірегейлік» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қыздар университеті, 2025. Б. 9–11.
- Тоқаев, 2023 — Тоқаев Қ. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» // Egemen Qazaqstan. 20 қазан, 2023. URL: <https://egemen.kz/article/351434-prezident-tauelsizdik-%E2%80%93-barinen-qymbat> (қаралған уақыты: 12.02.2025).
- Хабермас, 2003 — Хабермас Ю. Философский дискурс модерне / Пер. с нем. М.М. Беляева. Москва: Изд. «Весь Мир», 2003. 406 с.
- Хантингтон, 2022 — Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / Пер. с англ. Т. Велимеева. М.: Издательство АСТ, 2022. 640 с.
- Шоқай, 1998 — Шоқай М. Таңдамалы. II-томдық / Құрастырған А.Нүсіпхан. Алматы: Қайнар, 1998. 512 б.
- Brzezinski, 1971 — Brzezinski Z. Between Two Ages. America's Role in the Technotronic Era. New York: William Morrow and Company, 1971. 308 p. URL: <https://archive.org/details/B-001-003-798> (accessed: 30.01.2025).
- Toffler, 1982 — Toffler Alvin. The Third Wave. New York: William Morrow and Company, 1982. 544 p. URL: https://ia801200.us.archive.org/9/items/TheThirdWave-Toffler/The-Third-Wave_-_Toffler.pdf (accessed: 30.01.2025).

References

- Amanjolova, 2013 — Amanjolova D.A. Alaş istoricheski smysl demokraticeskogo vybora [Alash historical meaning of democratic choice]. Almaty: Taimas, 2013. 400 p. (In Russ.).
- Ahmetova, 2025 — Ahmetova J.K. Adami qasietu biik, jan dūniesi nurğa toly Keñes aға [Kenes aға, a man with high human qualities and a soul full of light] // «Tarihi jad және ulttyq biregeilik» atty halyqaralyq ғылыми-tajiribelik konferensianyuñ materialdar jinaғы. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 28–31. (In Kaz.).

- Aiağan, 2025 — Aiağan B.Ğ. Ūstazym Keñes aға turaly [About my teacher Kenes aga] // «Tarihi jad jāne ulttyk biregeilik» atty halyqaralyq ğylymi-tajiribelik konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 6–9. (In Kaz.).
- Äbjanov, Älpeisov, 1992 — Äbjanov H.M., Alpeisov A. Qazaq inteligensiasy men mädeniet turaly [About Kazakh intelligentsia and culture]. Almaty: 1992. 228 p. (In Kaz.).
- Baltabaeva, 2025 — Baltabaeva K.N. Gosudarstvennoe presledovanie i repressii liderov i storonnikov Alaşa (v svete novyh arhivnyh istochnikov) [State persecution and repression of Alash leaders and supporters (in light of new archival sources)] // «İstoricheskaia pämat i nasionalnaia identichnöst» sbornik materialov mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 62–67. (In Russ.).
- Berlibaev, Semjanova, 2025 — Berlibaev E.T., Semjanova S.A. Qazaq zialylarynyñ orny men röli jāne akademik K.Nurpeis enbekterinin ğylymi qundylyğy [The place and role of Kazakh intellectuals and the scientific value of the works of academician K. Nurpeis] // «Tarihi jad jāne ulttyq biregeilik» atty halyqaralyq ğylymi-tajiribelik konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 15–19. (In Kaz.).
- Brainin, Şafiro, 1935 — Brainin S.H., Şafiro Ş.Ş. Ocherki po istorii Alaş Ordy [Essays on the history of Alash Orda]. Alma-Ata: Kazahstanskoe kraevoe izdatelstvo, 1935. 152 p. URL: <https://rev-lib.com/ocherki-po-istorii-alash-orde/> (data obraşenia: 11 fevralä 2025 g.).
- Brzezinski, 1971 — Brzezinski Z. Between Two Ages. America's Role in the Technotronic Era. New York: William Morrow and Company, 1971. 308 p. URL: <https://archive.org/details/B-001-003-798> (accessed: January, 30, 2025).
- Grigorev, 1990 — Grigorev V.K. Kadetter jolyn kugan partia [The party that followed the Cadet path] // Qazaqstan komunisi. №5. 1990. 62–69.
- Kapaeva, 2025 — Kapaeva A.T. İstoria Kazahstana XX v. (pervoi poloviny) v trudah akademika K. Nurpeisa [History of Kazakhstan XX century (first half) in works of Academician K. Nurpeis] // «İstoricheskaia pämat i nasionalnaia identichnöst» sbornik materialov mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 19–22. (In Russ.).
- Kakişev, 1990 — Kakişev T. Şyndyqty bürmalamai, jülmalamai aitaiyqşy [Let's tell the truth without distorting it or tearing it apart] // Qazaqstan komunisi. №5. 1990. 75–83. (In Kaz.).
- Qoigeldiev, 2008 — Qoigeldiev M.Q. Alaş qozğalysy. Bırınşı tom. Ondelip tolyqtyrylğan ekinşi basylym [Alash movement]. Almaty: «Mektep» baspasy, 2008. 480 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1992 — Qozybaev M. Aqtañdaqtar aqiqaty: Oqu quraly [The truth about white people]. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 272 p. (In Kaz.).
- Qul-Mühammed, 1998 — Qul-Mühammed M. Alaş kairatkerleri saiasi kuqyqtyq kozqarastarynyñ evolüsiyası [The evolution of the political and legal views of Alash figures]. Almaty: Atamūra, 1998. 360 p. (In Kaz.).
- Mahat, 2001 — Mahat D. Qazaq zialylarynyñ qasireti [The plight of Kazakh intellectuals]. Almaty: Sözdik-slovär, 2001. 304 p. (In Kaz.).
- Nürpeisov, 1995 — Nürpeisov K. Alaş häm Alaşorda [In Alash and Alashor]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Nürpeisov, 1990 — Nürpeisov K. Saiasi partia bolyp sanala ma? [Is it considered a political party?] // Qazaqstan komunisi. 1990, №5. 69–75. (In Kaz.).
- Omarbekov, 2001 — Omarbekov T. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелері (көмекші оқу құралы) [Current issues of the history of Kazakhstan in the 20th century: an auxiliary textbook]. Almaty: Mektep baspasy, 2001. 403 p. (In Kaz.).
- Rysbekov, Şytemirova, 2025 — Rysbekov T.Z., Şytemirova B.Ğ. Kısılğı mol kesek tulga [A person with a lot of personality] // «Tarihi jad jāne ulttyq biregeilik» atty halyqaralyq ğylymi-tajiribelik konferensianyñ materialdar jinağy. Almaty: Qyzdar universiteti, 2025. 9–11. (In Kaz.).
- Toqaev, 2023 — Toqaev Q. «Tauelsizdik barinen qymbat» [Independence is more precious than anything] // Egemen Qazaqstan. 20 qazan, 2023. URL: <https://egemen.kz/article/351434-prezident-tauelsizdik-%E2%80%93-barinen-qymbat> (qaralğan uaqyty: 12 aqpan 2025). (In Kaz.).
- Toffler, 1982 — Toffler Alvin. The Third Wave. New York: William Morrow and Company, 1982. 544 p. URL: https://ia801200.us.archive.org/9/items/TheThirdWave-Toffler/The-Third-Wave_-_Toffler.pdf (accessed: January, 30, 2025).
- Habermas, 2003 — Habermas İ. Filosofski diskurs o moderne [Philosophical discourse on modernity] / Per. s nem. M.M. Beläeva. M.: Ves Mir, 2003. 416 p. (In Russ.).
- Hantington, 2022 — Hantington S. Stolknovenie sivilizasi [Clash of civilizations] / Per. s angl. T. Velimeeva. M.: İzdatelstvo AST, 2022. 640 p. (In Russ.).
- Şoqai, 1998 — Şoqai M. Tañdamaly [The Chosen Ones]. 2 tomdyq / Qurastyrgan A. Nüsıphan. Almaty: Qainar, 1998. 512 p. (In Kaz.).



Published in the Republic of Kazakhstan
Scientific Journal
"Central Asian courier"
Has been issued as a journal since 2025
ISSN 3105-241X.
Vol. 2. Is. 1, pp. 125-143, 2026
Journal homepage: <https://sjcascourier.com/>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.64970/3105-241X_2026_2_1_125-143

A VICTIM OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S: THE SCIENTIST AND AGRONOMIST SMAGUL KAZBEKOV

Aliya Toymakhanovna Suleimenova

¹Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2026
© Suleimenova A.T., 2026

Abstract. Introduction. The history and essence of the political repressions carried out in Kazakhstan in the 1920s and 1930s, the course of the collapse of the Bolshevik power against representatives of the Kazakh intelligentsia, the mechanisms of the policy of political repression carried out by the Soviet authorities were shown. Goals and objectives of the study. Study of archival documents and publications about the life and socio-political activities of Smagul Suleimenovich Kazbekov, the first agronomist, scientist of Kazakh origin, who held a leadership position in the early 1920s in Petropavlovsk province, Aday uyezd, his exile with Alash figures in 1929, his execution in 1938, the consequences of family members. *Methods and materials.* New methodologically studied archival data and scientific research were considered as research materials. An analysis of archival data and published scientific works was carried out. The archive of the president of the Republic of Kazakhstan October Revolution, Goloshchekin *Results.* The "party purges", political repressions carried out by the Bolshevik authorities, the mass repressions of the Kazakh leaders, literate citizens with an open mind, were revised through archival documents and factological data. The collected issues of the 1920s-1930s, such as "Kazakh nationalism", "participated in the creation of counter-revolutionary organizations", "engaged in destructive work in industrial areas", etc., as well as works on accusations, archival data, objective and subjective aspects of answers in investigative cases, should be evaluated in a new way. *Conclusions.* A historical assessment of the process of arrest and exile of the "forty judges of Alash" in 1929, one of the main campaigns of the "little Kazan" revolution, undertaken by F. Goloshchekin in 1925-1933, was given. In the course of this campaign, an examination of the life and activities of S. Kazbekov and his wife M. Kazbekova, son Erden and daughter Elke were carried out as victims of political repression.

Keywords: agronomist, political repressions, Kazakh nationalism, Small October Revolution, S. Kazbekov, A. Kenzhin, M. Tulepov, F. Goloshchekin

Acknowledgements. the article was prepared in accordance with the plan of the Science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan for the implementation of the fundamental scientific project «Irn:BR24993057 fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full justification».

For citation: Suleimenova A.T. A victim of political repressions in Kazakhstan in the 1920s and 1930s: the scientist and agronomist Smagul Kazbekov // Scientific Journal "Central Asian courier". 2026. Vol. 2. No. 1. Pp. 125-143. (In Kaz.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_125-143

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНДЕР ҚҰРБАНЫ – ҒАЛЫМ, АГРОНОМ СМАҒҰЛ ҚАЗБЕКОВ

Алия Тоймахановна Сулейменова

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы
(Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

Андатпа. *Kіріспе.* Қазақстандағы 1920–1930-жылдарда жүргізілген саяси қуғын-сүргіндердің жүргізілуі, большевиктік биліктің қазақ зиялы қауым өкілдеріне қарсы жүргізген қуғындау барысының тарихы мен мәні, кеңестік билік органдары жүзеге асырған саяси-қуғын-сүргіндер саясатының механизмдері көрсетілді. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* 1920–1930-жылдардағы партиялық тазалаулар мен саяси қуғын-сүргіндерге қатысты деректерді ғылыми айналымға енгізу. Қазақтан шыққан алғашқы агроном, ғалым, Петропавл губерниясында, Адай уезінде 1920-жылдардың басында басшылық қызмет атқарған Смағұл Сүлейменұлы Қазбековтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, 1929 жылы Алаш қайраткерлерімен бірге қуғындалуы, 1938 жылы ату жазасына кесілуі, отбасы мүшелерінің бастан кешкен зардаптары жайындағы архивтік құжаттар мен жарияланымдарды зерделеу. *Әдістері мен материалдары.* Жаңа методологиялық тұрғыдан зерделенген архивтік деректер мен ғылыми ізденістер зерттеудің материалдары ретінде қарастырылды. Архивтік деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге талдау жұмысы жүргізілді. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Жалпы ғылыми әдістер де (анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция) қолданылды. *Нәтижелер.* Большевиктік билік жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндер қазақтың бас көтерер қайраткерлерінің, көзі ашық сауатты азаматтардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. 1920–1930-жылдардағы «қазақ ұлтшылдығы», «контрреволюциялық ұйымдарды құруға қатысты», «өнеркәсіп орындарында бүлдіру жұмыстарымен айналысты» және т. б. айыптаулар жайлы жазылған еңбектер, архив деректері, тергеу істеріндегі жауаптардың объективтік және субъективтік қырлары сияқты қордаланған мәселелер жаңаша бағалануы тиіс. *Қорытындылар.* 1925–1933-жылдары большевиктік эмиссар Ф. Голощекин қолға алған «Кіші Қазан» революциясының негізгі науқандарының бірі – 1929 жылғы «Алаштың қырық төресінің» тұтқындалуы, қуғындалуы процесі барысына тарихи баға берілді. Аталған науқанды жүргізу барысындағы саяси қуғын-сүргін құрбаны Смағұл Қазбеков пен зардап шегуші ретінде оның жұбайы Мағрифа Қазбекованың, ұлы Ерден мен қызы Елкенің өмірі мен қызметіне сараптама жасалды.

Түйін сөздер: агроном, саяси қуғын-сүргіндер, қазақ ұлтшылдығы, Кіші Қазан революциясы, С. Қазбеков, А. Кенжин, М. Төлепов, Ф. Голощекин.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН:BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сулейменова А.Т. Қазақстандағы 1920–1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер құрбаны – ғалым, агроном Смағұл Қазбеков // Scientific Journal "Central Asian courier". 2026. Т. 2. № 1. 125-143 бб. (Қазақш.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_125-143

ЖЕРТВА ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ 1920-1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: УЧЕНЫЙ, АГРОНОМ СМАГУЛ КАЗБЕКОВ

Алия Тоймахановна Сулейменова

Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Астане
(Астана, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

Аннотация. *Введение.* История и сущность политических репрессий в Казахстане в 1920-1930-х годах, проводившихся большевистской властью против представителей казахской интеллигенции, отражены механизмы политико-репрессивной политики, проводимой советскими органами власти. *Цели и задачи исследования.* Изучение архивных документов и публикаций о жизни и общественно-политической деятельности первого казахского агронома, ученого, занимавшего руководящие должности в Петропавловской губернии, Адайском уезде в начале 1920-х годов, изгнании с деятелями Алаш Орда в 1929 г., расстреле в 1938 г., переживаниях членов семьи. *Методы и материалы.* Новые методологически изученные архивные данные и научные изыскания рассматривались как материалы исследования. Проведен анализ архивных данных и опубликованных научных работ. Также использовались общенаучные методы (анализ, синтез, обобщение, индукция, дедукция). *Результаты.* «Партийные чистки», политические репрессии, проводимые большевистской властью, были пересмотрены с помощью архивных документов и фактологических данных о массовых репрессиях казахских деятелей, интеллигенции дореволюционного периода. В 1920–1930-е гг. появились такие обобщенные вопросы, как труды об обвинениях в «казахском национализме», «в создании контрреволюционных организаций», «занимался подрывными работами на производствах» и др., Данные архива, объективные и субъективные аспекты ответов в следственных делах. *Выводы.* В 1925–1933 годах была дана историческая оценка хода процесса ареста, изгнания «сорока главарей Алаша» 1929 года, одной из основных кампаний «Малой Казанской» революции, предпринятых Ф. Голощекиным. В ходе проведения данной акции была проведена экспертиза жизни и деятельности жертвы политических репрессий С. Казбекова и его супруги М. Казбековой, сына Эрдена и дочери Эльке.

Ключевые слова: агроном, политические репрессии, казахский национализм, революция Малый Октябрь, С. Казбеков, А. Кенжин, М. Тулепов, Ф. Голощекин

Благодарность. Статья подготовлена в соответствии с планом реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «ИРН: BR24993057 фундаментальные исследования основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

Для цитирования: Сулейменова А.Т. Жертва политических репрессий 1920-1930-х годов в Казахстане: ученый, агроном Смагул Казбеков // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. С. 125-143. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_125-143

Кіріспе. Алаш зиялылары «Кіші Қазан» науқаны кезінде алғашқылардың қатарында большевиктік билік басындағы Ф. Голощекиннің қаһарына ілікті. Алаш қозғалысының қайраткерлері, белсенділері, қазақ оқығандары, зиялы қауым өкілдері «буржуазиялық ұлтшыл», «контрреволюционер», «буржуазиялық мемлекеттердің агенттері» және «халық жауы» деп айыпталды.

Репрессия құрбандарын толық ақтауға байланысты құрылған комиссияның мүшесі ретінде Алаш тұлғаларына байланысты әлі де шешімін таппаған мәселелер бар ма? деген тілші

сұрағына берген жауабында академик-ғалым М. Қойгелдиев: «Мақсат – халқына лайық таңдаған жолы үшін кінәлі саналып, жазаланған тарихи буынның қызметіне, бүгінгі ұрпағының көзқарасы мен ұстанымын білдіру. Яғни, біріншіден, өткен ғасырдың басында антифеодалдық және антиколониалдық сипатта өмірге келіп, қызметін ағартушылықтан бастап, халқын мемлекеттік ұлт деңгейіне көтеру ісін қолға алған Алаш буыны бастаған қозғалысты қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде тану. Екіншіден, оның мақсатты қызметі нәтижесінде өмірге келген Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясы қазақ мемлекеттілігін жаңғырту әрекеті есебінде мойындау. Үшіншіден, осы жалпыұлттық азаттық қозғалысты бастап жүргізген оның басшылары мен қолдаушыларын азаттық қозғалыстың қаһарман тұлғалары ретінде мойындау. Осы ұсыныста табиғи тілектен артық нәрсе бар ма? Меніңше, жоқ. Бұл – біздің буын айтуға тиісті ақиқат» (Қойгелдиев: 2024).

Жұмыстың жаңалығы. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі қйраткерлерінің ұлттық мемлекет құру, ғылым мен білімді дамыту жолындағы істерін жалғастырушы, мемлекет және қоғам қайраткері Қазбеков Смағұл Сүлейменұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты ғылыми айналымға жаңадан енгізілген құжаттар сарапқа салынды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде тізімге іліккен С. Қазбековтың А. Кенжин, М. Төлепов, С. Сәдуақасов және т. б. қатарында тізе қоса еңбек еткені айқындалды. 1922 жылы Петропавл, Ақмола уездерінде жергіліктендіру, қазақтарды жерге орналастыру жұмысын жүзеге асыру барысында «ұлтшылдықпен» айыпталып, қызметтен босағаны, Адай уезінде болған қақтығыстарды басу үшін республика басшылығы тарапынан арнайы жіберілгені анықталды. Жаңадан ғылыми айналымға енгізілген 1929–1938 жылдардағы тергеу істерінің деректеріне сүйене отырып оның академик Н. Вавиловтың ғылыми экспедициясының құрамында Америка Құрама Штаттарында болғаны, агрономия, дәнді дақылдарды өсіру, тұқымдарды асылдандыру мәселелерімен айналысқаны көрсетілді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі болды. Жалпы ғылыми әдістер де (анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция) қолданылды. Архивтік деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге талдау жұмысы жүргізілді. Мақалада жарияланған мәліметтер дереккөздерге, саяси қуғын-сүргіндер мен ұлтшылдыққа, өндіріс орындарында террористік іс қимыл жүргізді деген айыптау мәселелеріне қатысты елеулі еңбектерге сүйенеді. Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне сақтауға берілген ПХК, МҚК ведомстволарының арнаулы архивтерінің № 352 қорының 1928–1938-жылдардағы қылмыстық істері, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі Қазақ АКСР Бақылау комиссиясы – Жұмысшы-Шаруа инспекциясының № 44-қорының 1930–1935-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды.

Нәтижелер. Қазіргі уақытқа дейін зерттеушілер назарынан тыс қалып келген, көпшілігінің «құпия» айдарына сәйкес пайдалануға шектеу қойылған арнаулы архивтердің құрамындағы қылмыстық істердің деректері ғылыми талдау нысанына алынды. Ресей, Татарстан елдеріндегі саяси қуғын-сүргіндердің жүргізілуі, құрбандар мен зардап шеккендердің өмірі мен қызметі зерделенді. Үлкен террор, партиялық тазалаулар, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық академиясы (ВАСХНИЛ) Қазақстандық бөлімінің зерттеу жұмыстарына С. Қазбеков, Ш. Күсепқалиев және т. б. қатысуы сирек қорлар қатарындағы ғылыми еңбектер арқылы айқындалды. Қылмыстық істердің тергеу хаттамаларында келтірілген ауыл шаруашылығын отырықшыландыру, байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу, Қарсақпай кен орны мен Шымкент қорғасын зауытындағы қазақ жұмысшыларының жағдайы және т. б. қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыптарына қатысты ғылыми, ғылыми көпшілік әдебиеттер ғылыми-зерттеушілік мақсатта сарапталды.

XX ғасырдың аумалы-төкпелі 20–30-жылдарының оқиғасын баяндайтын құжат елге елеусіз қалған тұлғаның сұлбасын көрсетеді. Сұлбасы дейтініміз ол туралы деректер әлі де жанама күйде қалып отыр. Революцияға дейінгі кезеңде білім алған сауатты, білікті азаматтар большевиктік биліктің әкімшілік органдарында қызмет етуге тартылғандығы, 1929 жылғы тазалауларға іліккенге дейін Алаш қозғалысына қатысқандар билік басында отырғандығы мәлім. 1920–1946 жылдардағы халық комиссарларының құрамына зер салсақ, Алаш партиясының мүшелерімен қатар, ұлттық идеямен қаруланған қайраткерлер ел ертеңі жолында қызметке кірісті. Атап айтқанда А. Байтұрсынов (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 96, 97) оқу ағарту халық комиссары, Ғұбайдолла Әлібеков (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 89) әділет халық комиссары, Ш. Бекмұхамедов әділет халкомы (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 108), Есенғали Қасаболатов қаржы халық комиссарының орынбасары (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 267), Қалменов Атлаш жергілікті өнеркәсіп халық комиссары (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 28), Жер ісі халық комиссариатын әр жылдары, Ә. Әлібеков (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 88) басқарды. А. Кенжин (Қазақстанның халық комиссарлары: 2004, 237) оқу ағарту комиссарының орынбасары (1922), Ішкі және сыртқы сауда халық комиссары (1924–1928) және т.б. соңынан барлығы дерлік халық жауы ретінде ату жазасына кесілді.

Большевиктік биліктің басқару органдарында қызмет еткендердің көпшілігі Алаш қозғалысына тікелей қатыспаса да, оның идеясын өмірінің ұстанымына айналдырып, қоғамдық-саяси қызметінде берік ұстын етіп өтті. Ж. Мыңбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы зерттеу еңбектің авторы Ә. Спан: «Жалау Мыңбайұлы туралы «Алаштың» жастар арасындағы тірегі, филиалы» деген қорытындыға келеді. 1914 жылы алғаш Омбыда құрылған, ұйымдастырушыларының қатарында Асылбек, Мұратбек Сейітовтер, Мұхтар Саматов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Ахмет Баржақсин, Шахмардан Әлжановтар, 1917–1918 жылдар ұйым қатарына Ә. Байділдин, А. Сейдалин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжановтар толықтырды. 1917 жылы 1–4 қазанда «Бірліктің» кеңейтілген мәжілісі болып, оған 100-ге жуық өкіл қатысады деген мәлімет береді (Спан: 2000, 56). Орталық Қазақстанда өріс алған жастардан құралған «Бірлік» тобының мүшесі, жүздің қатарында Қазбеков Смағұл Сүлейменұлы да болды.

Смағұл Сүлейменұлы Қазбеков 1937 жылғы 21 маусымдағы тергеу хаттамасындағы жауабында: «Колчактың Далалық соты кеңестік биліктің пайдасына үгіт жүргізгенім үшін ату жазасына кесілдім, қашып құтылдым» деп көрсетеді (Алашорда ісі: 6 том, 269). Бұл мәлімет қосымша дерекпен анықталып отыр. ІХК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 3-бөлімінің анықтамасында 1914–1937 жылдар аралығында революцияға дейінгі уақытта Омбы қаласында өмір сүрген «Бірлік» деп аталатын ұлтшыл жастар үйірмесінің мүшесі болғандығы аталып өтеді (Алашорда ісі: 6 том, 273).

РК (б) П Қазақ облыстық комитетінің өңірлердегі органдарында да жергілікті қазақ оқығандары қызмет атқарды. Омбы қаласында ауыл шаруашылық уичилищесін бітірген Смағұл Сүлейменұлы Қазбеков те алғашқылардың қатарында жүрді. Бұл жөнінде архив деректері баян етеді.

Семей, Ақмола өңірлеріндегі губкомдардың жұмысын тексеруге барған уәкілетті өкілдер С. Сәдуақасов, А. Кенжиннің жергілікті жерлердегі билікті таратып, олардың орнына қазақ оқығандарын алып келуі жоғары партия билігі тарапынан қатаң сынға ұшырады. Ұлтшылдық ретінде айыпталды. Мәселелері арнайы қаралды да. ҚР Президентінің Архивінде сақталған төмендегі құжатта 1922 жылы Ақмолада болған оқиғаны баяндайды.

Орынбор қаласында РК(б) П Қырғыз (Қазақ) обкомы, Қырғыз (Қазақ) ОАК уәкілетті мүшесі Кенжиннің Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасы Қарақұтовтың өлтірілуі бойынша істі толық тергеу үшін жаңа комиссияны жіберу мәселесі бойынша ерекше пікірі бар өтініші 1922 жылы 13 маусымда жасалды. А. Кенжин аталған өтініште РК (б) П губерниялық комитетінің шешімін мүлде дұрыс емес деп есептей отырып, себептерін нақтылап көрсетеді:

1. Төлепов, Куценко, Наймуш жолдастардан тұратын уәкілетті комиссияның тексеру материалы губерниялық комитет отырысында хабарланбады, осыған байланысты

губерниялық комитет мүшелері комиссия жинаған материалдың мазмұнымен толық таныса алмады.

2. Иманәлі болысының атқару комитетінің төрағасы Қарақұтовтың зорлықпен өлтірілуі оқиғасын нақтылау дерегін комиссия толығымен табысты жүргізді деп есептеймін, бұл Қарақұтов ісіне тікелей немесе жанама түрде қатысы бар адамдардан алынған жауаптардан көрінеді, сонымен қатар тергеу азаматтың қандай негізде өлтірілгенін жеткілікті деректермен анықтап қана қойған жоқ. Қарақұтовтың өлімі, ал Мальцев пен Новокрещеневтің өлтірілуі жүйелі террордың нәтижесі екені сөзсіз анық.

3. Қарақұтовтың ісін тергеу барысында оның зорлық-зомбылықпен өлтірілуіне қатысты іске қатысқан адамдардан жауап алу кезінде нақтыланған басқа да қылмыстар анықталды және оларды комиссия жеткілікті түрде қамтыды.

4. Материалдың қаншалықты назар аударуға лайық екендігі туралы Революциялық трибуналдан қорытынды болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және РК (б) П губерниялық комитетінің сот тергеу органы болып табылмайтынын айта отырып, комиссияны губерниялық комитет пен губерниялық атқару комитеті Иманәлі болыстық атқару комитеті төрағасы азамат Қарақұтовтың кісі қолынан қаза табу фактісін анықтау мақсатында ғана жіберген және мұндай факті толық анықталған. Кісі өлтіруге сыбайластардың: Сорокиннің, Лебедевтің, Ивановтың және басқалардың бірқатар айғақтары, сондай-ақ бірқатар куәгерлердің айғақтары дәлелдегендей, мен РК (б) П губерниялық комитетінен басқа комиссия жіберуді мүлдем қажеті жоқ деп есептеймін, өйткені істі одан әрі қарай бағыттау трибуналдың материалды тергеуіне байланысты болуы керек. Сондай-ақ осы іске қатысуға тиіс басқа адамдарды тарту қажет.

Партия қатарын нығайту мәселесіне келсек, губерниялық комитеттің коммунистік ячейкаларға нұсқау беру, тексеру және олардың жұмысын жақсарту бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін мықты жолдастарды жіберуі қажет еді, комиссияның жұмысына қарағанда жергілікті жердегі сауатты мамандардың жұмыс істегені әлдеқайда тиімді әрі дау-дамайсыз жүргізілетін еді» деп көрсетеді.

А. Кенжин мен М. Төлеповтың комиссиясына сенім артқан жергілікті тұрғындар орын алған бассыздықтар туралы өтініштер, арыз-шағымдар жасағандығын архив деректері көрсетеді. Петропавл уезі Жамантұз болысы № 1 ауыл тұрғыны Т. Найманбаев 1922 жылы 22 маусымда А. Кенжинге қылмыстық істі тергеу және материалдық шығынды өтеу туралы өтініші назар аудартады. Орысша сауатсыз Телтай Найманбаевтың хатын орысшаға Мағжан Жұмабаев аудартады, оның орнына Уәлиахмет Исатаев қол қояды.

«Мен, Найманбаев, сәуір айында Көкшетау қаласына іс бабымен бардым, үйге келген соң мынадай оқиғаны білдім.

Столыпинский болысының Самохваловка поселкесінің азаматтарының бірінен 2 жылқы ұрланған екен, олардың ізі менің ауылымның жанынан өтіп кеткен. Жоғарыда аталған ауылдың жылқы іздеген азаматтары Явленский ауылынан келген, қарақшыларды ізін кесіп жүрген КомЧОН жасағымен кездеседі.

Осы отрядпен бірге Самохваловка поселкесінің азаматтары Лаврентий Лимор, Захар Лимор, Тихон Самохвалов, Митрофан Лимор және Петр Афанасьев ауылға келіп, барлығын тінтіп, қаруларын оқтап, ауылдың барлық азаматтарын соққыға жығып жазалайды. Нәтижесінде Қасым Тұндыбаевтың киіз үйінен екі тері тапқан: бірі қасқыр шауып өлтірген жылқының, екіншісі ірі қараның терісін тауып алған, содан кейін олар өздерінің жылқыларының терілері деп мәлімдеген. Олар төсегінде ауырып жатқан Тұндыбаевты камшымен ұрып, тұтқынға алады, өздерімен бірге Тұндыбаевқа тиесілі екі бұқаны алып кетеді. Тұндыбаевтан және осы ауылдың тағы бір азаматынан Самохваловка поселкесіне бір сауын сиыр немесе қозылы бес қой ауылға жеткізуді талап етеді. Содан олар менің киіз үйіме кіріп, 200 миллион сом тұратын түрлі бағалы заттарды алып кетеді.

Шамамен айтқанда менің бір биемді, ер-тұрмандары мен арбаларымен қолды етіп алып кетті. Столыпинский поселкесіне жете бергенде биені қайтарды, азамат Тұндыбаев қашып кетті деген желеумен атылады. Кейін белгілі болғандай, Самохваловкадан келген жылқыларды

Таранғұл болысына қарасты №4 ауылдың қырғыздары Нұрғажы Шамсутдинов пен Байбосын Алдабергенов ұрлап кеткен. Мен Петропавл қаласының маңында ұстаған кезімде Нұрғажы Шамсутдинов пен Байбосын Алдабергенов қылмыстық әрекеттер жасағанын мойындады. Бұл барымташыларды бір жылқымен (екіншісін сатып жіберген) Явленскідегі халық сотына тапсырдым. Бірнеше бұқа мен жылқыны иелеріне қайтарып берді. Халық сотының үкімімен түрмеге түскен екі барымташының бірі қамаудан қашып құтылса, екіншісі шартты түрде бостандыққа шықты. Маған келтірілген материалдық шығынды бұрын айтқанымдай халық соты қараған жоқ. Губерниялық атқару комитетінің төрағасы жолдас Қазбеков Губерниялық тергеу басқармасының бастығына тиісті тапсырма берді. Губерниялық тергеу агенті халық сотының шешімімен шартты түрде бостандыққа шыққан барымташыны ұстап, Петропавл қаласына КомЧОН басшысы Карягин мен оның хатшысы Сироткинді жауапқа шақырады. Маған жеткен мәлімет бойынша, мені ауылымда милиция өкілдері іздеп жүр. Егер мен олардың қолына түссем, онда мен де мергендердің қолынан құтылмаймын деп ойлау керек.

Мұндай жағдайлар қырғыз (казак) даласында жиі кездеседі. Милиция агенттері мен түрлі жасақтар (отрядтар) әлдебір қаракшыларды қуамыз деген желеумен жергілікті халықпен араласып, қиянат жасайды. Қырғыздарды заңсыз, сотсыз жолмен атып, мал-мүлкін тонап жатыр. Жоғарыда айтылғандарды айта келе, Кенжин жолдас, осы істі тергеп-тексеруді, кінәлі тұлғаларды қатаң жауапкершілікке тартуды, мені жергілікті биліктің зорлық-зомбылық әрекеттерінен қорғауды және менің материалдық шығынымды өтеу үшін жергілікті атқарушы органдарға тиісті ұйғарым шығаруыңызды сұраймын».

Алаш ардақтылары А. Кенжин мен М. Жұмабаевтың құжат арқылы кездесуін осы архив деректері айғақтайды (Сүлейменова: 2012, 96, 190, 191).

Ұзақ сонар бұл ақпарат С. Қазбеков басшылық еткен Петропавл уезінде орын алған оқиғаның баяндайды. 1922 жылғы 26 маусымда Қазбековті қызметінен босату туралы шешімге қарсылық білдірген РКП(б) Қырғыз обкомы, Қырғыз ОАК уәкілетті өкілдері Кенжин мен Төлеповтің ерекше пікірі бар мәлімдемесі де Петропавл уезіндегі орын алған бассыздықтарды ауыздықтау әрекетін көрсетеді. Олар өздерінің қарсылықтарын бірнеше тармақтарға бөліп, дәлелдеуге тырысады.

«Қазбековті губерниялық атқару комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы губерниялық комитет бюросының қаулысымен келіспейміз және оны келесі себептер бойынша түбегейлі дұрыс емес деп санаймыз:

1. Біздің ойымызша, Қазбеков жолдас губерниялық комитеттің пленумының қаулысына өз пікірін білдіруде айыпты ештеңе жасаған жоқ. Бюроның қабылдауға болмайтын, әдепсіз және т. б деп санайтын кейбір сөздері тек жүйке толқуы мен асығыс тұжырымның нәтижесі болуы мүмкін. Ал оның бюродағы түсіндірмесінен кейін бұл ұйғарымдарды біз қажетсіз деп санаймыз.

2. Губерниялық комитет бюросының бұл мәселені талқылауға деген көзқарасын да дұрыс емес деп санаймыз: Қазбековтың кандидатурасын талқылау кезінде мәселенің іскерлік жағы ескерілмеді. Сұрақтың ресми-құқықтық тұрғыда қойылуымен келіспейтін болсақ (мысалы: Қазбековтың арызға қол қоюы туралы талап: «Өз пікірінің қателігін түсінуі» жайлы мәлімдемесі және т. б.), біз қазіргі уақытта губерниялық атқару комитетін өзгертуге жол бермеу туралы өз ойымызды, өз пікірімізді ұсынамыз.

3. Бұған қоса, бұл мәселеге губерниялық атқару комитеті төралқасы мен басқа органдар тарапынан барынша күш-жігер мен қаражат жұмсауды талап ететін қайта сайлау науқаны күтіп тұр. Бұған қоса, Кеңестердің губерниялық съезі келе жатыр, онда атқару комитетінің жылдық жұмысы туралы егжей-тегжейлі, толық есеп беру, тәжірибені ескере отырып, өткен жұмыстың кемшіліктерін жою қажет. Осыған орай, төрағаның ауысуы мен басқасын таңдау есеп беруде көрініс табатыны сөзсіз.

4. Қазбековтың губерниялық атқару комитетіндегі көп жылғы төрағалық қызметінің нәтижесінде бөлімдермен берік, іскерлік байланыс орнатылды және нығайтты және белгілі бір бөлімнің белгілі бір аймағындағы мемлекеттік жұмыстың толыққанды жүргізілуіне қол жеткізді. Губатоком төрағасын басқа адаммен алмастыру жүргізіліп жатқан жүйелі, жоспарлы

жұмысқа түбегейлі нұқсан келтіреді және жаңа адам айтарлықтай уақытын губерния кеңесінің жұмысымен жалпы танысуға жұмсайды.

5. Соңында, Қырғыз (Қазақ) обкомы, Қырғыз (Қазақ) ОАК директиваларын Ақмола губерниясының аумағында орындау барысында біздің қызметіміздің жүзеге асырылу қарқынын, тәртібі мен егжей-тегжейлерін жаңадан тағайындалған адам мүлдем білмейді, жаңа адам болады деген ұстаныммен ешбір жағдайда келісе алмаймыз. Соның салдарынан науқаннан хабарсыз қалу біздің болашақтағы барлық жұмысымызды айтарлықтай әлсіретеді. Сондықтан бюродан өз шешімін қайта қарап, Қазбековті губерниялық атқару комитетінің төрағасы қызметінде қалдыруды сұраймыз.

Әйтпесе, РК (б) П өлкелік комитеті атынан санкция мәселесіне қатысты арнайы пікіріміз телеграф арқылы жеткізілген өлкелік комитет пен Орталық Атқару Комитетінен үзілді-кесілді жауап алғанша, сіздің шешіміңіздің орындалуын тоқтата тұруды ұсынып отырмыз».

Губерниялық атқару комитетінің төрағасы Қазбеков 1922 жылы 6 шілдеде Қырғыз (қазақ) өлкелік әскери комиссариатқа, көшірмесін Қырғыз (қазақ) обкомына, Қырғыз (қазақ) ОАК төрағасы Меңдешевке, ХКК төрағасы Мырзағалиевке жіберуді өтіне отырып, жергілікті биліктің заңсыз әрекеттері туралы жеделхат жолдайды. Жеделхатта ол Петропавл уезінің аумағында әртүрлі желеулермен қырғыздардың (қазақтардың) өлтірілуі жиілеп кеткендігін атап өтеді. «ГПУ қызметкерлерінің Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасын белгісіз себептермен тұтқынға алып, қашуға әрекет жасады деп атып өлтіргендігі жайлы ақпаратты маусымның басында алған. Ұлттық негізде осыған ұқсас адам өлімінің орын алуы және мұндай қылмыстардың ұлғаюының алдын алу мақсатында губком төрағасының рұқсатымен қабылданған губатком төралқасының қаулысы негізінде Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасының өліміне байланысты тергеу үшін құрамында Қырғыз (қазақ) Обкомы уәкілетті өкілі Төлепов, губмилиция бастығы мен губревтрибунал төрағасы Куценко бар ықпалды (авторитетный) төтенше уәкілетті тергеу комиссиясы жіберілді. Комиссия Иманәлі болыстық атқару комитетінің төрағасының өлімі және оның алдында жасалған үш қылмыс деректері алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүзеге асырылғандығын анықтады. Бұл қылмыстардың бастамашысы губком мүшесі Вороновтың санкциясымен жұмыс жүргізген. Комиссия жұмыс істеген кезде Петропавл уезінің қазағы, өлім орын алған ауданда тұратын Воронов үйінде демалыста болған. Осындай хабарлама алған соң Губком төралқасының қаулысымен Воронов қамауға алынады, комиссия қайтып кеткен соң губком мүшесі Сафроновтың талап етуімен, комиссияның баяндамасы мен Вороновты тұтқындау туралы мәселе губком пленумының мәжілісінің қарауына ауыстырылады. Тіптен басқа нәрсе болып шығады. Жауапты хатшы Данилов пен мүшелері Сафронов, Баталовтардың талап етуімен орын алған қылмыстарды қайта тергеу үшін басқа комиссия құрылады. Осылайша жоғарыда көрсетілген абыройлы комиссияның губком қаулыларына қарағанда күшінің жоғарылығына қарамастан сенімсіздік білдірілді, тергеу ісі тоқтатылды, қылмыскерлер сайран салып жүр. Мұндай қаулыға Қырғыз (қазақ) ОАК уәкілетті өкілдері Кенжин, Төлепов және губкомның басқа мүшелері қарсылық танытқанымен, аз ғана басым дауыспен ол қаулы қабылданып кетті. Мұндай қысымда жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ деп есептеп, губатком төрағасы лауазымынан босату және менің орныма басқа біреуді тағайындау туралы арыз жазуға мәжбүр болдым» (ҚР ПА.139-қ. 1-т. 266 а-іс. 90–94-п.).

Қазбековтың арызы губком төралқасының мәжілісінде Данилов, Сафронов, Баталов, Бейсенев, Межня және шешуші дауыс құқығымен Кенжин, Төлеповтардың қатысуымен қаралды. Бірінші үш дауыспен Қазбеков губатком төрағасы лауазымынан алынып, оның орнына Шәріпов тағайындалды. Қазбеков бұл қаулының күші жоқ екендігін, Орталық бекіткен лауазымынан Қырғыз (қазақ) ОАК, Қырғыз (қазақ) обкомының арнаулы нұсқауынсыз қызметті тапсырудан бас тартатынын, одан әрі қандай қадамдар жасау жайлы нұсқау күтетіндігін мәлімдеді. Орталықтың тарапынан шұғыл шаралар қолданылмаса, азық-түлік салығы науқаны, жаңа жер реформасы және т. б. маусымдық тапсырмалар өз уақытында орындалмай қалуы мүмкін екендігін, жауап күтетіндігін ескертеді.

Орынбор қаласында 1922 жылғы 16, 17 шілдеде өткен РК (б) ПҚырғыз (қазақ) облыстық комитеті төралқасының мәжілісі Ақмола партия ұйымындағы келеңсіз құбылыстар туралы мәселені қарады.

Қатысушылар: Асылбеков, Меңдешев, Полозов, Бақылау комиссиясының төрағасы Яковлев, облыстық жастар комитеттің хатшысы Алексеев, Қырғыз(қазақ) обкомы, Қырғыз (қазақ) ОАК уәкілетті өкілдері: Кенжин, Төлепов және Сәдуақасов. Қостанай губерниясынан: Тараненко және Банк. Ақмола облысынан: Шәріпов, Қазбеков, Катченко, Бейсенов және Шаповалов.

Мәжілісте Қырғыз (қазақ) облыстық комитет пен Орталық Атқару Комитетінің уәкілетті өкілдерінің жұмыс туралы есебі тыңдалды.

Ақмола облысы бойынша Кенжин баяндайды: «Ақмола губерниясында болған кезінде губерниялық атқару комитетінің барлық губерниялық бөлімдері тексеріліп, нұсқау берілді. Бөлімдерден жазбаша есептер қабылданып, мұқият тексеріліп, жауапты басшылармен бірге талқыланды. Жалпы кемшіліктерден мыналар анықталды: халық комиссариаттарының несиелерді уақтылы ашпауы, банкноталардың тіптен болмауы және жергілікті салықтардың түсімдерін қоспағанда, мұндай ақшаның 4 ай бойы болмауы орын алды. Кейбір бөлімдер Орынбор қаласына қарағанда Сібір революциялық комитетімен тығыз байланыста. Барлық бөлімдердің ортақ кемшілігі де басшылардың жиі ауысуы.

Өңірлермен, сондай-ақ Орталықпен, Орынбор қаласымен байланысы әлсіз. Көптеген бөлімдер бір мезгілде 3 орталықтың: Мәскеу, Н-Николаевск және Орынбордың бұйрықтарын басшылыққа алады. Жергілікті жерлерде партиялық жұмыстың жағдайы әлсіз; аудандар өз міндеттерін мүлде білмейді немесе елестетпейді. Партия ұяларында одан да нашар; партияның тапсырмалары туралы шамалы болса да түсінік жоқ. Партиялық тәртіп те, Жарғы деген ұғым да жоқ. Полиция мен сот-тергеу органдарының қызметіне партия мүшелерінің және жалпы ұялардың анархиялық араласу құбылыстары бар.

Мәжілісте сөз алған Шәріпов: Кенжин жолдастың айтқан кемшіліктерін жоққа шығаруға болмайды. Оларға өткізілген көптеген іс-шаралар туралы айтылады, бірақ мұның қалай жүзеге асырылғанына ешқандай шектеулер жоқ, сондықтан мұның барлығын іс жүзінде жоқ уәкілетті адамдар жасаған сияқты. Губерниялық комитет олар келгенге дейін-ақ жалпы, атап айтқанда қырғыз (қазақ) кедейлері арасындағы жұмыстың жоспарын жасап, қабылдап, іс жүзінде жүзеге асыру үшін губерниялық атқару комитетіне берілді. Кейбір бөлімдерде олар келгенге дейін қырғыз (қазақ) жұмысшылар енгізілді.

Каулин жолдас: Ақмола губерниясында дау-дамайлардың болуын жоққа шығаруға болмайды. Бұл бүкіл ҚКСР-ге тән құбылыс. Ұйымның партиялық құрамы негізінен ұсақ буржуазиялық. Бірақ ол дау-дамайдың алдын ала алмаған уәкілдердің көзінше басталып кеткенін, ал [бұл үшін] уәкілдердің өздері кінәлі екенін айтады.

Шәріпов жолдас: Сафроновқа және басқа жолдастарға көптеген айыптар тағылды. Қазбеков пен Бейсеновтің өзі оны губерниялық комитеттің жауапты хатшылығына ұсынып, Сафроновты жақтап, губерниялық комитет мүшелерінің пәтерлерін аралап, енді оны отарлаушы деп айыптайды. Келіспеушіліктер, тіпті, пролетарлық деп аталатын, Құмашев қарақшылары және соларға ұқсас басқалар қатысқан Қырғыз (қазақ) конференциясынан кейін туындайды. Губерниялық комитет те жер саясаты үшін айыпталды.

Губерниялық комитет губерниялық атқару комитетіне жер бөлімін ұйымдастыру жоспарын берді; соның ішінде Қазбеков бар қырғыздар (қазақтар) жұмыс істеп жатыр, егер ештеңе жасалмаса, онда губерниялық комитет кінәлі емес.

Катченко жолдас: бұл жағдай жауапты қызметкерлер Шаповалов, Қазбеков және тағы басқалардың бұзақылығын, бұзықтығын, маскүнемдігін көрсетеді.

Қазбеков жолдас: Мен құрмаған топтар құрды деп айыпталып отырмын. Сафронов жолдасты губерниялық комитеттің хатшылығына ұсынуға келсек, бұл уақытша шара ретінде Чернядьев жолдасты бекіткенге дейін жүзеге асырылуы тиіс еді.

Сәдуақасов жолдас: Жауапты қырғыз (қазақ) жұмысшыларына тәртіп бұзды, маскүнемдік жасады деп тағылған айыптардың бәрі өздері спирттік ішімдіктерді дайындаумен айналысатын орыстармен қарым-қатынастың жемісі.

Дунаев пен Полозов: Олар уәкілетті өкілдердің жұмыс барысында тікелей міндеттерінен алшақтап кеткенін атап көрсетеді. Жарыссөзде Ишков пен Бейсенов сөз сөйледі.

Шешім қабылданды: 1. Халық комиссариаттарында қызметкерлердің жоқтығын ескере отырып, Кенжин мен Төлепов жолдастардың өкілеттіктері аяқталды деп саналады.

2. Ақмола партия ұйымының ахуалын жақсарту мақсатында кезектен тыс губерниялық конференция шақырылсын, оған облыстық комитет басшылығының қатысуы жеткілікті.

3. Ақмола губерниясының жауапты қызметкерлері арасында жол беруге болмайтын келіспеушіліктердің болуы танылсын және қажетті табандылықты, әдептілік пен ұстамдылықты сақтай отырып, оны жою үшін шешуші шаралар қабылдау губерниялық комитетке жүктелсін.

4. Губерниялық комитеттің назарын губернияның кейбір аудандарында жекелеген азаматтарды өлтіруден көрінген қылмыстық анархо-партиялық әрекетке аударып, губерниялық комитетті бұл құбылысты аяусыз жоюға міндеттелсін.

5. Ақмола губерниялық комитетіне өлкелік комитеттің үзілді-кесілді, анық және нақты циркулярына қайшы, Петропавл қаласында алкогольдік ішімдіктерді сатумен жаппай мерекелеуге рұқсат бергені үшін сөгіс жариялансын.

6. Қырғыздар (қазақтар) арасындағы, әсіресе халқы негізінен қырғыздар (қазақтар) тұратын губерниядағы жұмыстың ерекше және бірінші кезектегі маңыздылығын ескере отырып, губерниялық комитетке жұмыстың қарқыны мен көлемін жан-жақты арттыруға, қырғыздар (қазақтар) арасында облыстық комитет белгілеген бағдарламаға сәйкес әрі қарай жұмыс жүргізуге және жергілікті жерде айтылған барлық жағдай мен қажетті жұмыстарды бірінші ретпен қамтамасыз етуге міндеттелсін. Қырғыз (қазақ) халқының ана тілінде іс жүргізуін тиімді қамтамасыз ету, қырғыз (қазақтар) еңбекшілерін барлық басқару органдарына тарту және қырғыз (қазақтар) кедейлерінің мүдделерін кеңінен қорғау үшін барлық шаралар қабылдансын.

7. Ақмола губерниясынан Баталов пен Сафроновты кері шақырту расталсын.

8. Данилов жолдастың Мәскеуге, РКП Орталық Комитетінің қарауына кетуі расталсын.

9. Чернядьев жолдас Ақмола губкомының хатшысы болып бекітілсін» деген 16 тармақтан тұратын қаулы қабылданды.

Сонымен қатар жергілікті қаржының түсуінің елеулі еместігі мен шамалылығын ескере отырып, қырғыздарды (қазақтарды) милиция қатарына тарту саласындағы реформаны тез арада жүргізу үшін Ақмола губерниялық атқару комитетіне қысқа мерзімде ашаршылықтан азат аудандарда милиция және командалық құрамды қырғыздардан (қазақтардан) дайындау бойынша шағын мерзімдегі курстарды ашу үшін қорлар құру жайында өкілеттілік берілсін, қырғыз (қазақ) халқын оқытуға жеңілдетілген курстар жүргізу құқығы берілді (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 769-іс. 4–6, 8-п.).

Бұл құжаттардан белгілі болғандай, С. Қазбеков басшылық жасаған уақытта орын алған тәртіпсіздіктер, келеңсіздіктер бүкіл Қазақ Республикасында орын алған. Ұлы державалық шовинизм мен ұлтшылдық белең алып, жаңа мен ескінің күресі шиеленсікен кезең еді.

Ресейдегі үлкен террор тақырыбына қатысты тарихнамалық еңбегінде А. Литвин «террор» терминінің Роберт Конквесттің «Большой террор» кітабы орыс тілінде шыққаннан кейін танымал болғандығын көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, көптеген тарихшылар мен публицистер бұл терминді ең алдымен 1930-жылдардағы қуғын-сүргінге қатысты қолданады. Кеңестік Ресейде «үлкен» немесе «кіші» террор болған жоқ, бірақ 1918 жылы Үкіметтің Жарлықтарымен заңдастырылған соттан тыс аруды енгізу туралы (18 ақпан), қызыл террор (5 қыркүйек) және т. б. азаматтарға қарсы мемлекеттік террорды ең үлкен зардаптың қатарына жатқызады. Сталин Лениннің 1918 жылы негіз салып беріп кеткен репрессиялар жүйесін тоталитарлық жүйеге айналдырды, адам ойына келмейтін ұйымшылдықпен жүзеге асырылған жауыздық 1918 жылғы бастаманың жалғасы еді. А. Литвиннің есебінше 1918–1922 жылдары

1,5 миллионға жуық ресейліктер қызыл және ақ террордың құрбаны болды. Бұл көрсеткіш Үлкен террордың көрсеткіші емес пе? Әрине, 1930-жылдары адамдар соғыс құрбаны болған жоқ, «бейбіт» жағдайда жойылды.

Мемлекеттік қауіпсіздік органдары қылмыстық жауапкершілікке тартқан азаматтардың саны туралы статистикалық мәліметтер (КСРО-да «саяси қылмыстар» үшін жауапкершілік Қылмыстық кодекспен анықталды) 1930–1950-жылдары қуғын-сүргін күшейе түскендігін көрсетеді. 1918–1953-жылдары тек қауіпсіздік органдары 4 308 487 адамды тұтқындады, оның 835 194-і атылды (төртіншісінің біреуі дерлік). Көпшілігі – 3 778 234 адам –1930-жылдары – 1950-жылдардың басында қамауға алынды, олардың 786 098-і атылды (Литвин: 1997, 546–575).

Жоғарыда еңбегіне сілтеме жасалған ресейлік тарихшы А. Литвин тергеу істері жайындағы ғылыми еңбегінде 1930-жылдардағы саяси мотивпен айыпталғандарға жасақталған тергеу істері мен кеңестік биліктің сот және соттан тыс процесстеріне талдау жасайды. «Қатігез заңдар, оларды өз бетінше түсіндіру, қорқынышқа толы пікірлер, үштік құрылымдардың тергеушілері мен басқа да қызметкерлерінің шаласауаттылығынан тергеу хаттамалары бір тектес сарында құрастырылды. Олардың барлығы тұтқындалғандарды «терроршыл», «ұлтшылдық» немесе «шпиондық» қызметке айыптауды жүзеге асырды. Оларда қылмыстарды бұлтартпайтын заттай айғақтар болған жоқ, тұтқындарды оның өзінің «көрсетулері, доностар мен сговорлар негізінде соттады. 1930-жылдардағы саяси негізде айыпталушылардың (РКФСР ҚК 58-10-бабы) тергеу істері көптомдық болды. Олардың ішінде тергеу хаттамалары, тұтқындау және пәтерлерін тінту жөніндегі ордерлер, бетпе-бет кездесу материалдары, арыздар, «айыпталушылардың «мойындаулары», «куәгерлердің доностары мен откровениялары, үкімдер, көпшілігінде ату жазасының орындалғаны жөніндегі анықтамалар бар. Белгілі қоғам қайраткерлеріне қатысты болғанда (Татарстанда, мысалы жазушы Ибрагимовтың, тарихшы Х. Атласовтың және т. б.) айыптау томдарына құпия қызметкерлер (сексот), ПХК тартқан күдіктінің жақын айналасындағы адамдарынан жеткізілген донесениялар енгізілген бақылау істері жасақталатын. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға байланысты қылмыстық құрамының болған болмағандығы жайлы құжаттардан тұратын жеке іс құрастырылды. Ату жазасына кесілуі жылдам орындалғанымен, ақтау процесі ұзақ жүргізілді. Бұл еңбегінде автор «Үлкен террордың кезіндегі тергеу істері ресей тоталитаризмінің тарихи дереккөзі, оның жауыздығының, шексіз қатігездігінің, адам мен адамзаттың қандай да бір құқығын мойындамағандығының айғағы» деп көрсетеді (Литвин: 1995, 170–176).

Отыз жыл бұрын саяси қуғын-сүргін құрбандарының 1920–1950-жылдардағы тергеу істерін ғылыми айналымға енгізуді ресейлік тарихшылар қолға алған еді. Қазақстандық тарихшылар еліміз егенмендік алған кезде ішін-ара тергеу істеріне сілтеме жасауға мүмкіндік алды. Ал 2020 жылы 1920–1950-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі арнайы комиссия құрылған соң арнаулы архивтердегі тергеу материалдарына санаулылардың ғана қолы жете алды. Мемлекеттік комиссияның бағдарламасымен шығарылған іргелі фактологиялық еңбек 2023 жылы зерттеушіге жол тартты.

«Алашорда ісі» атауымен жарияланған он екі томдық арнаулы архивтердегі сақталған қылмыстық істердің жинағы жоғарыда аты аталған Қазбеков жайлы біршама ақпарат береді. Аталған жинақтың 9-томы «Алашорда жағындағы дәулеттілер» деген атаумен Алашорда үкіметінің қызметіне белсене араласып, қаржылай, рухани, ұйымдастырушылық демеушілікте болған, кеңес өкіметі мен большевизм идеяларын қабылдамаған дәулетті адамдар (байлар) туралы ғылыми айналымға еңбеген арнаулы архивтерде сақталған құжаттармен топтастырылған. Жинақтың құрамына енгізілген қылмыстық атқару істеріндегі тергеу хаттамаларында жеке тұлғалардың жауаптары бар. Кенжин мен Төлеповтың комиссиясының қарауына ілінген Қазбеков (Қазбеков) жайлы мәлімет назар аудартады. 1937 жылғы 19 сәуірде Б. Қарсақпаевтың қосымша тергеу хаттамасында: «Қазбеков Смағұл менің алыс туысым, ол да мен секілді «ибескі» атасынан шыққан, кішкентай кезімнен танымын. Ол Атбасарда және Петропавлда оқыды. 1920 жылы кездестім. Сол жылы Қазбеков Смағұл Жезқазғаннан

Қарсақпайға келді және өзімен бірге 12 адам қызыләскерді ертіп келді. Енді есіме түсті, 1919 жылы Атбасар уездік ревкомының нұсқаушысы Шоқан Нұрымовпен бірге Жезқазғанға келіп, аудандық комитеттің төрағасы ишан Ахмет Оразовты қызметінен босатып, оның орнына Ыбырай Толысбаевты сайлап кеткен болатын. Қазбеков Қарсақпайға 1920 жылы келгенде жүн, шикізат және түйе разверсткасын жүргізіп, мен соған көмектескен болатынмын. 1920 жылдың қысында Қазбеков Атбасарға кетіп қалды, 1927 жылға дейін көрген жоқпын» деген ақпарат береді (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 384, 385).

1937 жылы жүргізілген контр-ұлтшыл ұйымдардың қызметі туралы тергеу материалдарында М. Жылқыайдаров деген азаматқа қойған сұрағында тергеуші өзіңіздің контрреволюциялық ұйымдармен байланысыңызды 1922 жылдан бастап айтып беріңіз деген талап қояды. «Ысмағұл Қазбековпен жастайымыздан байланыстамыз. Біз екеуміз бір ауданнанбыз, революцияға дейін бастауыш мектепте бірге оқыдық. 1921 және 1922 жылдары Қазбеков Ақмола губаткомының төрағасы болды. Сол кездің өзінде Қазбеков ұлтшыл болатын. Ол сәдуақасовшылдардың ықпалында болды. Онымен тұрақты түрде байланыс жасап тұрды. Губаткомның төрағасы қызметін өзінің пайдасына пайдаланып жүрді, ақ гвардияшылар Асанқожа Қошамбаев пен Мұхамедия Бұрханов және ишан Әлім Байғазинді қуғындаудан құтқарып, жасырынып қалуына көмектесті. 1922 жылы Қазбеков губатком төрағасы қызметінен босатылып Орынборда адайлар мен түркмендердің арасындағы жанжалды реттеу жөніндегі уәкіл болып тағайындалды. Адай округіне барудың орнына Қазбеков 1922 жылы мамырда Орынбордан Мәскеуге ұлтшылдар Сәдуақасовпен және Бөкейхановпен кездесуге кетіп қалды. Бұл кездесу алдын-ала келісілген болуы мүмкін. Бөкейханов ол кезде Семей губаткомының төрағасы болатын, Сәдуақасов Қырғыз (Қазақ) ОАК хатшылығынан ұлтшылдық қызметі үшін лауазымынан алынған еді. Орынборға мен Қазбековпен бірге келдім де оның шақыруымен Мәскеуге бірге жолға шықтық. Мәскеуде Сәдуақасов пен Абдул Бөкейханов тоқтаған қонақүйге тоқтадық. Ол жерде 15 күндей тұрдық. Осы уақыт ішінде бірнеше рет әңгімелестік, Сәдуақасов оны үнемі аңдып жүретініне шағымданды, контр-революциялық пікірлер айттық. Төртеуіміздің пікіріміз Қазақстаннан орыстарды қуу керек және орыстардың ықпалын жою керек деген бағытта тоқайласты. Бұл уақытта Қазбеков, Бөкейханов және Сәдуақасов Рысқұловпен бірнеше рет кездесті. Осындай кездесулердің біріне мен де қатыстым. Бір күні маған қонақүйге Рысқұлов келетіндігін хабарлады. Кешке Рысқұлов келді. Ұлтшылдық рухта оған Қазақстандағы жағдай туралы ақпарат берілді, Сәдуақасовты қызметтен босатып, партиядан шығарды, ұлтшылдарға қарсы бір науқан жүргізіліп жатыр деген сарында ақпарат жасалды» деп жауап берді. Жылқыайдаров Қазбековпен тағы бір кездесуі жайлы айтты. Қазбековтың Танашевпен, Мұстафа Шоқайдың тапсырмасымен келген Чайкинмен кездесулері жайлы баяндап береді. «Осыдан соң Қазбеков 1925 жылға дейін Мәскеуде бұрынғы Петровско-Разумовский академиясында оқыды да, шетелге ғылыми іссапарға кетті. 1926 немесе 1927 жылы Қазбеков шетелден оралды, 1927 жылы Қарсақпай ауданындағы Ақшұқыл немесе Қызыл тұрма өңіріндегі, Ағыбаевтардың және Түйебаевтардың ауылына келді. Ағыбаевтардың үйінде Қазбеков байлардың контрреволюциялық жиналысын өткізді, оған Хасен Қасқабаев, Ахметбек Баймендиев (ол қазір Қарсақпай ауданында малшылықпен айналысуда), Батырбек Баймендин, Нұрмұхамед Оразалин (соңғы екеуі қайтыс болды) қатысты. Осы жиналыста Қазыбаев кеңес билігіне қарсы күресті күшейту туралы мәселені көтерді. Қазбеков Ағыбаевтардың немере інісі болатын. Оның келуіне орай және Ағыбаевтардың ұлына қыз айттыруына орай арнайы контрреволюциялық жиын өткізу үшін той ұйымдастырылды. «Қазақтарда фабриканттар мен помещиктер жоқ, қазақтардың кәмпескелейтін түгі де жоқ, қазақтар малсыз өмір сүре алмайды, сондықтан кәмпескеге қарсылық көрсету керек, малды бермеу керек, көтеріліс ұйымдастыру арқылы бағынбау керек» деген үгіт насихат жүргізді. Осы ұйымның ісі бойынша 40-тан астам адам тұтқынға алынды» деп көрсетеді. Сонымен қатар Жылқыайдаровтың көрсетуінше Қазбеков 1928 жылы тұтқыннан қашып құтылады да, екеуі Қызылорда қаласында тұрады, Қазбеков Қазақ су шаруашылығы, немесе Жер ісі жөніндегі халық комиссариатында, Жылқыайдаров Қорғаушылар алқасында қызмет етіп жүріп жиі

араласып тұрады. Осы уақытта екеуі кеңестік билікпен күрес жүргізу керектігі туралы жиі талқылап отырады. Әңгіме барысында Қазыбеков шетелге барған кезінде Шоқаевпен кездескені жайында айтты деп көрсетеді. Шоқаев сол кезде оған шетелдерден қолдау іздеу және кеңестік билікпен белсенді түрде күрес жүргізу туралы тапсырма берді деп айтады. Тергеушінің «Қызылордада сіздер кіммен байланыс жасадыңыздар деген сұрағына «контрреволюциялық келіссөздерімізді екеуміз ғана бір-бірімізбен жүргіздік, одан әріге бармадық. Бірақ Қазбеков Қазақорман шаруашылығы тресінің меңгерушісі Аспандияр Кенжин мен Камал Ысқақовпен жақсы араласып тұрды» деген сипатта жауап береді (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 388–390).

Ә. Байділдинның 1929 жылғы 25 шілде – 1 тамыз аралығында берген тергеу хаттамасында С. Сәдуақасовтың Семей, Қостанай өңіріндегі ұлтшылдық істері жайлы баяндап береді. Сонымен қатар ақмолалық уәкілетті өкілдер Кенжин мен Төлеповтың да осындай жағдайға ұшырағандарын атап өтеді. «Олар біздің жақтастарымыз Қазбеков, Бейсенов, Ж. Садуақасов (Кеңестердің III съезі кезінде бізден айырылып кетті), Сейдалин, Мұхамедов, Айбасов және тағы басқалардың көмегімен колонизаторларға қарсы күресті бастадық. Олар алашордашыларды белсенді түрді қатарымызға қосып алды. М. Жұмабаевты губерниялық аштықпен күрес комитеті басшысының орынбасары, Тілеулинді губерниялық денсаулық сақтау комитетіне және т. б. жұмысқа алды. Осындай әрекеттері үшін оларды обком кері шақырып алды, ал Қазбеков партиядан шығарылды» деп көрсетеді. (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 9-том: 2023, 454-б.).

Д. Әділевтың 1928 жылы 27 желтоқсандағы жауап алу стенограммасында көрсетілгендей: «Иә, кешірім сұраймын, мен ол кезде әлі большевикше ойлана алмайтын едім, нағыз ұлтшыл болатынмын. Бөкейханов Алаш партиясының ұйымдастырған бағдарламасын дамытты. Оған қарсы ол кезде медицина мектебінде оқитын Әлжанов қарсы шықты. Ол орта жастағы адам болатын. Әлжановты Мұқан Әйтпенев және, қателеспесем кейіннен чехословактар Петропавлда атып өлтірген Қазбеков қолдады» деген мәлімет қалдырады (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 206].

Е. Байғаскин 1929 жылғы 4 желтоқсандағы тергеу ісіндегі жауабында: «1921 жылдың соңы және 1922 жылдың басында кеңестік биліктің барлық шараларында алашордашылар басқа сипатта және басқаша ұйымдастырушылық түрінде жұмыс жүргізді. Ақмола, Семей губернияларындағы атқару комитеттері мен губкомның ұйымдастыру бөлімдерінің барлығының басшылығында алашордашылар отырды. Семей губерниясында Абдулла Бөкейханов, Ақмолада – Қазбеков Смағұл отырды. Атқару комитеттерін басқарып отырған осылар тек қана қазақ қызметкерлер қатысатын қазақ жиналыстарын өткізетін. Осы мәжілістерде қазақ тұрғындардың арасында жүргізілетін саяси іс-шаралар мен олардың жүргізілу әдістері талқыланатын және шешімдер қабылданатын. Осы жиындарда қабылданған шешімдер партия және кеңес органдарының басшылары арқылы жүзеге асырылатын. Осы сияқты жиындар уездік, болыстық және ауылдық көлемде төменгі тармақтарда өткізілуі тиіс болды, бірақ ол жүзеге аспады. Аталған жиындарды өткізу туралы баспасөз бетінде ашық жарияланып отырды. Осы тақырып туралы Ғаббас Тоғжановтың мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде 1922 жылы жарияланған болатын (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 473-б.).

Д. Әділевтың 1928 жылғы 28 желтоқсандағы жауабында Бірімжанов, Битлеуов, Қазбеков, Танашевтердің шетелге кеткені жайлы айтады. Оларға ақша, шетелдік мандат, рұқсаттамалар беріліп, Берлинге кетті (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том; 2023, 188-б.).

Ал шетелге оқуға аттанған төртеудің бірі Дамулла Битілеуов 1929 жылғы 3 қаңтардағы жауабында: «Ташкент қаласына келгенімде шетелге оқуға студенттерді жіберіп жатқанын естідім. Менің оқуға қатты әуесім кетті, бірақ ешқандай дайындығым жоқ еді. 4 қазақты жіберу туралы қаулы шығарылғанымен, баратын адам жоқ болғандықтан арыз жаздым да, Алматыға ашыққандарға көмек көрсету ұйымына аттандым, онда ұсақ малды ірі қараға айырбастаумен айналысатын уәкіл болдым. Осы уақытта мен Ташкенттен барлық істі

тапсырып, Германияға сапарға кету үшін Ташкентке келу туралы жеделхат алдым. Үйге соқпадым. Қобалжып тұрсам да баруға шешім қабылдадым. Менімен бірге Бірімжанов, Қожановтың әйелінің інісі Мұнайтпасов болды. Бұл екеуінен басқа менімен бірге Қазбеков барды. Германияға келген соң Бірімжанов ауылшаруашылық факультетіне, Қазбеков те соған түсті. Бізбен бірге өз қаржысымен барған Танашев деген біреу болды. Ол Фрейбург қаласында былғары өндеу мектебіне түсті. Екі айдан кейін оқуын тастап қайтып кетті (Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том: 2023, 302-б.).

Тергеу істеріндегі жауаптардан белгілі болғандай С. Қазбеков бірнеше рет шетелде болғаны айқындалуда. Шетелде болған уақытын: «1929 жылғы ақпаннан қараша аралығында Дәнді дақылдар тресінің бағыты бойынша дәнді дақылдар шаруашылығын зерттеу үшін Америка Құрама Штаттарында ғылыми іссапарда болдым, Нью-Йорк, Чикаго және АҚШ-ң басқа штаттарында болдым, сонымен қатар жол-жөнекей Варшава, Берлин және Парижге соқтым. Варшавада бір тәулік, Берлинде 1–1, 5 аптадай, Парижде 7 күнге жуық болдым. «Шетелде таныстарыңызды кездестірдіңіз бе» деген сауалға «ешкімді кездестірмедім, тек Берлинде Сауда өкілдігінде істейтін омбылық танысым Березовскийді жолықтырдым» деп көрсетеді.

Анықтамалық еңбектерде Смағұл Сүлейменұлының академик Вавиловтың экспедицияларының құрамында болғандығы туралы деректер бар. Ал атақты генетик ғалым, академик Н. Вавилов Түркістан қаласында болғанда С. Қазбековтың онымен кездеспеуі мүмкін емес. 1933 жылғы 13, 14 мамырда Түркістан қаласында каучук шаруашылықтарын аудандастыру жөніндегі комиссия отырысы өткізілген. Облыстық мемлекеттік архивте сақталған құжатта осылай аталған жиналысқа академик Н. Вавилов төрағалық еткен. Облыстық газет тілшісі Л. Ковалева әлемге әйгілі ғалымның ғылыми ботаникалық-агрономиялық 6 елге жасаған экспедициялары Парсы еліне, Түркістанға және таулы Тәжікстаннан басталғандығын ерекшелеп атап өту қажет деген байлам жасайды (Ковалева: 2018).

1937 жылғы 21 маусымдағы хаттамада «Контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде тұтқындалғаныңызды қабылдайсыз ба» деген сауалға, «жоқ қабылдамаймын» деп жауап береді. 1 тамызда Қазбековтың контрреволюциялық ұйым туралы көрсететіндігі жайлы акт құрастырылған. «Егер менен айыптауларды алып тастаса, және тұтқыннан босатуға сөз беретін болса, мен контрреволюциялық ұйым туралы айтып беремін» деп айтты (Алашорда ісі. 1920–1940. Құжаттар мен материалдар. 6 том: 2023, 269-б.).

Из-за нехватки кадров на одного врача возлагалось несколько обязанностей, а в сельской местности медицинские услуги практически отсутствовали. Традиции местных целителей и народной медицины отвергались, их использование не поощрялось. Медицинская сфера также служила средством для колониальной администрации в политике социального контроля и русификации населения. В результате в первой четверти XX века большая часть местного населения продолжала активно пользоваться услугами местных целителей. Общие выводы по анализу документов и источников, касающихся медицинской политики Российской империи в

Самаркандской области, заключаются в том, что местное население в большинстве случаев ограничивалось доступом к русским больницам.

В некоторых случаях представители Российской империи в регионе, чиновники, военные и члены их семей также пользовались услугами местных целителей. Одной из важнейших причин этого является нехватка медицинских структур и ресурсов, а во-вторых, медицинские знания, сформировавшиеся на протяжении веков, и то, что местные целители стали неотъемлемой частью региональных ценностей. Кроме того, в результате придания медицине характера "военного управления" медицинская структура также в определенном смысле ограничила доверие местного населения к этой структуре, а также в результате приоритета национальных и религиозных ценностей в регионе в основном женщины продолжали обращаться к представителям местного медицинского образования.

Источники

НАУз — Национальный архив Узбекистана

Sources

NAUz — National Archive of Uzbekistan

Литература

Джуманазаров, 2024 — Джуманазаров Х. История медицины в Туркестане (конец XIX – начало XX века). Ташкент: Наука, 2024.

НАУз, ф. И-5 — Национальный архив Узбекистана (НАУз). Ф. И-5. Оп. 1. Д. 1. Л. 18–18 об.

НАУз, ф. И-22 — НАУз. Ф. И-22. Оп. 1. Д. 15. Л. 13.

Соболев, 1874 — Соболев Л.Н. Географические и статистические сведения о Зеравшанском округе с приложением списка населённых мест округа. Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии наук, 1874.

Шадманова, 2020 — Шадманова С.Б. Медицина и народная медицина в Туркестане в конце XIX – начале XX века. Ташкент: Наука, 2020.

Гирс, 1884 — Отчёт ревизующего, по Высочайшему повелению, Туркестанский край, тайного советника Гирса. Санкт-Петербург, 1884.

Положение, 1886 — Положение об управлении Туркестанским краем от 12 июля 1886 г. Санкт-Петербург, 1886.

Сборник материалов..., 1890 — Сборник материалов для статистики Самаркандской области за 1887–1888 гг. Вып. 1. Самарканд: Типо-литография Н.В. Полторанова, 1890. С. VII.

Обзор Самаркандской области, 1896 — Обзор Самаркандской области за 1895 год (Приложение к всеподданнейшему отчёту военного губернатора). Самарканд: Типография штаба войска Самаркандской области, 1896.

Обзор Самаркандской области, 1895 — Обзор Самаркандской области за 1894 год (Приложение к всеподданнейшему отчёту военного губернатора). Самарканд: Типография штаба войска Самаркандской области, 1895.

Туркестанская туземная газета, 1893a — Туркестанская туземная газета. 18 сентября 1893 г. № 37. С. 1–2.

Туркестанская туземная газета, 1893b — Туркестанская туземная газета. 6 ноября 1893 г. № 44. С. 3–4.

Туркестанские ведомости, 1904 — Туркестанские ведомости. 12 ноября 1904 г. № 163. С. 773–774.

Туркестанские ведомости, 1907 — Туркестанские ведомости. 31 января 1907 г. № 17. С. 107.

References

Jumanazarov, 2024 — Jumanazarov X. History of Medicine in Turkestan (late 19th – early 20th century) [Turkistonda tibbiyot tarixi (19-yuzyillik so'ngi – 20-yuzyillik boshi)]. Tashkent: Nauka, 2024. (In Russ.).

Sobolev, 1874 — Sobolev L.N. Geographical and Statistical Data on the Zerafshan Okrug with an Appendix of Settlements of the Okrug. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences, 1874. (In Russ.).

Shadmanova, 2020 — Shadmanova S.B. Medicine and Folk Medicine in Turkestan at the End of the 19th – Beginning of the 20th Century [XIX asr oxiri – XX asr boshlarida Turkistonda tibbiyot va xalq tabobati]. Tashkent: Nauka, 2020. (In Russ.).

Girs, 1884 — Report of the Inspector, by the Highest Order, Turkestan Territory, State Councillor Girs. St. Petersburg, 1884. (In Russ.).

Regulation, 1886 — Regulation on the Administration of the Turkestan Territory, July 12, 1886. St. Petersburg, 1886. (In Russ.).

Statistical Materials, 1890 — Collection of Materials for the Statistics of the Samarkand Region for 1887–1888. Vol. 1. Samarkand: Typo-Lithography of N.V. Poltoranov, 1890. P. VII. (In Russ.).

Samarkand Review, 1896 — Review of the Samarkand Region for 1895 (Appendix to the Report of the Military Governor).

Samarkand: Printing House of the Staff of the Samarkand Region Army, 1896. (In Russ.).

Samarkand Review, 1895 — Review of the Samarkand Region for 1894 (Appendix to the Report of the Military Governor).

Samarkand: Printing House of the Staff of the Samarkand Region Army, 1895. (In Russ.).

Turkestan Native Newspaper, 1893a — Turkestan Native Newspaper. September 18, 1893. No. 37. P. 1–2. (In Russ.).

Turkestan Native Newspaper, 1893b — Turkestan Native Newspaper. November 6, 1893. No. 44. P. 3–4. (In Russ.).

Turkestan Gazette, 1904 — Turkestan Gazette. November 12, 1904. No. 163. P. 773–774. (In Russ.).

Turkestan Gazette, 1907 — Turkestan Gazette. January 31, 1907. No. 17. P. 107. (In Russ.).



Published in the Republic of Kazakhstan

Scientific Journal

“Central Asian courier”

Has been issued as a journal since 2025

ISSN 3105-241X.

Vol. 2. Is. 1, pp. 152-166, 2026

Journal homepage: <https://sjcacourier.com/>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 21.15.47

https://doi.org/10.64970/3105-241X_2026_2_1_152-166

THE ASCENSION OF THE Umayyad DYNASTY AND A NEW POLITICAL STAGE IN ISLAMIC HISTORY

Batyrzhan Temirkhanov¹, Meirbek Sambet²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yassawi, Research Institute of Yassawi Studies, Senior Researcher, PhD (Turkistan, Republic of Kazakhstan)
<https://orcid.org/0000-0001-7419-0335>. E-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com

²Marmara University, Institute of Social Sciences, Department of Turkic-Islamic Art History (Istanbul, Republic of Turkey)
PhD Candidate, Department of Turkic-Islamic Art History
<https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2025

© Temirkhanov B., Sambet M., 2025

Abstract. *Introduction.* The period of Islamic history following the Rashidun caliphs was marked by political instability, internal conflicts, and intense struggles for power. Within this complex historical context, the ascension of the Umayyad dynasty brought about fundamental changes in the governance system of the Islamic community. The Umayyad era is characterized by the emergence of a new political structure of the caliphate and laid the foundation for the beginning of a new stage in Islamic history. *Aim and objectives.* The aim of this article is to analyze the process of the Umayyad dynasty's rise to power, its historical and political preconditions, and the characteristics of the formation of a new political stage in Islamic history. To achieve this aim, the study examines the social and genealogical foundations of the Umayyad dynasty, the rise of Mu'awiya ibn Abu Sufyan to power, the reasons for the transition of caliphal governance to a hereditary system, and the impact of these changes on Islamic society. *Results.* The research demonstrates that the Umayyad rule played a key role in the formation of a centralized state system and the strengthening of administrative and military governance structures. Moreover, the establishment of the caliphate as a hereditary institution brought the issue of political legitimacy to the forefront of Islamic political thought. *Conclusion.* In conclusion, the ascension of the Umayyad dynasty represents a decisive stage in Islamic history that led to a transformation of political governance. This period significantly influenced the subsequent political experience of Islamic states and provided the historical foundation for the establishment of Abbasid rule.

Keywords: Umayyad dynasty, Mu'awiya ibn Abu Sufyan, caliphate, hereditary rule, Islamic history, Battle of Siffin, Karbala events

For citation: Temirkhanov B., Sambet M. The ascension of the Umayyad dynasty and a new political stage in Islamic history // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Vol. 2. No. 1. Pp. 152-166. (In Kaz.). DOI: [10.64970/3105-241X_2026_2_1_152-166](https://doi.org/10.64970/3105-241X_2026_2_1_152-166)

ӘМӘУИ ӘУЛЕТІНІҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА САЯСИ КЕЗЕҢ

Батыржан Темирханов¹, Мейірбек Сәмбет²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан Республикасы)
Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, жетекші ғылыми қызметкер, PhD
<https://orcid.org/0000-0001-7419-0335>. E-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com

²Мармара Университеті, Әлеуметтік ғылымдар институты, Түркі-ислам өнер тарихы бөлімі
(Ыстамбұл, Түркия Республикасы)
Докторант, Түркі-ислам өнер тарихы бөлімі
<https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ислам тарихындағы Рашид халифалар кезеңінен кейінгі уақыт саяси тұрақсыздықтармен, ішкі қайшылықтармен және билік үшін күреспен сипатталады. Осы күрделі тарихи жағдайда билікке келген Әмәуи әулеті ислам қоғамында басқару жүйесінің түбегейлі өзгеруіне себеп болды. Әмәуилер дәуірі халифалық институттың жаңа саяси сипат алуымен ерекшеленіп, ислам тарихында жаңа кезеңнің басталуына негіз қалады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Мақаланың мақсаты – Әмәуи әулетінің билікке келуі үдерісін, оның тарихи-саяси алғышарттарын және ислам тарихындағы жаңа саяси кезең ретінде қалыптасу ерекшеліктерін талдау. Осы мақсатқа жету үшін Әмәуи әулетінің әлеуметтік-тектік негізі, Мұғауия б. Әбу Суфиянның билікке келу жолдары, халифалық басқарудың мұрагерлік жүйеге ауысу себептері және бұл өзгерістердің ислам қоғамына тигізген ықпалы зерттеледі. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижесінде Әмәуи билігінің орталықтандырылған мемлекеттік жүйені қалыптастыруда маңызды рөл атқарғаны, басқарудың әкімшілік және әскери құрылымдарының күшейгені анықталды. Сонымен қатар халифалықтың мұрагерлік сипат алуы ислам саяси ойында биліктің легитимдігі мәселесін алдыңғы қатарға шығарғаны дәлелденді. *Қорытынды.* Қорытындылай келе, Әмәуи әулетінің билікке келуі ислам тарихында саяси басқару формасының өзгеруіне алып келген шешуші кезең болып табылады. Бұл дәуір кейінгі ислам мемлекеттерінің саяси тәжірибесіне ықпал етіп, Аббаси билігінің қалыптасуына тарихи негіз қалады.

Түйін сөздер: Әмәуи әулеті, Мұғауия б. Әбу Суфиян, халифалық, мұрагерлік билік, ислам тарихы, Сыффин шайқасы, Кербела оқиғасы

Дәйексөз үшін: Темирханов Б., Сәмбет М. Әмәуи әулетінің билікке келуі және ислам тарихындағы жаңа саяси кезең // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. 152-166 бб. (Қазақш.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_152-166

ПРИХОД К ВЛАСТИ ДИНАСТИИ ОМЕЙЯДОВ И НОВЫЙ ПОЛИТИЧЕСКИЙ ЭТАП В ИСТОРИИ ИСЛАМА

Батыржан Темирханов¹, Мейірбек Сәмбет²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Туркестан, Республика Казахстан)
Научно-исследовательский институт Ясави, ведущий научный сотрудник, PhD
<https://orcid.org/0000-0001-7419-0335>. E-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com

²Университет Мармара, Институт Социальных наук,
Отдел Историй тюрко-исламского искусства
(Стамбул, Турецкая Республика)
Докторант, Отдела Историй тюрко-исламского искусства
<https://orcid.org/0009-0006-1362-8894>. E-mail: meirbek.sambet@ayu.edu.kz

Аннотация. *Введение.* Период исламской истории после эпохи Праведных халифов характеризуется политической нестабильностью, внутренними противоречиями и ожесточённой борьбой за власть. В этих сложных исторических условиях приход к власти династии Омейядов привёл к коренным изменениям в системе управления исламского общества. Омейядский период отличается формированием нового политического облика института халифата и стал основой начала нового этапа в истории ислама. *Цель и задачи исследования* – Целью статьи является анализ процесса прихода к власти династии Омейядов, его историко-политических предпосылок, а также особенностей формирования нового политического этапа в истории ислама. Для достижения данной цели рассматриваются социально-родовые основы династии Омейядов, пути прихода к власти Му‘авии ибн Абу Суфьяна, причины перехода халифатского управления к наследственной системе, а также влияние этих изменений на исламское общество. *Результаты.* В ходе исследования установлено, что власть Омейядов сыграла важную роль в формировании централизованной государственной системы и укреплении административных и военных структур управления. Кроме того, доказано, что придание халифату наследственного характера выдвинуло проблему легитимности власти на передний план исламской политической мысли. *Выводы.* В заключение отмечается, что приход к власти династии Омейядов стал решающим этапом в истории ислама, приведшим к изменению формы политического управления. Данный период оказал существенное влияние на последующий политический опыт исламских государств и создал историческую основу для формирования власти Аббасидов.

Ключевые слова: династия Омейядов, Му‘авия ибн Абу Суфьян, халифат, наследственная власть, история ислама, битва при Сиффине, событие Кербелы

Для цитирования: Темирханов Б., Самбет М. Приход к власти династии омейядов и новый политический этап в истории ислама // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2026. Т. 2. № 1. С. 152-166. (На Каз.). DOI: 10.64970/3105-241X_2026_2_1_152-166

Кіріспе. Ислам тарихындағы Рашид халифалар дәуірінен кейінгі кезең саяси биліктің сипаты, басқару формасы және қоғам құрылымы тұрғысынан түбегейлі өзгерістерге толы болды. Осы өзгерістердің ең маңыздыларының бірі – Мұғауия б. Әбу Суфиянның халифалық билікке келуімен бірге Әмәуи мемлекетінің құрылуы және астананың Шам қаласына көшірілуі еді. Бұл оқиға ислам саяси тарихында жаңа дәуірдің басталуын білдіріп, халифалық институттың мазмұны мен қызметіне елеулі ықпал етті.

Әмәуи әулеті исламға дейінгі кезеңнің өзінде Меккедегі беделді Құрайш тайпаларының бірі ретінде танылып, әкімшілік және әскери істерде маңызды рөл атқарған. Исламды қабылдауы салыстырмалы түрде кеш жүзеге асқанымен, Әз. Пайғамбар (с.а.у.) мен Рашид халифалар кезеңінде Әмәуи әулетінің өкілдері мемлекеттік басқару ісіне белсенді түрде араласты. Әсіресе Мұғауия б. Әбу Суфиянның Сириядағы әкімдігі мен кейінгі халифалығы Әмәуи билігінің институционалдық негізін қалады.

Бұл мақалада Әмәуи мемлекетінің құрылу алғышарттары, Мұғауия мен Язид кезеңіндегі саяси үдерістер, халифалықтың мұрагерлік сипатқа ауысуы, Кербела оқиғасы, ішкі оппозициялық қозғалыстар, мауали мәселесі және Әмәуи билігінің ислам тарихындағы орны кешенді түрде талданады. Осы арқылы Әмәуи билігінің қалыптасуы мен дамуының себеп-салдарлық байланыстары ашып көрсетіледі.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Зерттеуде ислам тарихының классикалық дереккөздеріне, тарихи-хронологиялық баяндауларға және ортағасырлық мұсылман тарихшыларының мәліметтеріне негізделген мәтіндер пайдаланылды. Негізгі материалдар ретінде Әмәуи мемлекетінің құрылуы, билік жүйесі, ішкі және сыртқы саяси үдерістеріне қатысты тарихи оқиғаларды сипаттайтын жазба деректер алынды.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, Рашид халифалар кезеңіндегі басқару жүйесі мен Әмәуи дәуіріндегі билік формасы салыстырылды. Сонымен қатар, саяси-талдамалық әдіс арқылы халифалықтың мұрагерлік сипатқа көшуі, билікке қарсы қозғалыстар мен әлеуметтік топтардың (мауали, харижиттер, шиіттер) ұстанымдары сарапталды.

Оқиғаларды жүйелеу мақсатында хронологиялық әдіс пайдаланылып, Мұғауия б. Әбу Суфияннан бастап Әмәуи мемлекетінің құлауына дейінгі негізгі кезеңдер бірізді түрде қарастырылды. Бұл әдістер Әмәуи билігінің ішкі құрылымын, басқару тәжірибесін және қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістерді жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері Әмәуи билігінің ислам тарихындағы ең күрделі әрі қайшылықты кезеңдердің бірі болғанын көрсетеді. Мұғауия б. Әбу Суфиянның халифалыққа келуімен бірге басқару ісінде орталықтандыру күшейіп, әскери-саяси тұрақтылық қамтамасыз етілгенімен, халифалықтың мұрагерлік жүйеге көшуі қоғамда терең қарсылықтар туғызды. Бұл өзгеріс кеңеске (шура) негізделген басқару дәстүрінен алшақтауға алып келіп, халифалықтың діни-саяси беделіне нұқсан келтірді.

Язид кезеңінде орын алған Кербела және Харра оқиғалары Әмәуи билігінің легитимдігіне қатысты пікірталастарды одан әрі күшейтті. Хз. Хусейннің шейіт болуы мұсылман қоғамының санасында терең із қалдырып, Әмәуи әулетіне қарсы көтерілістердің идеологиялық негізіне айналды. Бұл жағдай шиіттік қозғалыстардың күшеюіне және билікке қарсы түрлі оппозициялық күштердің пайда болуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Әмәуи билігінің араб үстемдігіне негізделуі мауали мәселесін ушықтырды. Араб емес мұсылмандардың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан шеттетілуі мемлекет ішіндегі теңсіздікті арттырып, кейінгі Аббаси қозғалысының әлеуметтік тірегіне айналды. Дегенмен, Омар б. Абдулазиз кезеңінде жүргізілген әділетті саясат қысқа мерзім ішінде әлеуметтік тұрақтылық орнатып, исламның кең көлемде таралуына жағдай жасады.

Жалпы алғанда, Әмәуи билігі бір жағынан ислам географиясының кеңеюіне, мемлекеттік басқарудың қалыптасуына зор үлес қосса, екінші жағынан ішкі саяси қақтығыстар, әлеуметтік теңсіздік пен билік легитимдігі мәселелері салдарынан күйреуге ұшырады. Осы тұрғыдан алғанда, Әмәуи кезеңі ислам саяси ойы мен басқару тәжірибесінің эволюциясын түсінуде маңызды тарихи сабақ болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

1. Әмәуилер және Әмәуи билігінің құрылу кезеңі

Рашид халифалардан кейін Мұғауия б. Әбу Суфиян халифа болып, мемлекеттің орталығын Шамға көшіруімен тағы бір жаңа мемлекет құрылды. Шамда құрылған бұл мемлекет Әмәуиұлдары тарапынан басқарылғандықтан, елдің тұтастай атауы Әмәуилер билігі деп аталды.

Әмәуиұлдары Хашимұлдарымен бірге исламға дейін Меккедегі беделді тайпалардың алдыңғы қатарында болды. Қаланы жүйелі басқарумен міндеттелген Әмәуиұлдары соғыстарда әскери жасақтың қолбасшысы қызметтерін қоса атқарса, Әз. Пайғамбардың (с.а.у.) тайпасы болған Хашимұлдарының міндеті, келген қажыларды су және азық-түлікпен қамтамасыз ету болатын. Әз. Пайғамбар (с.а.у.) оларды исламға шақырған кезде, қаланы басқару ісінде екі тайпа арасындағы ежелден келе жатқан өзара бәсекелестігі айқын сезіле бастады. Бәлкім, осы себептен Мекке кезеңінде Әмәуиұлдарынан мұсылмандықты қабылдағандардың саны аз

болды. Бұл әулеттен шыққан алғашқы мұсылмандар Осман б. Аффан, Халид б. Саид және Өз. Пайғамбарға (с.а.у.) тұрмысқа шыққан әрі осылайша мүміндердің анасы атағына ие болған Әбу Суфьянның қызы Умму Хабиба еді. Әмәуиұлдарының Исламды қабылдауы көбіне Мекке алынғаннан кейінгі кезеңде жүзеге асты (Ferruh, 2025: 74-75).

Әмәуи әулетінен тарағандар Өз. Пайғамбар (с.а.у.) және халифалар кезеңінде маңызды әрі жауапты міндеттерде қызмет атқарды. Мекке қаласы мұсылмандарға қараған күні Ислам дінін қабылдаған Мұғауия да осы адамдардың қатарында болды. Мұғауия б. Әбу Суфиян, Өз. Пайғамбардың Құран жазатын хатшыларының арасында орын алды, Сирияны жаулап алу кезінде ислам әскерлерін басқарды, кейінірек оны Хз. Омар (р.а.) Шам аймағының әкімі етіп тағайындады. Әмәуиұлдарының әсіресе әкімдік қызмет сияқты мемлекеттік басқаруларда көбірек міндеттер ала бастауы, Хз. Османның халифалығы кезінде Мұғауия б. Әбу Суфиянға Сириядағы барлық аймақтардың жауапкершілігін тапсыруымен жалғасты (İbn Kesîr, C. 8, s. 7).

Мұғауия б. Әбу Суфиян, Хз. Осман шейіт болғаннан кейін оның ең жақын туысы ретінде Османға қастандық жасағандарды табуды талап етіп, Хз. Әлидің халифалығын қабылдамай жаңа халифаны кеңестің шешімі таңдау керектігін алға тартты. Осы ұстанымның нәтижесінде орын алған Сыффіндегі қақтығыстар, төрелік оқиғасымен тағы бір күтпеген жағдай алдарынан шыға келді. Төрелік болғанға дейін халифалыққа үміткерлігін ашық жарияламаған Мұғауия б. Әбу Суфиян, бұл оқиғадан кейін халифалыққа ұсынылған қатысушылар қатарынан орын алды.

Төрелік оқиғасы мәселені шешуден гөрі жағдайды одан әрі ушықтырып жатқан кезде Хз. Әлиге қастандық жасалды, ал бұл оқиғадан кейін Ирак халқы Хз. Әлидің ұлы Хз. Хасанның айналасына жиналды. Мұғауия болса сол кезде Иерусалим халқынан байғат (қолдау) алады. Әкесінен соң артынша халифа ретінде тағайындалған Хз. Хасан өзін қолдаған Ирак халқына сеніңкіремей, Мұғауия б. Әбу Суфиянмен күресті тоқтатып, кейбір шарттар негізінде халифалықтан бас тартты. Бұдан соң Куфаға келген Мұғауия халықтың қолдауын (байғат) алып, өзінің халифалығын жариялаған кезде Әмәуи билігінің құрылуына ешқандай кедергі қалмады. Мұғауия б. Әбу Суфиян орнатқан билік пен басшылық тек бір адам тарапынан жинақталғандықтан бұл жылға «бірлік жылы» деген ат берілді.

«Халифатулла (Алла Тағаланың халифасы)» атағын қолданған Мұғауия б. Әбу Суфиян, өзінен алдыңғы басқарушыларға қарағанда халифалық қызметке қылыштың күшімен келгендіктен Ислам тарихындағы жаңа дәуірдің басталуына себепкер болды. Ол халифалыққа келген соң елдің астанасын Шамға көшірді. Бұған қоса ол, Арабтар арасында баһадүр ретінде танымал болған Амр б. Асты Египетке, Муғира б. Шуғбаны Куфаға, Зияд б. Абихті болса Басраның әкімі етіп тағайындау арқылы өз билігін барынша нығайтуға тырысты. Ол өзінің халифалық еткен тұсында Түркістан аймағы мен Анадолыға көптеген әскерлер жіберіп отырды; Стамбұл алғаш рет Мұғауияның басшылығы кезінде мұсылмандар тарапынан қоршауға алынды. Сондай-ақ осы тұста Солтүстік Африка жорықтары қарқынды жүрді және аймақта Кайреван деп аталатын әскери лагерь құрылды. 661-750 жылдар аралығында билік жүргізген Әмәуи мемлекетінің алғашқы үш билеушісі - Суфияни, ал қалған он бірі - әулеттің Маруани тармағы тарапынан басқарылды.

2. Язид кезеңі және орын алған оқиғалар

Әмәуи билігінің екінші халифасы болған Язидтің балалық шағы нағашыларының жанында шөлді аймақта өтті. Язид мұнда әдеби араб тілінен басқа атқа мініп, қару қолдануды үйренді. Дамашыққа қайта оралған ұлының тәрбиесімен айналысқан Мұғауия, ұлына жеке мұғалімдерді жалдап, әр түрлі салаларда, әсіресе шежіре ғылымында білім алуды қамтамасыз етті. Алайда, бұл кезеңде Язидтің шамадан тыс аң аулауға деген қызығушылығы және кейбір жағымсыз әдеттері оның сынға ұшырауына себеп болды. Өз ұлын тақ мұрагері ретінде жарияламақ болған Мұғауия, Язидтің халық алдындағы беделін көтеру үшін оны қолбасшылық және қажылық істерінде әмір (басшы) сияқты қызметтерге тағайындады.

680 жылы халифалық орынға отырған Язид, әкесі Мұғауияның саясатын одан әрі жалғастырды және өзі тағайындаған әкімдердің ешбірін ауыстырмады. Үш жылға созылған оның халифалығы кезінде көптеген аймақтарда мұсылман территориясын ұлғайту әрекеті

саябырсып, Византияға қарсы жорықтар тоқтатылды. Солтүстік Африкада қызу жүріп жатқан әскери шабуылдар аз уақытта мұсылман армиясының ауыр жеңілісімен аяқталды. Аңшылыққа, поэзия мен музыкаға өте құштар болған Язид көп уақытын осындай жиындарда өткізіп, басқаруды өзі өкілеттік берген әкімдеріне тапсырды. Ислам тарихында Язид кезеңі көбіне мұсылмандардың көңілін жылататын Кербела мен Харра сияқты жан түршігерлік оқиғалармен еске түседі (Кіліс, 2013: 513–514).

2.1. Халифалықтың салтанаттық басқаруға ауысуы және бұған қарсылықтар

Ислам тарихында маңызды оқиға ретінде саналатын халифалық басқарудың салтанаттық басқаруға ауысуы Мұғауияның, ұлы Язидті өзінен кейінгі тақ мұрагері етіп тағайындауымен басталды. Мұғауия елінің жарқын өмір сүруін сылтау етіп, өзі тірі кезінде халықтан ұлының атынан қолдау жинауға (байғат алуға) шешім қабылдайды. Осы шешімді жүзеге асырмас бұрын, ол Язидті маңызды міндеттерге тарту арқылы қоғам алдында баласының қалыптасқан жағымсыз бейнесін жоюға тырысты. Екінші жағынан, ол мұсылмандардың ішінен халифалық сайлау ісі қайтадан келіспеушілікке, мемлекеттің бөлінуіне және көп қан төгілуіне алып келеді деген негізсіз қауесеттерді халық арасында таратып, өз ойының ақылға қонымды екендігін негіздей бастады. Осы дайындықтардан кейін ұлын мұрагер ханзада ретінде күн тәртібіне шығарған Мұғауияның бұл бастамасы жалпы Шам аймақтарында құп қабылданды. Куфа мен Басра тұрғындары да әкімдердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде бұл бастамаға мойынсұнды. Халифаның шешіміне қарсы шыққан жалғыз аймақ – Хижаз аймағы болды.

Хижаздың қолдауына да ие болғысы келген Мұғауия, сахабалардың балаларын салтанаттық басқару мәселесінде өз пікіріне көндіру үшін Мәдинаға барды; сол жерде Хусейн б. Әли, Абдулла б. Омар, Абдуррахман б. Әбу Бәкір, Абдулла б. Аббас және Абдулла б. Зүбәйрмен оңаша кездесулер өткізді. Кездесу барысында сахаба ұлдары, егер бұл жүзеге асқан жағдайда кеңеске негізделген халифалықтың орнын салтанаттық басқару басатынын және мұның үмбеттің пайдасына болмайтындығын жеткізіп қарсылықтарын білдіреді. Бұдан соң Мұғауия, Хз. Айшамен кездесіп өз пікірін қолдауды сұрағанымен, ешқандай нәтиже ала алмайды.

Язидтің тақ мұрагері болуына сахабалардың балаларын көндіру әрекетін жалғастырған Мұғауия қажылық маусымында Меккеге барып, олармен қайтадан кездесті, бірақ нәтижеге жете алмады. Осыған қарамастан ол мешітте сөз сөйлеп, өзі сипаттаған «мұсылмандардың беделділері және ең жақсылары» деп атаған сахабалардың балалары Язидтің мұрагерлігіне келісіп, халықтан қолдау талап ететінін жариялады. Ол сөзін бастамас бұрын қарсылық танытатындардың «мойынын кесемін» деп қорқытқандықтан, ешкім қарсылық көрсете алмады. Осылайша күшпен болса да Хижаздан байғат алынып, Язидтің мұрагерлігіне ешбір кедергі болмады.

Биліктің мұрагерлік арқылы басқарылу идеясын дұрыс деп таппаған Хижаз халқы, халифа сайлауында кеңес (шура) арқылы тағайындау дәстүрінен бас тартып сахабалардың тәжірибесінен теріс айналуы деп таппады. Тіпті Абдулла б. Зүбәйр өзінің ырқына қарай көндіргісі келген Мұғауияға Әз. Пайғамбар (с.а.у.), Хз. Әбу Бәкір және Хз. Омардың тәжірибелерін есіне салып, оған солардың бірін таңдауға кеңес берді. Язидтің жеке басына қатысты жағымсыз пікірлерден басқа, аймақ тұрғындарының мұрагерлік басқару тәжірибесімен таныс болмауы да салтанаттық басқару жүйесіне қарсылық білдіруін күшейтті. Халифалық тек саяси ғана емес, сонымен бірге діни билікті де білдіретін болғандықтан, халифаны сайлау кеңестер мен төзімділікке негізделген болуы өте маңызды болды. Мұрагерлік биліктің құрылуы жағдайында бұл принциптерден бас тартқан болып есептеліп, бұған қарсылықтардың артуы негізгі себеп ретінде байқалды (Арак, 2022: 75–77).

2.2. Хз. Хусейн және Кербела оқиғасы

Язидтің тақ мұрагері болуы жөнінде сахаба балаларынан келісімін ала алмаған Мұғауия, ұлына өлім алдында мынадай өсиет еткен болатын: «...Саған қарсы пікір білдіретін тек мына төрт адамнан ғана қорқамын. Бұлар; Әлидің ұлы Хусейн, Омардың ұлы Абдулла, Зүбәйрдың ұлы Абдулла және Әбу Бәкірдің ұлы Абдуррахман. Омардың ұлы Абдулла - өзін ғибадат етуге арнаған адам. Егер одан басқа саған итағат етпеген ешкім қалмаса, ол саған мойнсұнады.

Әлидің ұлы Хусейн тез әсерленгіш адам, Ирак халқы оны қарсы шығуға үгіттемей отыра алмайды. Егер ол қарсы шыққанда сен жеңіске жетсең, оған жақсы қарым-қатынаста бол, өйткені ол Әз. Мұхаммедке (с.а.у.) өте жақын...» (Taberî, С 5, s. 322).

Мұғауия болжағандай, сахабалардың ұлдары алдыңғы басқару түрінен салтанаттыққа көшкен Язидке итағат етпеді. Мәдина қаласының әкімі Уалид б. Утба, Язидтің бұйрығымен оларды итағат етуге көндіру үшін әкімдік сарайына шақырту жіберді. Зүбәйр бұл шақыруға жауап бермей жасырын түрде Меккеге қарай жол тартады. Ал Хз. Хусейн болса әкімге келіп, көпшіліктің алдында жасалмаған билікке итағат етудің жеке-дара ешқандай мағынасы болмайтынын жеткізіп қайтып кетеді. Кейінірек бауыры Мұхаммед б. Ханафияны Мәдинада қалдырып, өзі отбасы мүшелерімен бірге Меккеге барады. Абдулла б. Омар мен Абдулла б. Аббас болса, қалада қалғандармен қосылып басшыға мойысұнды (Taberî, С 5, 338–343).

Язид бұлардың қолдауына (байғат алуға) ие болу мәселелерімен айналысып жатқанда, Куфа халқы Әлидің ұлы Хусейнге хаттар жіберіп, оны өз қалаларына шақырды. Куфа аймағы қашанда Хз. Әлидің ең үлкен қолдаушысы болды, бірақ кейінгі билік үшін күресте жеңіліп, орталық болу дәрежесін сақтап қала алмады. Осы себепті олар Әмәуилерге қарсы шығу үшін барлық мүмкіндікті пайдаланды. Олар Хусейнге жіберген хатында, егер ол Куфаға келер болса, халифа ретінде оған ант беріп, Язидке қарсы күресеміз деп уәде берді. Осы мәндегі шақырулар жиілей бастаған соң Муслим б. Акилды жіберген Хз. Хусейн, одан қаладағы жағдайды тексеріп хабарлауды өтінеді.

Муслим б. Акил қалаға барғанда оны жақсы күтіп алады және Мұхтар ас-Сакафидің үйінде жүргізілген құпия әрекеттер нәтижесінде Хз. Хусейннің атынан күресуге уәде бергендердің саны едәуір өскенін көреді. Осыдан кейін Муслим жағдайды Хз. Хусейнге бір хат негізінде жазып жібереді. Язид қаладағы бұл жағдайға немқұрайлы қарағанын естіп, әкімді қызметінен босатады. Орнына тағайындалған жаңа әкім Убайдулла б. Зияд, Ирак халқының халифаға қарсы әрекет жасауының түбі өте ауыр болатынын айтып қорқытқанда, қала халқы Куфа әкімшілігінің қатаң қадағалауына іліккен Муслимнің айналасынан алыстай бастайды.

Муслим б. Акил бұл қозғалысты жария түрде жүргізу керектігіне үндеу жасағанда, Хз. Хусейн жақтаушылары әкімдік сарайының алдына жинала бастады. Алайда, әкім тайпа көсемдеріне айтқызыған бәтуалы сөздері арқылы сондағы билікке наразы болған көпшілікті таратты. Сондай-ақ, қаланың барлық шығу жолдарын жауып, қашып кетуге тырысқан Муслимді ұстап бергендерге сыйақы ұсынды. Муслим жағдайдың күрделенген бет алысын Хз. Хусейнге хабарлауға мүмкіндігі болмай жатып өзі өмірмен қош айтысады (Taberî, С 5, 347–381).

Болып жатқан оқиғалардан бейхабар түрде жолға шығуға дайындалған Хз. Хусейн, Куфалықтарға сену керек еместігі жөнінде қаншама ескертулерге қарамай алған бетінен қайтпайды. Муслим б. Акилдың тағдыры жайлы қаралы хабарды жолда келе жатқанда біледі және кері қайтуды қалағандарға рұқсат бермей, Муслимның балалары әкесінің кегін алу жайлы табанды пікірде болғаны үшін әрмен қарай жол тартты. Хусейн жолда бара жатқанда Муслимның жағдайын нақтылап келу үшін жіберген Абдулла б. Бектурдың да қарсылас тарапынан өлім құшқанын хабар алады. Куфалықтардан үмітін үзген Хусейн, өзімен бірге Куфаға барудан бас тартатын серіктестерін өз жайына қалдырып, оларды түсіністікпен қарайтынын баяндайды. Нәтижесінде онымен бірге тек жақын туыстары ғана қалады.

Хз. Хусейн мен жанындағылар Кадисияда қонақтауға келген уақытында оларды бақылау арқылы Куфаға жеткізуге міндеттелген Хур б. Язидпен кездесті. Хз. Хур, Хусейнге зиян келтіруден сақтанып, әр істе орта ұстанымда болуға тырысты. Алайда Куфа әкімінің бұйрығымен ол, оларды сусыз қаңырап тұрған Кербела деген жерде қалуға мәжбүр етті.

Кербелада Хусейнмен күресу үшін жіберілген әскер басшылығында Омар б. Сағд б. Әбу Уаққас бар еді. Ол бұл жауапкершілікті мойнына алғысы келмегенімен, оны жақында тағайындалған Рай әкімдігінен босатамыз деп қорқытқан кезде оған келісімін берген болатын. Екі жақты қан төгілуін әсте қаламаған Омар б. Сағд, Хусейннің ұрыссыз қайтуға мүмкіндігі бар екендігі туралы хабарлайды. Хз. Хусейн, Язидке итағат етуден басқа амалы жоқ екенін айтқан әкімнің бұл өтінішінен бас тартады. Хз. Хусейннің шекаралас қалаларға барып күресу

немесе Язидтің өзімен кездесу талабы аймақ әкімі тарапынан қабылданбаған соң соғыстың болуы нақтылана түсті.

Екі тарап та хижри 61 жылы 10-шы Мухаррамда соғысқа дайындалды. Сонда Хз. Хусейн соңғы рет, Куфа тұрғындарының шақыртуы бойынша осында болғанын еске салғанымен, олар оны жоққа шығарды. Әмәуи жасағынан бөлініп, Хз. Хусейннің жағына шыққан Хур соғысты тоқтатуға қанша тырысқанымен оң нәтижеге жете алмады. Омар б. Сағд атқан алғашқы садақтың оғымен басталған шайқаста жақтастары Хз. Хусейнді қорғау үшін бар күшімен күрессе де, ұзақ уақыт бойы ешқандай қарсылық көрсете алмады. Хз. Хусейнге бағытталған шабуыл нәтижесінде айналасындағылардың бәрі шейіт болып, соңында Хз. Хусейн жалғыз қалады. Алғашында оны өлтіруге ешкімнің батылы бармады, бірақ соңында бір топ әскер бірігіп шабуылдады және Хз. Хусейнді шейіт етті. Соқтығысқаннан кейін Хусейннің шатырларына кіріп, заттарын тонаған Куфалықтар шейіттердің кесілген бастарын әкім Убайдулла б. Зиядқа апарды. Шәһидтердің мәйіттерін аймақта тұратын тайпа өкілдері жерледі (Yakubi, C. 2, s. 288–291; Belâzûri, C. 3, s. 395–426; Taberî, C. 5, s. 381–467).

Хз. Хусейннің өлтірілуінде өз өкінішін білдірген Язид, Кербеладан әкелінген Хз. Хусейннің отбасынан әйелі мен бала-шағасына материалдық көмек беріп, оларды Мәдинаға жібереді. Осыған қарамастан, Язид қайғылы оқиғаға жауапты аймақ әкімін еш жазаламады, керісінше оған арнайы өкілеттіктер беріп марапаттады.

Кербела оқиғасы ислам тарихындағы ең күрделі оқиғалардың бірі ретінде қарастырылады және бұл оқиғаның көңілге қаяу түсірер әсері бірнеше жылға созылды. Хз. Хусейннің шейіт болуы Әмәуи әулетінің мұсылман қоғамының алдында абыройының жоғалуына алып келгені сияқты, мемлекетке қарсы барлық түрдегі көтерілістер де үгіт-насихаттың негізіне айналды. Шын мәнінде, Хусейн шейіт болғаннан кейін Мәдинада толқулар күшейіп, халифаға қарсы шыққан Мәдина халқын бағындыра алмаған кезде қалаға жіберілген әскерлер көптеген мәдиналықтарды өлтіріп, қаланы тонады. Бұл азапты оқиға тарихта Харра оқиғасы деген атпен қалды. Екінші жағынан, халықтан қолдау табуға (байғат алуға) тырысқан Абдулла б. Зүбәйрдың тоғыз жыл бойы Әмәуи билігімен күресі кезінде Меккенің қоршауға алыну және Қағбаны өртеу сияқты кейбір өкінішті оқиғалар орын алды. Хз. Хусейнді жалғыз қалдырғанына өкінген Куфа халқының бастатқызын «Таууабун» қозғалысын Әмәуи билігі аяусыз түрде басты. Бұдан бөлек, Хусейннің кегін алу мақсатында қозғалыс жүргізген Мұхтар ас-Сақафи ішінара жетістікке жетсе де, мақсатына жете алмай сол жолда құрбан болды (Yakubi, C 2, s. 298-336).

2.3. Абдулла б. Зүбәйр оқиғасы және халифат үшін күрес

Абдулла б. Зүбәйр әшәр-и мұбашшарадан Зүбәйр б. Аууам мен Әбу Бәкір бинт Асманьң ұлы болды. Ол жастайынан әкесімен бірге қатысқан соғыстарда тәжірибе жинақтап, кейін Солтүстік Африкадағы жаулап алуларда айтарлықтай табыстарға жетті. Құранды көбейту үшін құрылған комиссия алқасына қатысты. Османьң шейіт болуынан соң шыққан оқиғаларда халифаны қорғауға тырысты. Халифа шейіт болғаннан кейін Хз. Әлиге қарсы шыққан оппозицияға қатысқан нағашы әпкесі Хз. Айшамен бірге соғысып, шайқаста ауыр жараланды.

Мұғауия б. Абу Суфиян ұлын тақ мұрагері ретінде сайлайтын кезде Абдулла б. Зүбәйр бұған қарсы шығып, Язид б. Мұғауияға серт беруден (байғат) бас тартты. Мәдинаның әкімі халифаны қолдауға көндіру үшін Абдулла б. Зүбәйрға кіріскен соң ол жақтастарымен бірге Меккеге аттанды. Абдулла б. Зүбәйр меккеліктердің қолдауымен өзіне қарсы жіберілген әскерлерге тойтарыс беріп, Кербелада Хусейн б. Әли шейіт болған соң өзі оппозицияның басшысы болды.

683 жылы Язид жіберген Хусейн б. Нумайрдың қол астындағы әскер Меккеге қарай жолға шыққанда әл-Харам мешітін қорғау үшін харижиттер, Мұхтар ас-Сақафи және кейбір қарулы жасақтар Меккеге келді. Осы мақсатта Хабаштанның Нажашисі Абдулла б. Зүбайрды қолдауға екі жүз адамдық әскери бөлімді жіберді. Бұл соғыстағы ең азапты оқиға екі жақтың ұзақ күресі кезінде Қағбадағы шыққан өрт болды. Хусейн б. Нумайр алпыс төрт күнге созылған қоршауды Язид б. Мұғауия кенеттен қайтыс болғаннан кейін ғана тоқтатты. Абдулла б. Зүбәйр осы өзгерістерден кейін Сириядан басқа барлық исламдық аймақтардан байғат алып,

өзінің халифалығын жариялады. Әкесінің орнына отырған Язидтің ұлы Мұғауия сириялықтардан ант алғанымен, ол халифалық орында ұзақ уақыт қалмай босайды, артынан өзі де қайтыс болды.

II. Мұғауия қайтыс болғаннан кейін билікте бастық пайда болды. Тіпті Дамашықта кейбір топтар өз араларында Абдулла б. Зүбәйрге байғат етуді талқылай бастады. Убайдулла б. Зиядтың күш-жігерімен Әмәуиұлдары Жабия қаласына жиналды және ұзақ талқылау нәтижесінде отбасының ең үлкені Маруан б. Хакимге серт берді. Осылайша халифалықтың тағы бір тармағы Әмәуиұлдарының ішінде Суфиянилерден Маруанилерге өтті.

Маруан б. Хакимнің алғашқы амалы Абдулла б. Зүбәйрге соғыс жариялаудан басталды. Хижазға жіберген әскері Абдулла б. Зүбәйрден жеңілсе де, халифа Ирак пен Мысырды қайтарып алды. Абдулла б. Зүбәйрдің Палестинаны алу үшін жіберген әскерінің сәтсіздікке ұшырауымен Сирия, Палестина және Мысыр Әмәуи әкімшілігінде; Хижаз және шығыс облыстары Абдулла б. Зүбәйрдің билігінде қалды.

Маруан б. Хаким қайтыс болған соң халифалыққа келген ұлы Абдулмалик б. Маруан бір жағынан Абдулла б. Зүбәйрмен, бір жағынан өз аймағындағы ішкі мәселелермен де айналысуға мәжбүр болды. Абдулла б. Зүбәйр Мекке қоршауында қолдау тапқанымен, кейін өзара мүдделерінде келіспеген харижилерді 686 жылы талқандады. Бұған қоса, Хз. Хусейннің кегін Әмәуилерден алу үшін жолға шыққаны айтылған Мұхтар әс-Сақафи де Қағбаның қоршауы кезінде Абдулла б. Зүбәйрді қолдады. Алайда кейіннен Абдулла б. Зүбәйрмен пікірлері келіспеген Мұхтар әс-Сақафи одан Басрадан тыс шығыс облыстарды қарамағына алды. 687 жылы Абдулла б. Зүбәйр ағасы Мұсабтың қолбасшылығында жіберген әскерімен Мұхтар әс-Сақадиді жеңіп, бұл аймаққа қайтадан үстемдік жүргізді.

Әмәуи мемлекетінің екінші негізін қалаушы Әбдулмәлік б. Маруан өзінің жорықтарында Мұсабқа қарсы едәуір жетістіктерге жетіп, Хижаздан тыс басқа да аймақта үстемдік құрды. Оның тапсырмасымен жіберілген Хажжаж б. Юсуф әс-Сақадидің басқаруындағы әскер екінші рет Меккені қоршауға алып, қажылық маусымы болса да, катапультаармен қалаға тастар жаудырды. Алты айдан астам қоршаудан кейін қаладағы азық-түлік толығымен таусылып, аштық басталды. Қолайсыз жағдайлар адам төзгісіз мөлшерге жеткенде Абдулла б. Зүбәйрдің жақтастары да азайды. Ақырында Меккеден кеткен Абдулла б. Зүбәйр 692 жылы өлтірілді.

3. Бірқатар территорияның алынуы мен Ислам географиясының кеңеюі

Хз. Осман халифалығының соңғы жылдарында және Хз. Әли дәуіріндегі ішкі қайшылықтардың салдарынан тоқырап қалған ислам шекарасын ұлғайту әрекеттері Мұғауияның саяси тұрақтылығымен тағы да қарқын алды. Анадолы мен Армения, Хорасан мен Синд, Солтүстік Африка және Андалусия сияқты үш тарапта басталған мұсылмандардың шекарасы Әмәуи мемлекетінің тұсында батыста Атлант мұхитынан шығыста Үнді мұхитына дейін созылып, одан әрі кеңейді. Солтүстікте Кавказ, оңтүстігінде Солтүстік Африкаға жетті. Жаулап алулармен кең географияға тараған Ислам дінін көпшілік қабылдаса, мұсылман болуды қабылдамағандар жизия төлеу шартымен өз діндерін еркін ұстануына мүмкіндік алды.

4. Омар б. Абдулазиз кезеңі және Исламның қысқа уақыт ішінде таралуы

Омар б. Абдулазиз жиырма бес жасында бастаған Мәдинадағы әкімдік қызметін жеті жыл бойы жалғастырды. Ол Сүлеймен б. Абдулмаликтің өсиет етуімен 717 жылы халифа болып сайланады. Әкімдік қызметі кезіндегі мемлекеттік істерді кеңес арқылы жүргізу дәстүрін, екі жарым жылға жуық созылған халифалық кезінде де жалғастырды. Мемлекеттік істерге қатысты шешімдер Құран мен сүннетті жақсы білетін ғалымдардан құралған кеңес жиналыстарына қатысушылардың келісімімен қабылданды (Ibn Sa'd, C 7, s. 328).

Омар б. Абдулазидің басқару кезіндегі алғашқы әрекеті Стамбұлды қоршауға алған Маслама б. Абдулмаликтің әскерін кері қайтару болды. Мәуреннахрға қарсы әскери жорықтар тоқтатылып, шекараларық аймақтардың қорғалуы мақсатында тек Византияға қарсы жазғы және қысқы жорықтар ғана жүргізіліп отырды. Оның халифалығы кезінде Әзірбайжан мен Арменияға шабуыл жасаған Хазарлар Ислам күштері тарапынан жеңіліске ұшырады және Андалусиядағы ислам әскерлері Пиренейден өтіп, Оңтүстік Францияға қарай жылжыды (Муталиев, Темирханов Сауырқан, 2025: 86-101). Омар б. Абдулазиз ислам дінін көбіне

шақыру хаттарын жолдау мен арнайы делегациялар жіберу арқылы жаюды көздеді. Мұсылман болғандарға қатысты салық салынбайды деген хабарламадан кейін Берберлердің едәуір бөлігі, Хорасан мен Египет тұрғындарының көпшілігі және кейбір үнді билеушілері мұсылмандықты қабылдады.

Омар б. Абдулазиз өзінің халифалығы кезінде әлеуметтік бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін халықты қанап, әділетсіздікке жол беретін әкімдер мен шенеуніктерді қызметінен босатты. Сондай-ақ қызметке тағайындау кезінде руластарынан гөрі басқарушылардың қадір-қасиеті мен биліктіліктеріне аса мән берді және оның бұл бастамасы көптеген халықтардың исламға келуіне әсер етті (İbn Sa'd, C 7, s. 335-375; İbn Kesîr, C 12, s. 657-659).

Ел ішіндегі халықтың бейбіт өмір сүруіне аса мән берген Омар б. Абдулазиз, билікке қарсы топтарды өз ықпалына көндіру саясатын ұстану арқылы келіссөздер әдісін жүргізді. Егер де тікелей қарсы шығуға кіріспей, тек халық арасында тәртіпсіздік туындатып жатса, олармен әртүрлі пікірдегі және діни топтарға төзімділікпен қараған әрі әкімдерінен де осы жолды таңдауын талап еткен-ді. Бірінші Әмәуи халифасы Мұғауия кезеңінен бері жалғасып келе жатқан жұма уағыздарындағы Әмәуи халифаларының мақталуы және Хз. Әлиге тіл тигізу әдетін жойып, орнына: нахыл сүресінің *«Шүбәсіз, Алла әділдікті, жақсылық жасауды және жақын туысына көмектесуді бұйырады. Сондай-ақ жаман істер мен қатыгездікке тыйым салады. Ол сіздерге ойлануға және соны ұстануға кеңес береді»* деген аятын оқуды бұйырды (Mes'ûdî, C 3, s. 184-191).

Омар б. Абдулазиздің халифалық уақыты қысқа болғанымен, ол мемлекеттің барлық аймағында дерлік бейбітшілік, тұрақтылық және жалпы сенім атмосферасын орната алды. Сауда-саттықпен айналысатындардан бөлек барлығының әл-ауқатын көтеру мақсатында оларға жалақы төлеуді жолға қойды. Ел қазынасына келген кірістердің бір бөлігі тұтқындарды құтқаруға және борышкерлерге көмек ретінде құрылған қорларға аударылып отырды (Yiğit, 2007: 54). Жүргізілген әлеуметтік саясаттан басқа, сүннеттен бет бұрып бидғат пен жалған сенімдердің тарала бастағанын көріп, хадистерді жинақтау ісін қолға ала бастады. Омар б. Абдулазиз 720 жылы қайтыс болып, Алеппо маңындағы Дейру Симанға жерленді (İbn Sa'd, C 7, s. 395).

5. Әмәуи кезеңіндегі басқа да маңызды оқиғалар

Әмәуи билігі бірнеше саяси бастамаларын іске асырған кезде сол дәуірдегі ғалымдар тарапынан сынға ұшырады. Ғұламалар дінге қайшы келетін билік шешімдеріне қарсы үнсіз қалмай, өз пікірлерін айту үшін үнемі әрекет етті — кейде ауызша, кейде көтерілістерге қатысу арқылы. Мысалы, Хужр б. Адидің жұма күні Хз. Әлиді хұтбада жамандағаны үшін қарсы шыққанда өлім жазасына кесілуі діни тұрғыдан дұрыс еместігін ғалымдар айтып, билікке ескерту жасаған болатын. Қажет болған жағдайда ғұламалар белгілі топтармен бірігіп, билік саясатына қарсы шыққан Ибн аль-Ашастың көтерілісіне қатысты. Әһлі Бәйт мүшелері мен билік арасындағы қайшылықтарда олар көбіне Әһлі Бәйт жағында болды. Сол себепті Куфадағы билікке қарсы Зайд б. Әлидің әрекеттерінің басында, соның ішінде Әбу Ханифа сияқты белгілі ғалымдар да қолдау көрсетті (Özkan, 2008: 94–107).

Әмәуилерге қарсы тек Хз. Әлидің жақтаушылары ғана емес, Сыффин шайқасынан кейін пайда болған харижиттер де үнемі билікке қарсы тұрған топтардың бірі болды. Әмәуи билігін қиын жағдайға қондырған тағы бір себеп – тайпалық (асабия) түсінігіне негізделген тәжірибелер еді. Асабияның маңызы соншалықты, ол билік ауысқанға дейін саяси процестерге өз әсерін тигізіп отырды. Сонымен қатар, Әмәуилер билігі арабтардың үстемдігіне сүйенгендіктен, мауали санатындағы халық топтары тарапынан да наразылыққа және сынға ұшырады.

5.1. Мауали

Құқықтық термин ретінде «азат етілген құл» мағынасын білдіретін «Мәула» сөзінің көпшесі «Мауали» термині ислам тарихында ұлты араб емес мұсылмандарды сипаттау үшін қолданылған. Өз. Пайғамбар мен Хулафа-и Рашидин дәуірінде мауалилер араб мұсылмандарымен тең құқыққа ие болып, өзара бөлінушілікке әкелетін қиындықтарға тап болмаған. Алайда Мұғауияның билікке келуімен басталған Әмәуи мемлекетінің мауалилерге

көзқарасы өзгеше болды. Ислам шекарасына енген жаңа аймақтардың араб емес тайпалары араб мұсылмандарға берілген құқықтар мен мүмкіндіктерден айырылды. Мауалилер әскери қызметте көбінесе жаяу әскер ретінде қолданылып, байлыққа қатысудан шеттетілді және олжадан аз ғана пайда көрді. Дегенмен, бұл топ еркін ой саласында маңызды рөл атқарды. Мауалилер арасынан шыққан белгілі ғалымдар Мекке, Йемен, Египет, Сирия, Алжир және Хорасан сияқты орталықтарда білімін жетілдіріп, өз әсерін ислам әлемінде кеңінен көрсетті (Аудіні, 2003: 1–7).

Алғашқы ислам жорықтары кезінде мауалилер мұсылмандықты қабылдады. Шығыста ирандықтар мен түркілер, Солтүстік Африка мен Андалусиядағы Берберлер, Египеттегі Қыптилер сияқты топтардан құралған мауалилер Әмәуи кезеңінде екінші санатқа жатқызылды. Бұл арабтар мен мауалилер арасындағы бөлінушілікті уақыт өте ұлғайтып, әлеуметтік-саяси шиеленістерді күшейтті.

Әмәуилердің мұсылман болғандар арасында жүргізген бірқатар қолайсыз бастамалары мауалилердің билікке тікелей қарсылық көрсетуіне әсер етті. Абдулмалик б. Маруан кезеңінен бастап жаңа бастамалардың енгізілуімен жизия мен алым кірістері азайғанын көрген Ирак әкімі Хажжж, Исламды қабылдаған адамдардан алынбауы тиіс жизия салығын мауалилерден алу арқылы өтемақы тапты. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында мауалилерге қалаларға кіруге тыйым салынып, қалада тұратын мауалилерді ауылдар мен кенттерге қоныстануға мәжбүр етті.

Мауалилерге қарсы жүргізілген бұл бөлектеу саясаты Омар б. Абдулазиз кезеңіне дейін жалғасты. Халифа Омар б. Абдулазиз нәсілі араб емес мұсылмандарға салық салуға тыйым салғанымен, оның қайтыс болуынан кейін ескі тәжірибеге қайта оралып, салықтар қайтадан алынған.

Әмәуи билеушілерінің араб емес ұлттарға деген көзқарасының арқасында мауали топтар, мемлекетке қарсы көтерілістердің ерікті қатысушыларына айналды. Олар өзін мауалидің қамқоршысы деп жариялаған Мұхтар ас-Сақафидің әскеріне қатысып, Қуфадағы әкімшілік билікке қарсы шыққан адамдармен бірге әрекет етті. Кейінірек Басрада Әмәуи билігіне қарсы шыққан Абдулла б. Жарудты қолдаған мауалилер, Ибнул Ашас бастаған қозғалысқа да жүз мыңға жуық адаммен көмек көрсетті. Арабтармен тең құқықты болғысы келген бұл бастамалардан басқа, мауалилер тікелей билікке қарсы қозғалыс жасауға да талпынды. Сондай-ақ, Хишам б. Абдулмалик кезінде Соғдықтар, мұсылман бола тұра мұсылман еместер сияқты өздерінен жизия салығының алынуына байланысты көтеріліс бастады.

